



20

«Астана» халықаралық қаржы
орталығының қызметі туралы

23

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП



| | |
|---|-----------|
| СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП | 3 |
| 2023 жылғы негізгі көрсеткіштер | 3 |
| АХҚО туралы қысқаша мәлімет | 4 |
| Кіріспе сөз | 12 |
| Бар назарды жаулаған Астана | 14 |
| Инвестициялық климат | 15 |
| Нарықтық трендтер және олар біз үшін нені білдіреді | 22 |
| Біздің пайымымыз, миссия және стратегия | 26 |
| ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ РЕТТЕУ РЕЖИМІ | 28 |
| АХҚО соты және Халықаралық төрелік орталығы | 30 |
| АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті | 34 |
| САУДА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ | 40 |
| АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ | 50 |
| АХҚО ӨНІМДЕРІ | 58 |
| Қорларды басқару | 58 |
| Жасыл қаржы орталығы | 60 |
| Исламдық қаржыландыру | 66 |
| Финтех және инновациялар | 68 |
| КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ | 70 |
| Ұйымдық құрылым | 70 |
| Тәуекел-менеджменті және ішкі аудит | 72 |
| Этикалық мәдениет | 72 |
| АХҚО КЕШЕНІ | 74 |
| АХҚО БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ | 74 |
| ГЛОССАРИЙ | 75 |

2023 жылғы негізгі көрсеткіштер

АХҚО-ның тіркелген қатысушылары

2 395

2023: +657

АХҚО соты мен ХТО шешім шығарған істер

2 400

2023: +755

GFCI'34 жаһандық рейтингіндегі Астананың орны

#60

2023: +6 позиция

АХҚО биржасы (AIX) арқылы тартылған капитал

\$4,6 млрд

2023: +2 млрд. АҚШ долл.

AIX-тегі сауда-саттық көлемі

\$582 млн

2023: 2022 жылмен салыстырғанда өсім 3,4 есе

AIX-тегі бөлшек инвесторлардың шоттары

1,5 млн+

2023: +1 млн

АХҚО арқылы тартылған инвестициялар

\$10,9 млрд

2023: +3 млрд. АҚШ долл.

АХҚО қатысушылары төлеген салық

₸85,2 млрд

2023: +37 млрд теңге

АХҚО қатысушылары құрған жергілікті жұмыс орындары

7 330

2023: +780

АХҚО туралы қысқаша мәлімет

АХҚО – Орталық Азия мен Шығыс Еуропадағы жетекші қаржы орталығы

2018 жылы құрылған «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО немесе Орталық) – Орталық Азия және Шығыс Еуропа өңіріндегі жетекші қаржылық хаб, ол тәуелсіз юрисдикцияны, қолайлы құқықтық және реттеуші ортаны, сондай-ақ дамыған қаржылық инфрақұрылымды ұсынады және инновациялар мен сараптамаға баса назар аудартады.

Жалпы құқық қағидаттарына негізделген юрисдикция

АХҚО Англия мен Уэльс құқығының қағидаттарына, заңнамасына және прецеденттеріне, сондай-ақ жетекші әлемдік қаржы орталықтарының стандарттарына негізделген ерекше құқықтық режимді ұстана отырып, инвесторлар үшін қауіпсіз ортаны қамтамасыз етеді.



Халықаралық деңгейде танылған реттеуші

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетінің (АХҚО комитеті, AFSA) қызметі IOSCO, IAIS және Базель комитетінің қабылданған стандарттарына сай келеді, бұл клиенттердің мүддесі үшін АХҚО аумағында қаржылық қызметтер көрсету жауапты, сенімді және адал жолмен жүргізілетінін білдіреді.



Тәуелсіз сот жүйесі

АХҚО-да азаматтық және коммерциялық дауларды шешу үшін Англия мен Уэльс судьялары қатысатын тәуелсіз сот жүйесі әрекет етеді. Көптеген шетелдік инвесторлар өз мүддесін сәтті қорғау үшін АХҚО сотына және Халықаралық төрелік орталығына (ХТО) жүгінеді.



Орталық Азиядағы интеграцияланған капитал нарығы

Шанхай қор биржасы, Жібек Жолы қоры және NASDAQ (AIX-ке сауда платформасын ұсынады) негізгі акционерлері саналатын AIX биржасы инвесторлар мен бизнеске инновациялық қызметтер мен өнімдердің кең ауқымын ұсынады.




Клиенттерге арналған өнімдер мен қызметтердің кең спектрі

АХҚО – инновацияларға баса назар аудара отырып, баламалы қаржыландыруды ұсынатын, өңірде аналогы жоқ озық платформа, сондай-ақ қаржы нарығында ұсынатын өнімдері мен қызметтері тұрғысынан берік көшбасшылық позицияны иеленеді.



Орталық Азия елдеріне және анағұрлым ауқымды өңірге қолжетімділік

Өзінің стратегиялық орналасуының арқасында АХҚО 134 миллион халқы бар және жиынтық ЖІӨ-сі 723,3 млрд АҚШ долл. құрайтын Орталық Азия мен ТМД-ның өсіп келе жатқан нарықтарына қызмет көрсету үшін тартымды инвестициялық ортаны қамтамасыз етеді.



Ресей

Қазақстан



Астана
GFCI'34 жаһандық
рейтингінде Астана
60-шы орында

Моңғолия

Грузия

Армения

Әзірбайжан

Өзбекстан

Қырғызстан

Тәжікстан

Қытай

Инвестициялар тартуға жәрдемдесу

АХҚО Англия мен Уэльс құқығының қағидаттары, нормалары мен прецеденттеріне, сондай-ақ әлемнің жетекші қаржы орталықтарының жоғары стандарттарына негізделген озық құқықтық және реттеуші ортаны ұсынады.

2023 жылдың соңындағы жағдай
бойынша АХҚО алаңы арқылы
Қазақстан экономикасына

\$10,9 млрд

инвестиция тартылды

АХҚО қатысушылары

₸85,2 млрд

салық төледі

GFCI'34 жаһандық рейтингінде Астана

60-шы орында

(2018 жылы 88-ші орын)

Капитал нарығын дамыту

АХҚО – бизнесті жаһандық нарықтармен байланыстыратын және әртүрлі көздерден қаржыландыруға қолжетімділікті қамтамасыз ететін қаржылық және инвестициялық хаб.

АIX биржасы бизнес пен инвесторлардың сұраныстарына сай келетін озық шешімдер мен өнімдерді ұсына отырып, Орталық Азия өңірінде және одан тыс жерлерде сенімді әрі өтімді капитал нарығын дамытуға ықпал етеді.

2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша
АІХ арқылы тартылған капитал

\$4,6 млрд

1,5 млн+

АІХ-тегі бөлшек шоттар

\$582 млн+

АІХ-тегі сауда-саттық көлемі
(2022 жылмен салыстырғанда 3,4 есе өсім)

Клиенттерге өнімдер мен қызметтердің кең спектрін ұсыну

АХҚО әртүрлі бизнесті жүргізу үшін айтарлықтай өсу әлеуеті бар бірегей орта мен экожүйені, сондай-ақ үздік әлемдік стандарттар мен практикаларға негізделген, баламалы қаржыландыруға арналған өңірде аналогы жоқ озық платформаны қамтамасыз етеді.

2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша
АХҚО-да тіркелген қатысушылар саны

2 395

қатысушысы

718

қаржылық компания

Басқарылатын активтер

\$1 млрд

2022 жылмен салыстырғанда 170%-ға көп

Кіріспе сөз

2023 жыл АХҚО үшін елеулі жетістіктердің кезекті жылы болды. Біз орталықты: инвестициялар үшін қолайлы орта құру, капитал нарықтарын дамыту және клиенттер үшін өнімдер мен қызметтер спектрін кеңейту үш стратегиялық бағыт бойынша одан әрі дамытуға күш салдық. Біз үшін осы басым міндеттер Қазақстанның экономикалық өсуі мен өркендеуіне жәрдемдесуде.



Инвестициялар үшін орта құру

Өткен жылы АХҚО Қазақстанға инвестицияларды белсенді тартуға жәрдемдесу бойынша өзінің негізгі міндетін орындауды жалғастырды. Ол үшін біз өзіміздің реттеуші және құқықтық жүйемізді жетілдірдік, қаржы нарығындағы, мысалы, цифрлық активтер нарығындағы соңғы трендтерге сәйкес келетін жаңа бастамаларды енгіздік. Біз сондай-ақ әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына негізделген бірегей құқықтық режимімізді Қазақстанның қаржы жүйесіне белсенді түрде енгізу жұмысын жалғастырдық.

Англия мен Уэльстің жалпы құқығының қағидаттары мен нормалары негізінде жұмыс істейтін АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығы (ХТО) аз ғана уақыттың ішінде халықаралық стандарттардың сақталуына және инвесторлардың заңды құқықтарының қорғалуына кепілдік беретін Орталық Азиядағы дауларды шешудің жетекші халықаралық институттары ретінде сенімге ие болды. 2023 жылы бұл институттар 755 істі қарады – бұл рекордтық көрсеткіш.

АХҚО-ның реттеушілік артықшылығы – танылған халықаралық стандарттарды және Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті (AFSA) мен қаржы қызметтерін реттеудің жаһандық органдары арасында құрылған әріптестік қатынастарды сақтаудан көрініс табады. Біздің реттеу саласындағы жетістіктеріміз Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымының (IOSCO), ал

АЖ/ТҚҚ саласындағы нәтижелеріміз – Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топтың (EAT) ықыласына бөлінді. Бұл жетістіктер инвесторлардың біздің реттеу жүйемізге деген сенімін тағы да нығайтты.

Сонымен бірге АХҚО-ның құқықтық режиміне деген сенім көлік, логистика, жаңартылатын энергия көздері және ақпараттық технологиялар сияқты экономика салаларында Қазақстан Үкіметі мен квазимемлекеттік сектор құрылымдаған ірі инвестициялық мәмілелердің жасалуымен айғақталады. Орта дәлізді дамыту аясында Орталық юрисдикциясында Caspian Integrated Maritime Solutions сияқты бірлескен кәсіпорындар, сондай-ақ «Қазақстан темір жолы» ұлттық операторының шетелдік компаниялармен серіктестіктері құрылды. Жекелеген серіктестіктер ЖЭК саласында да жасалды, бұл да біздің орнықты даму мен экономикалық өсуге деген бейілдігімізді көрсетеді.

Біз Қазақстан инвестициялық ахуалы тартымды ел болуы үшін жұмысты істеуді жалғастырамыз. 2023 жылы бізге 657 компания қосылды, бұл Орталық үшін рекордтық көрсеткіш. Жыл соңында біздің экожүйеде әлемнің 78 елінен 2400-ге жуық қатысушы тіркелді. Жоспарланған көрсеткіштерден асып түсіп, біз елге шамамен 11 млрд АҚШ доллары көлемінде инвестицияларды мерзімінен бұрын тарттық. Біздің қатысушылар 2023 жылдың соңына қарай 85 млрд теңгеден астам салық төлеп, республикалық бюджетке қомақты үлес қосты, бұл АХҚО-ның

Қазақстанның экономикалық өсуі мен дамуына жәрдемдесудегі маңызды рөлін атап көрсетеді.

Бұл бірлескен күш-жігер Астанаға Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңіріндегі жетекші қаржы орталығы позициясын сақтап қалуға мүмкіндік беріп, қаржы орталықтарының жаһандық индексіне 60-шы орынға жайғастырды.

Капитал нарықтарын дамыту

Қызметіміздің екінші маңызды бағыты – капитал нарықтарын дамыту. Біз жергілікті және шетелдік инвесторларды Astana International Exchange (AIX) биржасына тарту арқылы инвесторлық базамызды кеңейтуге тырысамыз. 2023 жылы айтарлықтай нәтижелерге қол жеткіздік, атап айтқанда бөлшек инвесторлар саны, сауда-саттық көлемі және тартылған борыштық капитал мөлшері елеулі өсті.

2023 жылдың айтулы жобасы ретінде АХҚО юрисдикциясында Polymetal International компаниясының редоминцияциясын атауға болады, нәтижесінде бірқатар ірі жаһандық кастодиандар, банктер мен инвесторлар қоса келді, қаржы орталығына деген сенім тағы да нығая түсті.

AIX-тегі сауда-саттықтың жалпы көлемі 3,4 есеге артып, 582 млн. АҚШ долларын құрады, ал AIX-те тартылған қарыз капиталы 2 млрд АҚШ долларынан асты (өткен жылмен салыстырғанда өсім 262%).

Біздің бөлшек инвесторларға бағдарланған, инвестицияларға

арналған TABYS қосымшамыз белсенді инвесторлар санының айтарлықтай өсуіне ықпал етті. Мәселен, TABYS-тағы инвестициялар мен сауда көлемі 45 600 шотты және инвестициялардың жалпы сомасы 4,2 млн АҚШ долларын құрап, тарихи максимумға жетті.

AIX-те SPO арқылы жалпы соманың шамамен 18%-ын тартқан KEGOC сияқты ірі ұлттық компанияларды жария орналастыруға жәрдемдесу біздің әліміздің капитал нарықтарын одан әрі дамытуға деген бейілдігімізді көрсетеді. AIX-те мақұлданған өтінімдердің жартысынан көбі TABYS және жергілікті банктердің мобильді қосымшалары арқылы өткенін атап айта кету керек, бұл қаржылық транзакциялар саласындағы цифрландырудың ұлғайып келе жатқанын көрсетеді.

2023 жылы AIX олардың өсуі мен дамуын қолдау мақсатында жергілікті бизнес үшін өтімділікті басқару бағдарламасын және ШОБ үшін арнайы әзірленген жаңа борыштық өнімді ұсынды. Бұл құрал капитал нарығындағы өтімділікті арттыруға және инвесторлар үшін қолжетімді құралдар спектрін кеңейтуге деген ұмтылысымызды көрсетеді.

Алдағы уақытта биржаның назары эмитенттер санын көбейту, жаңа өнімдерді енгізу және өсу мен инновацияларға жәрдемдесуді көздейтін бастамаларды іске асыру есебінен бизнесті дамытуға бағытталатын болады.

Өнімдер мен қызметтердің ауқымын кеңейту

Клиентке бағдарлану, тиімділік, транспаренттілік және инновациялар – АХҚО қызметінің негізгі факторлары, осылардың арқасында 2023 жылы біз, әсіресе АХҚО экожүйесі аясында өнімдерімізді әртарапандыруда елеулі нәтижелерге қол жеткіздік.

Экологиялық таза энергия көздеріне көшуге жәрдемдесу Қазақстанның орнықты қаржыландыруды дамыту бағдарламасындағы басты басымдық саналады. Қазіргі уақытта бұл нарық 558 млн АҚШ долларына бағалануда, бұл ретте жасыл облигациялар мен несиелер осы соманың 75%-ын құрайды. АХҚО Жасыл қаржы орталығының (ЖҚО) осы нарықты дамытуға және кеңейтуге, оның ішінде қажетті реттеуші және құқықтық актілерін әзірлеуге және қабылдауға қосқан елеулі үлесін атап өткім келеді.

ЖҚО – Орталық Азиядағы Climate Bonds Initiative (CBI) аккредиттеген, сондай-ақ Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығы (ICMA) бағалы қағаздарды орнықтылыққа сәйкестігіне сыртқы бағалаушы ретінде таныған жалғыз ұйым. Бұл мойындаулар қаржы құралдарының орнықтылық қағидаттарына сәйкестігін верификациялау ісіндегі ЖҚО-ның көшбасшылығын нығайтты. 2023 жылы ЖҚО Қазақстандағы жасыл облигациялар мен кредиттердің бүкіл көлемінің 67%-ын верификациялады.

2023 жылы ЖҚО новаторлық қаржы құралдарын, соның ішінде CBI сертификаттаған Орталық Азиядағы алғашқы жасыл облигацияларды ұсынды. Сондай-ақ, Орталық әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге және гендерлік теңсіздікті қысқартуға бағытталған гендерлік облигациялар арқылы әлеуметтік қағаздарды шығаруға қолдау көрсетті.

Біздің орнықты қаржыландыру саласындағы тәжірибеміз тек Қазақстанда ғана сұранысқа ие емес – біз Қырғызстан мен Өзбекстанда алғашқы жасыл облигацияларды шығаруға жәрдемдестік, бұл бүкіл Орталық Азия өңірінде орнықты қаржыландыру нарығының дамуына ықпалдың артып келе жатқан білдіреді.

АХҚО сондай-ақ өзінің қаржылық инфрақұрылымын дамыта отырып, қаржы компаниялары мен исламдық бағалы қағаздар эмитенттерін тарта отырып, исламдық қаржы институттары мен инвесторлардың қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасауға ұмтылады. Бұл күш-жігер инвестицияларды тартуға және еліміздің экономикасының нақты секторының өсуіне ықпал ететіні сөзсіз.

Инновацияларға жәрдемдесу – АХҚО дамуының негізгі бағыты және біз финтех-экожүйеміз және финтех-стартаптарға арналған реттеуші құм алаңымыз арқылы озық болуға тырысамыз. Криптовиржалардың коммерциялық банктермен өзара іс-қимылы жөніндегі 2023 жылы аяқталған пилоттық жобаның қорытындысы бойынша біз АХҚО криптобиржалары мен қазақстандық ЕДБ арасындағы ынтымақтастықтың тиімді тетіктерін құра алдық. Біз жобаға қатысушылардың жоғары ынтасын байқадық – транзакциялар көлемі рекордтық 240 млн. АҚШ долл. жетті. Бұл нәтиже еліміздің қаржы реттеушілерінің нарық қатысушыларымен тығыз ынтымақтаса

отырып, жаңа реттеуші базаны табысты әзірлеуіне және кейіннен қабылдауына ықпал етті.

АХҚО Binance, BitFinex және Bitfury сияқты ірі ойыншылар, сондай-ақ Bybit және BigOne сияқты лицензияланған платформалар қатысатын блокчейн-технологиялар орталығына айналды.

Болашаққа жоспарлар

2024 жылы біз келесі үш бағытқа назарымызды шоғырландыру міндетін қойып отырмыз, олар: активтерді басқару нарығын дамыту, цифрлық активтер нарығын дамыту және қор нарығының өтімділігін арттыру. Сонымен қатар жергілікті бизнесті дамыту үшін жеке портфельдік капиталды, тікелей инвестицияларды тарту да біздің назарымыздан тыс қалайды. АХҚО аясында қаржылық қызметтер көрсететін компаниялардың, атап айтқанда активтер мен қорларды басқару жөніндегі компаниялардың санын ұлғайтуға ерекше назар аударылатын болады.

AIX құрылған сәтте қолға алынғандай, АХҚО жаңа нарықтар мен өнімдер жасауды жалғастырады. Көміртегі бірліктерінің саудасы – нөлдік шығарындылар бағытындағы жаһандық жолдың ажырамас бөлігі, сондықтан біз Қазақстанда шығарындылар саудасын одан әрі дамыту тұжырымдамасын әзірлеу бойынша әртүрлі мемлекеттік мекемелермен жұмысымызды жалғастырамыз.

Бұдан басқа біз әртүрлі салаларда білім беру қызметтерін ұсынатын АХҚО-ның A-Pro академиясының жұмысын жандандыру арқылы адами капиталды дамытуға инвестиция саламыз. Кадрлық әлеуетті арттыру АХҚО мен индустриялардың ғана емес, тұтастай алғанда бүкіл өңірдің табысқа жетуінің өзегі болатынына сенімдіміз.

Ренат Бектұров

«Астана» халықаралық қаржы орталығының Басқарушысы

Бар назарды жаулаған Астана

Қаржы орталықтарының жаһандық индексі – әлемдегі жетекші қаржы орталықтарының бәсекеге қабілеттілігінің ең беделді рейтингі. Индекс бизнес-орта, қаржы секторының дамуы, инфрақұрылым, адами капитал, бедел және жалпы факторлар сияқты өлшемшарттарға негізделген.















Астана алғаш рет 2018 жылы, АХҚО қызметі ресми іске қосылған сәттен бастап рейтингке енгізілді. GFCI-дың 2023 жылғы қыркүйектегі есебіне сәйкес Астана Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңірінде көшбасшы орынды сақтап қалды. Жаһандық деңгейде Астана 121-ден 60-шы орынға ие болып, 2018 жылғы бастапқы рейтингпен (88-ші орын) салыстырғанда өз позициясын айтарлықтай жақсартты.

Бұл нәтижелер АХҚО-ның қаржы орталығы ретінде халықаралық танылуға қол жеткізу жөніндегі стратегиясына сәйкес келеді, сондай-ақ ел деңгейінде жалпы қаржылық хабардарлықтың артқанын көрсетеді.

Шығыс Еуропа және Орталық Азия қаржы орталықтарының GFCI'34-тегі рейтингі (қыркүйек 2023 ж.)




The Global Financial Centres
Index 34

| Орталық | Ел | Рейтинг |
|-----------------|--|---------|
| Астана |  Қазақстан | 60 |
| Прага |  Чех Республикасы | 79 |
| Таллин |  Эстония | 87 |
| Рига |  Латвия | 89 |
| Варшава |  Польша | 92 |
| Кипр |  Кипр | 93 |
| Афина |  Грекия | 96 |
| Вильнюс |  Литва | 97 |
| София |  Болгария | 101 |
| Будапешт |  Венгрия | 107 |
| Алматы |  Қазақстан | 109 |
| Стамбул |  Түркия | 110 |
| Братислава |  Словакия | 112 |
| Мәскеу |  Ресей | 114 |
| Баку |  Әзірбайжан | 116 |
| Санкт-Петербург |  Ресей | 118 |



АХҚО-ның жаһандық танылуы



АХҚО мен Астана қаласы қаржылық, кәсіби қызметтер мен инвестициялық мүмкіндіктерге қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, жаһандық инвесторлар үшін бірыңғай терезе ретінде, сондай-ақ өңір бизнесіне халықаралық нарықтарға шығуға арналған көпір ретінде қызмет етеді.

Әлемдік стандарттарға сәйкестік

АХҚО салықтық ашықтық, сондай-ақ ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес саласындағы әлемдік стандарттарға бейілдік танытады.



2023 жылғы шілдеде АХҚО Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топтың (ЕАТ) АЖ/ТҚҚ халықаралық стандарттарына сәйкестігіне бағалаудан өтті.



2022 жылғы шілдеде АХҚО-ның Экономикалық даму және ынтымақтастық ұйымының салықтық ашықтығының жаһандық стандарттарына сәйкестігі расталды.



АХҚО 2018 жылы Халықаралық қаржы орталықтарының дүниежүзілік альянсына құрылтайшы-мүше ретінде қосылды. Әлемнің 19 жетекші қаржы орталығынан тұратын жаһандық ұйым өзара ынтымақтастық пен озық тәжірибе алмасуға ықпал етеді.

Инвестициялық климат

Орталық Азияның қақ ортасында орналасқан Қазақстан әлемнің инвестициялық картасында жетекші ойыншыға айналды. Еліміз халықаралық деңгейде өз позициясын нығайтуда, оның экономикасы өңірдегі ең тұрақты және тез өсіп келе жатқан экономикалардың бірі.

2023 жылдың соңына қарай елдің ЖІӨ бүкіл Орталық Азия экономикасының 60%-ын құрады. Соңғы жылдары Қазақстанда елеулі өзгерістер орын алды, ол өзін инвестициялар үшін жетекші бағыттардың бірі ретінде танытуда. Бұл эволюцияның негізінде әртүрлі факторлар, соның ішінде ірі континенттердің қиылысындағы стратегиялық географиялық орналасу, бай табиғи ресурстар, инвестицияларды ынталандырудың қолайлы саяси шаралары және жоғары білікті мамандардың өсіп келе жатқан кадрлық әлеуеті жатыр.

Қазақстандағы экономикалық өсу перспективалары

Өткен жылы әлемдік экономика көптеген елдегі тұрақты инфляциялық қысым, жалғасып жатқан геосаяси шиеленістерге байланысты әлемдік сауда құрылымындағы өзгерістер, сондай-ақ технологиялар мен орнықты қаржыландыру саласындағы серпілістер сияқты күрделі экономикалық құбылыстарға тап болды. Осы сын-тегеуіріндерге қарамастан, 2023 жылы Қазақстанның ЖІӨ 5,1%-ға өсіп, сенімді экономикалық өсімді көрсетті. Бұл импульс сыртқы сауда айналымында да байқалды, ол 3,2%-ға, 139,8 млрд АҚШ долл. дейін өсті, нәтижесінде сауда балансы 17,5 млрд. АҚШ долл. асып түсті. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 13,7%-ға, 39,5 млрд. АҚШ долл. дейін өскенін айта кету керек, бұл инвесторлардың Қазақстанның экономикалық перспективаларына деген сенімін айғақтай алады. Инвестициялардың өсуі, ең алдымен, дәстүрлі мұнай секторын басқа ТКШ және көлік инфрақұрылымы саласында байқалды.

Бұдан басқа, жан басына шаққандағы ЖІӨ 13,3 мың АҚШ долларына дейін өсіп, 2013 жылғы тарихи ең жоғары деңгейге (13,9 мың АҚШ доллары)

жақындады. 2023 жылдың соңына қарай инфляция 9,8% деңгейіне дейін төмендеді, бұл жыл басында жаһандық инфляция қарқыны шарықтаған деңгейден айтарлықтай төмен көрсеткіш.

Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) болжамдарына сәйкес 2028 жылға қарай Қазақстанның ЖІӨ 95,4 млрд. АҚШ долл. өсіп, Ресейді қоспағанда, өңірдегі барлық елдерден озып, рекордтық 354,7 млрд. АҚШ долл. құрайды.

Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаев 2029 жылға қарай ұлттық экономика көлемін 450 млрд АҚШ долларына дейін екі есеге арттыру мақсатында ел үкіметі үшін өршіл бағдарлама жариялағаны белгілі. Мұндай мақсатқа өңдеу өнеркәсібінде жобаларды іске асыруға баса назар аудара отырып, жылына кемінде 6% деңгейінде тұрақты экономикалық өсуді ұстап тұру есебінен қол жеткізуге болады деп болжанады. Мұндай бастамалар Қазақстанның орнықты экономикалық даму мен өркендеуге бейілділігін көрсетеді.

Қазақстанның ЖІӨ өсуі, млрд АҚШ долл, ХВҚ



Қаржылық орнықтылық

Қазақстанның Ұлттық қоры елдің экономикалық тұрақтылығы мен инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық қор 4,59 трлн теңге (10,1 млрд. АҚШ долл.) мөлшеріндегі елеулі түсім туралы хабарлады, оның ішінде шамамен 4,56 трлн теңге (10,03 млрд. АҚШ долл.) мұнай секторынан тікелей түсімдер есебінен алынды. Сонымен қатар, Ұлттық қордың инвестициялық кірісі 2,6 трлн теңгені құрады, бұл қордың ұтымды қаржылық басқаруы мен инвестициялық стратегиясын көрсетеді.

Қор қаражатының пайдаланылуына қатысты мынаны айтуға болады: 4 трлн теңге (8,8 млрд. АҚШ долл.) трансферттерге және әртүрлі үкіметтік бастамаларға бөлінді, бұл қордың елдің дамуы мен инфрақұрылымдық жобаларды қолдауға қосқан үлесін көрсетеді. Жыл қорытындысы бойынша Ұлттық қордың балансы 29,8 трлн теңгені (65,7 млрд. АҚШ долл.) құрады, осылайша Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы және қаржылық қауіпсіздігі ұзақ мерзімге қорғалуы қамтамасыз етілді.

Қордың жиынтық балансына шетел валютасындағы 60 млрд АҚШ доллары мөлшеріндегі активтер де кіреді, олар өткен жылы 4,3 млрд АҚШ долл. өсті. Валюталық активтердің өсуін, ең алдымен, 2023 жылдың соңына қарай 11,4% кірістілікпен 6,2 млрд. АҚШ долл. жеткен инвестициялық кірістермен түсіндіруге болады. Бұл нәтижелер Ұлттық қордың бүкіл тарихында абсолютті және пайыздық тұрғыдан да рекордтық көрсеткіш саналады. 2023 жылы акциялар портфелінің кірістілігі

25%-ға дейін өскенін айта кету керек, бұл қордың тиімділігін тағы бір мәрте айғақтайды.

Ұлттық Банктің де 36 млрд АҚШ долл. мөлшерінде халықаралық резервтері бар, бұл Қазақстанның қаржылық жағдайын одан әрі нығайтады және оның экономикалық орнықтылығына ықпал етеді.



Тікелей шетелдік инвестициялар


Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде орналасқан Қазақстан өзінің стратегиялық географиялық орналасуына байланысты әлемдік инвесторлардың назарын аударады. Негізгі делдал рөлінде Қазақстан қос құрлық арасындағы сауда және экономикалық байланыстарды нығайтуға белсенді ықпал етеді. Бұған Қазақстанның сыртқы сауда айналымындағы көшбасшылығы дәлел бола алады: Орталық Азия елдерінің барлық импорты мен экспортының 60% ел арқылы өтеді.

Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан посткеңестік 15 ел мен Орталық Азия елдері арасында ТШИ тартуда көшбасшы болып, 61% үлесті сақтап қалды. Өткен жылдардағы салыстырмалы түрде тұрақты позициялар аясында 2022 жылы Қазақстан 28 млрд АҚШ долл. деңгейінде ТШИ жалпы ағынының рекордтық деңгейіне жетті, оның 58%-ы мұнай-газ, тау-кен өндіру және металлургия өнеркәсібі сияқты

негізгі секторларға тиесілі. 2023 жылы ТШИ ағыны 23,4 млрд АҚШ долл. құрады. ТШИ-дің негізгі көлемі әлі де өндіруші өнеркәсіпке тиесілі, сонымен бірге өңдеуші өнеркәсіп пен саудаға инвестициялардың өсу үрдісі байқалады.

Голландиялық компаниялар ірі инвесторлар болып қалуда, одан

кейін АҚШ пен Швейцария тұр, бұл инвестициялық көздер мен секторлардың әртарапандырылуының артып келе жатқанын көрсетеді және бұл дегеніміз Қазақстанның өсіп келе жатқан экономикалық тартымдылығының оң көрсеткіші саналады.



«Инвестицияларды тарту экономикамыздың өсуінің негізгі факторы болып табылады. Ұлттық инвестициялық саясат шеңберінде ESG стандарттарын ескере отырып, Қазақстан 2029 жылға дейін кемінде \$150 млрд шетелдік инвестиция тартуға мүдделі. Сол үшін біз инвесторларға қолайлы жағдайлар жасауды, оның ішінде инвестицияларды қолдау құралдарын жетілдіруді одан әрі жалғастырамыз».

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Ә.А. Смайылов, 2023
жылғы қараша

Жаһандық қаржы аренасында Орталық Азияның маңызының арта түсуі

Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Түрікменстан кіретін Орталық Азия өңірі жеткілікті серпінді және қолайлы инвестициялық ортасы бар өңір ретінде сипатталады. Каспий теңізінен шығысқа қарай орналасуына, тұрақты макроэкономикалық көрсеткіштеріне және көлемі шамамен 150 млрд. АҚШ долл. құрайтын өсіп келе жатқан ішкі нарығына, арзан жұмыс ресурстарының көптігіне байланысты өңір шетелдік инвестициялардың тартылыс орталығына айналады.

Орталық Азия елдерінің ЖІӨ-нің жалпы көлемі шамамен 430 млрд АҚШ долл., ал жалпы халқы шамамен 80 млн адамды құрайды, бұл жаһандық нарықтағы айтарлықтай экономикалық және демографиялық салмақты көрсетеді.

Орталық Азияның бүкіл өңірі іскерлік климатты жақсартқан соңғы реформаларға байланысты айтарлықтай инвестициялық

әлеуетке ие. Болжам бойынша, өңір 170 млрд АҚШ долл. дейін тікелей шетелдік инвестициялар тарта алады, бұл ретте едәуір бөлігі – шамамен 70 млрд. АҚШ долл. шикізаттық емес секторларға салым болмақ 2022 жылғы Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесуінде Қазақстан Президенті атап өткендей, АХҚО өңірлік жобаларға тікелей және портфельдік инвестицияларды тарту және сүйемелдеу ісінде шешуші рөл атқарады.

Елеулі жетістіктерге қарамастан, өңірдің экономикалық әлеуетін одан әрі іске асыруда сын-тегеуріндер әлі де бар. Қазақстан мен Орталық Азия елдері арасындағы сауда айналымы соңғы бес жылда 40%-ға өсіп, 6,3 млрд АҚШ долл. жетті, алайда бұл көрсеткіш әлеуетті түрде 15 млрд АҚШ долл. дейін өсуі мүмкін.

Caspian Integrated Maritime Solutions

Caspian Integrated Maritime Solutions (CIMS) Ltd. – «ҚазМұнайГаз»-дың еншілес компаниясы «Қазтеңізкөлікфлоты» және AD Ports Group (БАӘ) еншілес компаниясы Integrated Maritime Investments Ltd. бірлескен кәсіпорны. 2023 жылы тіркелген серіктестік Каспий теңізіндегі қайраң жобаларына қолдау көрсету, су астындағы жұмыстар, сүйрету, мұнай ластануын жою және навигациялық қызметтерді қоса алғанда, теңіз және порт жүктерін тасымалдау қызметтерін ұсынады.

CIMS Ltd. компаниясы жалпы құқыққа негізделген АХҚО-ның құқықтық аясында тіркелген, бұл жоба аясында халықаралық серіктестермен берік іскерлік байланыстар мен өзара іс-қимыл орнатуға ықпал етеді. Сонымен қатар, АХҚО-ның қолайлы

бизнес-ортасы компания акционерлері үшін инвестициялық салымдарының сенімділігін қамтамасыз етеді. Халықаралық капиталды тарту Қазақстанның теңіз көлігі логистикасын дамытуға елеулі ықпал ететіндігі сөзсіз.

2023 жылдың шілдесінде CIMS Ltd. сол жылы Ақтау-Махачкала бағдары бойынша мұнай тасымалдауды бастаған екі жаңа – «Тараз» және «Лива» мұнай танкерлерін алу есебінен флотын кеңейтті, бұл компанияның дамуының маңызды кезеңі болды.



Орталық Азия: халық саны, ЖІӨ



Транскаспий халықаралық көлік бағдары


Соңғы жылдары орын алған геосаяси шиеленіс жаһандық жеткізу тізбегінің өзгеруіне қатты әсер етті және Қазақстанды өзінің логистикалық бағдарларын әртараптандыру және тәуекелдерді барынша азайту мақсатында жаңа стратегиялық серіктестіктер іздеуге итермеледі.

Орта дәліз деген атаумен белгілі Транскаспий халықаралық көлік бағдары Шығыс пен Батыстың негізгі нарықтары арасындағы сауда байланыстарын жандандыратын және әлемдік аренадағы серпінді ойыншы ретіндегі Қазақстанның ықпалын күшейтетін мегажобаға айналды.

Өңірлік ынтымақтастықты нығайту, экономикалық орталықтар арасындағы байланыстарды жақсарту, сондай-ақ шекарадан өту рәсімдерін жеңілдету – Орта дәлізді дамытудың сөзсіз

артықшылықтары. Жоба көлік және логистика секторларының дамуына ғана емес, жалпы өңірдің әлемдік ауқымда нығаюына ықпал етеді. Жоспарланған инвестициялардың ескерілуімен 2040 жылға қарай дәліз бойынша күтілетін контейнерлік тасымалдау көлемі алты есеге өседі. Мұндай жағдайда Қазақстан Қытай мен Еуропа арасындағы ұлғайып келе жатқан саудада шешуші рөл атқара алады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша осы бағдар шеңберінде 2,7 млн тонна жүк жеткізілді, бұл 2021 жылмен салыстырғанда бес есе көп, бұл ретте жүктердің 61,4%-ы отын пайдалы қазбаларына тиесілі, одан кейін металдар мен ілеспе тауарлар – 14%, ауыл шаруашылығы өнімдері – 6,6%.



- 2023 жылы Орта дәліз арқылы **2,7 миллион** тонна жүк тасымалданды
- Орта дәліз арқылы жүк айналымы **5 есеге** артты (2023 жыл 2021 жылмен салыстырғанда)
- Үш жыл ішінде экспорттың орташа жылдық өсімі **16,3%**
- Топ-3 өнім (экспорт):**
 - 61,4%** жанармай, шикі мұнайды қоса алғанда;
 - 14%** металдар және металл өнімдері;
 - 6,6%** ауыл шаруашылығы өнімдері.

Орнықты банк секторы және қаржылық инклюзивтіліктегі көшбасшылық

2023 жылы Қазақстанның банк секторы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ашық және тәуекелге бағдарланған қадағалау жүйесі аясында әрекет ете отырып, сенімді өсуді көрсетті. Инфляциядан туындаған жоғары пайыздық мөлшерлемелер сияқты айқын сын-тегеуріндерге қарамастан, қазақстандық банктер айтарлықтай қаржылық нәтижелерге қол жеткізді.

Мәселен, өткен жылдың қорытындысы бойынша коммерциялық банктер 2,2 трлн теңге (4,9 млрд АҚШ долл.) көлеміндегі пайда түсірді, сондай-ақ таза пайыздық кіріс те 2,7 трлн теңгеге (6 млрд АҚШ долл., +31,2% ж/ж) дейін өсті, ал таза комиссиялық кіріс 727 млрд теңгені (1,6 млрд АҚШ долл., ж/ж +20,5%) құрады. Резервтерді қалпына келтіруден түскен кірістер де бір жылда 25,9%-ға өсіп, 1,7 трлн теңгеге (3,8 млрд АҚШ долл.) жетті.

2023 жылдың соңына қарай банк секторының жиынтық капиталы жылдық есептеуде 31,3%-ға ұлғайып, 6,9 трлн теңгеге (15,3 млрд АҚШ долл.) жетті, бұл ретте капиталдың жеткіліктілік көрсеткіштері (k1 – 19,2% және k2 – 21,5%) белгіленген нормалардан едәуір асып түсіп, әлеуетті тәуекелдерді айтарлықтай қамтуды көрсетті. Жалпы кредиттік портфель 20,3%-ға өсіп, 29,8 трлн теңгеге (66,2 млрд АҚШ долл.) жетті. Бұл ретте, проблемалық кредиттердің 3,4%-дан 2,9%-ға дейін қысқаруы (NPL90+) көрсеткендей, активтер сапасы жақсарды. NPL90+ резервтерімен қамту да 180,0%-дан 197,7%-ға дейін өсті.

Банктік депозиттер портфелінің 13,3%-ға 34,7 трлн теңгеге (77,1 млрд АҚШ долл.) дейін айтарлықтай ұлғаюы негізінен жеке де және заңды тұлғалардың да салымдары есебінен болды. Депозиттерді долларландыру да төмендеді – 31,6%-дан 23,2%-ға дейін.

Жалпы алғанда, Қазақстанның банк секторы 2023 жылғы жаһандық экономикалық проблемалар аясында орнықты өсуді, тәуекелдерді ұтымды басқаруды және жоғары қаржылық көрсеткіштерді көрсетті.

ХВҚ¹ Қазақстанды қаржылық қызметтердің қолжетімділігі тұрғысынан өңірлік көшбасшы ретінде тұрғыландырады: 2021 жылғы деректер бойынша ересек халықтың 81,1%-ның қаржы мекемелерінде шоттары болған, бұл қаржылық қызметтердің кең қолжетімділігін және қаржы нарығының жетілгендігін көрсетеді. Осыған байланысты инвесторларға елдің күшті қаржылық инфрақұрылымы қолдайтын банк және қаржы секторлары, активтерді басқару және қаржылық технологиялар салалары қызықты болады.

Одан басқа, бөлшек депозиттер портфелінің айтарлықтай көлемі (18,8 трлн. теңге немесе 41,8 млрд. АҚШ долл.) халықтың капитал нарықтарына қатысу және активтерді басқару нарығын дамыту әлеуетін көрсетеді.

Қазақстандағы цифрлық сауаттылықтың жоғары деңгейі (85,3%), интернетпен кең қамтылуы (86%) және ұялы телефондардың кең таралуы (90,3%) секторды одан әрі дамыту үшін қаржылық технологияларды пайдалануға қолайлы негіз жасайды. Жоғары технологиялық орта активтерді басқару саласындағы қызметтер спектрін кеңейту үшін инновациялық қаржылық шешімдерді енгізуге және ел ішінде ғана емес, сонымен қатар шетелде де балама инвестициялық мүмкіндіктердің алуан түрлерінің ұсынысына ықпал етеді.

Банк секторы

- **21** банк
- ЖІӨ-нің **29%**
- **73 млрд АҚШ долл.** депозиттерде
- Ересектердің **81%** банк өнімдерімен қамтылған
- **Активтерді басқару**
Басқарудағы активтер 2,5 млрд АҚШ долл. құрайды (2018 жылы 1 млрд АҚШ долл.)
- **Сақтандыру секторы**
Жалпы сыйақылардың көлемі 1,9 млрд АҚШ долл. құрайды (2018 жылы 750 млн АҚШ долл.)
- **Микроқаржыландыру**
Кредиттік портфельдің көлемі 3 млрд АҚШ долл. құрайды

¹Кавказдағы және Орталық Азиядағы қаржылық қолжетімділік тапшылығының анатомиясы, Тигран Погосян, ХВҚ жұмыс құжаттары, 2023 жылғы мамыр.



Нарық трендтері және олар біз үшін нені білдіреді

Негізгі трендтер

Цифрландыру

Трендтер индустрияға қалай әсер етеді

Саланы трансформациялайтын жаңа технологиялар:

Жасанды интеллект, бұлттық есептеулер, машиналық оқыту және процестерді автоматтандыру сияқты озық технологиялар – жай ғана қосымшалар емес, операциялық модельдерді түбегейлі өзгертіп, бизнесті трансформациялауға ықпал ететін және компанияларға тиімділіктің жаңа деңгейлеріне қол жеткізуге және қосымша құн қалыптастыруға мүмкіндік беретін негізгі компоненттер.

Бұл технологияларды енгізу жылдам өзгеріп жатқан цифрлық ортада шұғылдық пен инновацияларды пайдалануға ықпал ете отырып, деректерге негізделген шешім қабылдаудың икемдірек процестеріне әкеледі.

Цифрландыру арқылы салалық өсуді ынталандыру:

Цифрландырудың әсері бірқатар секторларға таралуда, бұл ретте цифрлық төлемдер мен бөлшек капиталды басқару алдыңғы қатарда болады. Өсу нарықтарды да, жеке шешімдерді де ынталандыратын деректердің үлкен көлеміне үнемі өсіп келе жатқан сұраныстың аясында жүруде.

Цифрландыру сондай-ақ талдауды анағұрлым мақсатты және тиімді нәтижелер үшін пайдалана отырып, жеткізу тізбегін басқару, клиенттерге қызмет көрсету және өнімді әзірлеу сияқты салаларда революциялық өзгерістер әкеледі.

Цифрлық болашақты құру:

Ұйымдар цифрлық технологияларды жиі пайдалануда және оларды бизнесінің барлық аспектілеріне интеграциялауда. Бұған клиенттермен өзара іс-қимылды қайта ойластыруды, ішкі процестерді оңтайландыруды және жаңа кірістің жаңа цифрлық ағындарын зерттеуді қамтиды.

Цифрлық сауда алаңдарының, электрондық коммерция платформаларының және онлайн-сервистердің дамуы осы үрдісті растайды, бұл цифрландырудың нарықтың ауқымын кеңейту және клиенттердің қатысуын арттыру үшін әлеуетін көрсетеді.

Бұл АХҚО үшін нені білдіреді

Қаржылық қызметтерде цифрлық технологияларды пайдалану:

АХҚО өз процестеріне цифрлық технологияларды енгізу мен дамытуда жетекші орын алады. Біз қызметті (e-Residence) цифрландыру арқылы орталық қатысушыларын тіркеу процесін жеңілдеттік, соның арқасында 2023 жылы Корпоративтік тіркеушілер қауымдастығының инновациялар үшін сыйлығын алдық. Бұл туралы толығырақ ақпаратты 34-39-беттердегі «AFSA» бөлімінде табуға болады.

Біз бөлшек инвесторлар үшін қаржылық өнімдерге оңай қол жеткізуді қамтамасыз ететін TABYS қолданбасын іске қостық. TABYS туралы толығырақ ақпаратты 40-49-беттердегі «AIX» бөлімінде табуға болады.

Сонымен қатар, АХҚО Соты мен ХТО дауларды онлайн шешудің eJustice жүйесін пайдаланады, бұл тараптарға Астанада физикалық қатысуды қажет етпей-ақ әлемнің кез келген нүктесінен электронды түрде талап қоюға мүмкіндік береді.

FinTech-ті ілгерілету:

FinTech Lab реттеуші құм алаңы стартаптар мен компанияларға АХҚО Комитетінің жеңілдетілген реттеу режимінде қаржылық технологиялар саласындағы инновациялық өнімдері мен қызметтерін сынау үшін платформа ұсынады. Толығырақ ақпаратты 60-69-беттердегі «Финтех және инновациялар» бөлімінен табуға болады.

Цифрлық активтер нарығын реттеу:

АХҚО цифрлық активтер секторын оның қаржы саласы үшін өсіп келе жатқан маңыздылығын мойындай отырып, белсенді дамытуда. АХҚО-да шығарылатын және саудаланатын цифрлық активтер үшін реттеуші база құрылды, ол инновацияларды дамытуға ықпал етеді және нарық субъектілері үшін қауіпсіз ортаны қамтамасыз етеді. Біз сондай-ақ блокчейн технологиясын және басқа да цифрлық активтерді пайдаланудың әлеуетті ықтимал салаларын зерттеу үшін нарық қатысушыларымен жұмысты жалғастырамыз, өйткені осы жылдам дамып жатқан сектордың алдыңғы қатарында болуға ұмтыламыз.

Цифрлық активтер нарығын реттеу туралы толығырақ ақпаратты 37-беттегі «AFSA» бөлімінде табуға болады.

Нарық трендтері және олар біз үшін нені білдіреді

Негізгі трендтер

Орнықты даму

Трендтер индустрияға қалай әсер етеді

ESG факторларын инвестициялық стратегияларға интеграциялау:

ESG факторларын инвестициялық шешімдер қабылдауға қосу қаржы әлеміндегі басымдықтардың өзгеруінің дәлелі болып табылады, өйткені инвесторлар өз инвестицияларының қоршаған орта мен қоғамға ұзақ мерзімді әсерлері туралы әлдеқайда жақсырақ хабардар болуда.

Мұндай қозғалыс тек моральдық императив қана емес, сонымен бірге стратегиялық қадам болып табылады, өйткені орнықты инвестициялар тәуекелге байланысты түзетілген жоғарырақ кірістілікке жиі әкеледі және рационалды басқару мен болашақ орнықтылық индикаторлары ретінде көбірек қарастырылуда.

Қоршаған ортаға қатысты коммерциялық ақпараттың ашылуына жәрдемдесу:

Климатқа байланысты тәуекелдер туралы ақпаратты кеңінен ашу стандартты тәжірибеге айналуға және компаниялардың орнықты дамуға қатысты ашықтықты қамтамасыз етуде өсіп келе жатқан маңыздылығын көрсетеді. Бұл, ең

алдымен, мүдделі тараптардың, соның ішінде инвесторлардың, клиенттердің және реттеуші органдардың мүдделері үшін маңызды.

Ақпаратты мұндай ашу компания қызметі туралы кешенді көріністі қамтамасыз ету мақсатында қаржылық нәтижелерді де, орнықты даму туралы ақпаратты да қамтитын интеграцияланған есептілікке ықпал етеді.

Инвестициялардың тіректері ретінде алуантүрлілік, инклюзивтілік және басқару:

Алуантүрлілікке, инклюзивтілікке және сапалы корпоративтік басқаруға назар аудару компанияның орнықты даму мен этикалық нормаларға бейілділігін бағалауда маңыздылығы артуда.

Инвесторлар осы факторларға көбірек назар аударуда, өйткені бұл салаларда жоғары нәтижелер туралы хабарлап жатқан компаниялар анағұрлым инновациялы, төзімді және ұзақ мерзімді табысқа жету үшін жақсырақ дайын болуы мүмкін.

Бұл АХҚО үшін нені білдіреді

Орталық Азияда орнықты қаржыландыруды ілгерілету

АХҚО экологиялық және әлеуметтік жауапты инвестицияларға өсіп келе жатқан жаһандық сұранысқа белсенді түрде жауап бере отырып, Қазақстандағы орнықты қаржыландыруды дамытудың алдығы қатарында.

Әлемдік нарықтағы GSS+ облигацияларының (жасыл, әлеуметтік облигациялар, орнықты даму және орнықты дамумен байланысты облигациялар) өсіп келе жатқан үлесін бақылай отырып, АХҚО олардың өңірдегі өсуіне ықпал етуге ұмтылады. АХҚО-ның өңірдегі алғашқы жасыл және әлеуметтік облигацияларды, оның ішінде орнықты дамуға байланысты облигацияларды (SLB) шығаруға қатысуы Орталық Азиядағы орнықты қаржыландырудың жалпы дамуына ықпал етеді. Бұл туралы толығырақ ақпаратты 60-64-беттердегі «Жасыл қаржы орталығы» бөлімінен қараңыз.

Өтпелі кезеңді қаржыландырудың маңыздылығы артып келе жатқандықтан, АХҚО декарбонизацияны көздейтін секторларға инвестициялар тарту бойынша жаңашыл қадамдар жасауда. Қазақстанның алғашқы SLB облигациясын шығару бойынша «Алматы электр станцияларымен» ынтымақтастығымыз – энергетикалық көшуге ықпал етуге және парниктік газдар шығарындыларын азайтуға бейілділігіміздің дәлелі.

ESG ақпаратты ашу бастамасы

Орталық Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығымен ынтымақтастықта банктер мен қаржы мекемелері үшін жасыл кредиттер портфелінің шеңберінде ESG ақпаратын ашуға қойылатын талаптарды енгізді. Бұл ретте АХҚО есеп беруді жақсартуға, орнықты тәжірибелерді ынталандыруға және инвесторлардың экологиялық жауапты бастамаларға сенімін нығайтуға ұмтылады.

Өңірлік және жаһандық ынтымақтастықты нығайту

АХҚО ESG саласындағы реттеуші база мен өнімдерді әзірлеу және үйлестіру бойынша өңірлік бастамаларға белсенді түрде қатысады. Біз жаһандық орнықты даму мақсаттары мен әлеуметтік саясат міндеттеріне сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік және жасыл таксономияларды қоса алғанда, орнықты қаржыландырудың ұлттық стандарттарын енгізуде маңызды рөл атқардық. Бұл әрекеттер АХҚО-ны Орталық Азияда және одан тыс жерлерде орнықты қаржыландырудың болашағын қалыптастырудағы негізгі ойыншы ретінде тұрғыландырады.

Бұл туралы толығырақ ақпаратты 60-64-беттерде табуға болады.

Біздің пайымымыз, миссия және стратегия

Пайым

Қазақстан экономикасының одан әрі өсуі үшін инвестициялар мен қаржылық инновацияларға арналған драйвер және негізгі хаб болу.

Миссия

Инвестициялау және бизнес жүргізу үшін бірегей инфрақұрылымды, сенімді юрисдикцияны, тәуелсіз сот пен төрелік қызметтерін ұсыну, сондай-ақ қаржы өнімдері мен қызметтері саласындағы инновациялар мен әлеуетті дамытуды қолдау арқылы Қазақстанның орнықты экономикалық дамуына ықпал ету.

Стратегия

АХҚО стратегиясының басым бағыты – тікелей шетелдік инвестицияларды (мемлекеттік, квазимемлекеттік және жеке деңгейде), сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы арқылы шетелдік және жергілікті меншікті және қарыз капиталын тартуға ықпал ету жолымен Қазақстанның экономикалық өсуіне тікелей қолдау көрсету.



Біздің стратегиямыз келесідей:

| | Стратегиялық міндеттер | Біздің табыс өлшемшарттарымыз | 2023 жылы қандай жетістіктерге жеттік |
|--|---|---|--|
| Инвестициялау үшін орта құру | 1 Қаржылық қызметтер саласында инвестициялау үшін тартымды орта құру арқылы Қазақстан Республикасының экономикасына инвестицияларды тартуға жәрдемдесу | 2025 жылға қарай GFCI-дің іскерлік орта көрсеткіші бойынша үздік-50-ге кіру | Астана қаласы/ АХҚО GFCI'34 рейтингінде (2023 ж. қыркүйек) бизнес орта көрсеткіші бойынша 68-орынға ие болды. |
| | | 2025 жылға қарай \$10 млрд инвестиция тартуға жәрдемдесу | АХҚО алаңы арқылы инвестициялар көлемі 10,9 млрд АҚШ долларын құрады |
| | 2 Қаржы орталығы ретінде халықаралық тану | 2030 жылға қарай GFCI рейтингінің үздік-40 позициясына қол жеткізу және оны сақтау | Астана қаласы/ АХҚО GFCI'34 деректері бойынша жаһандық рейтингте 121-дің ішінде 60-шы орынды және «Шығыс Еуропа мен Орталық Азия» өңірінің рейтингінде 16-ның ішінен 1-ші орынды иеленді. |
| | | 2050 жылға қарай GFCI рейтингінде үздік-30-ға кіру | |
| Капитал нарықтарын дамыту | 3 Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын дамыту, оның халықаралық капитал нарықтарымен интеграциясын қамтамасыз ету | MSCI-дің «шекаралық нарықтар» индексындағы Қазақстанның салмағын 2025 жылға қарай 5%-ға дейін арттыру | 2023 жылдың соңына қарай Қазақстан MSCI-дің «шекаралық нарықтар» индексында 9% салмаққа жетті. |
| | | 2030 жылға қарай MSCI индексында «дамушы нарық» мәртебесін алу | Қазақстанның 2030 жылға қарай MSCI және FTSE индекстеріндегі «дамушы нарықтар» мәртебесіне өтуі бойынша жұмыс ҚНРДА төрағалығымен арнайы Басқарушы комитет пен Жұмыс тобы аясында жүргізілуде. |
| Өнімдер мен қызметтердің спектрін кеңейту | 4 Қазақстан Республикасында сақтандыру, банктік қызметтер, исламдық қаржыландыру, қаржылық технологиялар, электрондық коммерция және инновациялық жобалар нарықтарын дамыту | 2025 жылға қарай АХҚО-да 2000 компанияны тіркеу | АХҚО-да қатысушы ретінде 2395 компанияны тіркелді (2023 жылы +657 компания) |
| | | | |

Құқықтық және реттеуші режим

АХҚО-ның қолданыстағы құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген және «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Конституциялық заңнан және Англия мен Уэльс құқығының нормалары мен қағидаттарын, сондай-ақ әлемдік жетекші қаржы орталықтарының стандарттарын ұстанатын бірқатар АХҚО актілерінен тұрады.

АХҚО құқығын АХҚО инвесторлары мен резиденттері ғана емес, сонымен қатар АХҚО юрисдикциясынан тыс кез келген жеке және заңды тұлғалар да пайдалана алады. АХҚО-ның құқықтық және реттеуші базасы корпоративтік, шарттық, еңбек және басқа да құқықтық мәселелерді қамтитын 80-нен астам актіден тұрады. АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесі актілердің үздік халықаралық тәжірибеге сәйкестігіне кепілдік береді және танылған халықаралық стандарттарға сәйкес келетін қаржы орталығы ретінде АХҚО мәртебесін нығайтуға жәрдемдеседі.

АХҚО юрисдикциясының негізгі артықшылықтарына мыналар жатады:

Ағылшын тілі

АХҚО құқығы ағылшын тілінде жазылған, бұл халықаралық бизнес-қоғамдастық үшін айқындық пен қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Үздік тәжірибелер

АХҚО құқығы сенімді құқықтық негізді қамтамасыз ете отырып, ғасырлар бойы қалыптасқан үздік коммерциялық тәжірибелерді жалпы құқық аясында біріктіреді.

Әр түрлі секторларда қолдану мүмкіндігі

АХҚО құқығын экономиканың әртүрлі секторларында АХҚО қатысушылары ғана емес, сонымен қатар оны қолдануға келіскен кез келген тұлғалар қолдана алады.

Инклюзивтілік

АХҚО құқығының айрықша ерекшелігі – мүдделі нарық өкілдерінің қатысуымен құқықтық актілерді жетілдіруге мүмкіндік беретін инклюзивтілігі.

Ашықтық

Корпоративтік, шарттық, еңбек қатынастарын, өтемақы рәсімдерін, банкроттықты, ақпарат пен жеке меншікті қорғауды және дауларды шешуді реттейтін ашық және ықшам құқықтық база.

Орталық Азия
өңіріндегі
жалпы құқық
жүйесіне
негізделген

1-ші

юрисдикция

АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесі

2017 жылы құрылған АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесі (ҚКК) АХҚО-ның жалпы қолданыстағы актілерін қарайтын және сараптама жүргізетін консультативтік-кеңесші орган ретінде әрекет етеді, сондай-ақ осы актілерді әзірлеу мен верификациялау үшін үздік әлемдік тәжірибелерін интеграциялау және Англия мен Уэльс құқығының тиісті ережелерін АХҚО-ның құқықтық құрылымына енгізу түпкілікті мақсатымен әдіснама қалыптастырады.

ҚКК құрылған сәттен бастап 40-қа жуық кездесу өткізді, олардың барысында АХҚО актілерінің 110-нан астам жобасы, АХҚО-ның жалпы қолданыс актілеріне түзетулер жобалары, жиі қойылатын сұрақтар, конституциялық заңның бейресми аудармалары қаралды. Одан басқа, кеңес санкцияларды сақтау бойынша талдау жүргізіп, ұсынымдар шығарды, тиісті нұсқаулар және т.б. әзірледі.

ҚКК-нің төрағасы – Майкл Блэр, сондай-ақ оның құрамына әлемнің жетекші заң фирмалары мен

адвокаттар палаталарының, соның ішінде Baker McKenzie, Hogan Lovells, Michelmores, Norton Rose Fulbright, White & Case и 3 Verulam Buildings өкілдері кіреді.

АХҚО Заң қызметтерін реттеу жөніндегі кеңесі

АХҚО Заң қызметтерін реттеу жөніндегі кеңесі 2021 жылы заң қызметтерін реттеу тетігін енгізу, құзіреттіліктің, этиканың, адалдықтың жоғары кәсіби стандарттарын қамтамасыз ету және АХҚО-да заң қызметтерін көрсетудегі озық халықаралық тәжірибені ұстану мақсатында құрылған.

2023 жылдың соңына қарай Legal 500 және Chambers and Partners таныған ірі заң фирмаларына өкілдік ететін кеңесте тіркелген заң кеңесшілерінің саны 100 адам (Қазақстаннан, Ұлыбританиядан, АҚШ-тан, Венгриядан, Үндістаннан, Катардан, Қырғызстаннан, Оңтүстік Африкадан және Ресейден) болды.

Заңгер мамандығының кәсіби дағдыларын қолдау және арттыру

үшін тіркелген заң кеңесшілері этика, заң дағдылары бойынша курстарға және заңгерлерді кәсіби дамыту бойынша іс-шараларға қатысу арқылы, сондай-ақ қоғамдық бастамамен белгілі жұмыс сағаттары санын өткізуге міндеттеніп, практиканың әр жылында үздіксіз заңгерлік білім алу балдарының белгілі санын жинауы керек. Біліммен алмасуға ықпал ету мақсатында кеңес мүшелері клиенттерге тиімді қызмет көрсету және мүдделер қақтығысы, АЖ/ТҚКІ және заң кеңесшісінің шоттарын басқарудың озық тәжірибелер бойынша курстар жүргізеді.

Кеңесті 2017 жылдан бері кеңес мүшесі болып табылатын Саймон Кокс (Norton Rose Fulbright LLP) басқарады. Құрамға сондай-ақ АХҚО өкілдері, Seven Pillars Law, Kinstellar, Grata International, AGZ ZanHub және AEQUITAS серіктестері кіреді.

Кепілді тіркеу арқылы қаржылық қауіпсіздікті арттыру

Қаржылық операциялардың ашықтығы мен құқықтық дәйектілігін қамтамасыз ету үшін кепілді міндетті тіркеу заңнамада бекітілген. Кепілдерді тиісті түрде есепке алуды және олардың қолжетімділігін қамтамасыз ету, көбірек инвестицияларды әлеуетті тартып және АХҚО юрисдикциясындағы қаржы секторының өсуіне ықпал етіп қаржылық транзакциялардың қауіпсіздігіне сенімді арттырады.

Кепіл тіркеушісі АХҚО-да кепілдердің есебін жүргізеді, сондай-ақ сату, кредиттер алу немесе қосылу және сіңіру сияқты қаржылық операциялардың заңды тұтастығын сақтау үшін қажетті кез келген ақпаратты ұсынады. 2020 жылдан бері Тіркеуші 20-дан астам кепілді тіркеді және жалпы сомасы 1,1 млрд АҚШ долларынан асатын 130-дан астам сұрауды өңдеді.

АХҚО-да деректерді қорғауды қамтамасыз ету

Деректерді қорғау саласындағы АХҚО-ның құқықтық базасы дербес деректердің әділ, заңды және қауіпсіз қарастырылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ жеке тұлғалардың жеке өміріне қол сұғылмаушылық құқықтары мен қадағалаушылардың заңды талаптары арасындағы тепе-теңдікті сақтайды. Бақылауды Деректерді қорғау жөніндегі комиссар жүзеге асырады, оның міндеті – АХҚО-ның қаржы экожүйесіне сенімді арттырып, осылайша инвесторлардың сенімін нығайту және бизнестің өсуіне ықпал ету.



АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығы

АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығы (ХТО) – ең үздік халықаралық стандарттарға сәйкес жұмыс істейтін АХҚО-ның негізгі органдары. АХҚО соты автономды түрде және тек АХҚО құқықтық аясында ғана әрекет етіп, ұлттық сот жүйесінен бөлек жұмыс істейді. АХҚО соты азаматтық және коммерциялық істерді қарайды, қылмыстық және әкімшілік сот істерін жүргізбейді. АХҚО сотының құрамына Бірінші инстанция соты және Апелляциялық сот кіреді. Істер ағылшын тілінде және АХҚО-да қолданылатын басқа

да тілдерде қаралады. АХҚО сотының барлық судьяларының үлкен тәжірибесі бар және оларды бейтараптығы, адалдығы мен заң үстемдігі қағидатын сөзсіз ұстануы үшін халықаралық деңгейде танылған. Олар дүние жүзіндегі ірі қаржы орталықтарына тән стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді, ал олардың шешімдері ел ішінде де, шетелдерде де орындалуға міндетті. АХҚО соты тараптарға әлемнің кез келген жерінен электронды түрде талап қоюға мүмкіндік беретін eJustice электронды сот төрелігі жүйесін пайдаланады.

Сонымен бірге, ХТО 1958 жылғы Нью-Йорк конвенциясына сәйкес Қазақстанда және бүкіл әлемде икемділік пен құқық қолданысын қамтамасыз етіп, төрелік мен медиацияны қоса алғанда, дауларды соттан тыс реттеудің әртүрлі нұсқаларын ұсынады. Тәуелсіздік, бейтараптық және адалдық – төрелік орталығының төрағасы басқаратын барлық төрешілер мен медиаторлар тобы қызметінің негізгі қағидаттары.

АХҚО соты

АХҚО соты Қазақстанның сот жүйесінен бөлек жұмыс істейді және құрамы төмендегідей:

- **Бірінші инстанция соты** (соның ішінде 150 мың АҚШ долларына сомасына дейінгі талап қоюларды жедел қарау рәсімін ұсынатын шағын істер соты)
- **Апелляциялық сот**



Мәртебелі
Мэлдондық Лорд
Бернетт
АХҚО сотының
төрағасы



Кристофер
Кэмпбелл-Холт
АХҚО сотының
Тіркеушісі және
аппарат басшысы



Сэр Руперт
Джэксон
Судья, АХҚО соты



Лорд Фолкс КС
Судья, АХҚО соты



Сэр Джек Битсон
FBA
Судья, АХҚО соты



Эндрю Спинк КС
Судья, АХҚО соты



Сэр Стивен
Ричардс
Судья, АХҚО соты



Томас Монтагю-
Смит КС
Судья, Шағын істер
соты



Лорд Баннер КС
Судья, Шағын істер
соты



Джозефин Хиггз КС
Судья, Шағын істер
соты



Патрисия Эдвардс
Судья, Шағын істер
соты



Сайма Ханиф КС
Судья, Шағын істер
соты

Халықаралық төрелік орталығы

ХТО сот ісін қарауға тәуелсіз және жедел балама ұсынады және АХҚО-да азаматтық және коммерциялық дауларды шешуде ең жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес жұмыс істейді.



Томас Крюммель
Төраға



Кристофер Кэмпбелл-Холт
ХТО Тіркеушісі және аппарат басшысы

Төрешілер мен медиаторлар

Еуропа, Азия, АҚШ, Үндістан, Сингапур және Гонконгтан келген, тәуелсіздік, бейтараптық және адалдық қағидаттары бойынша ғана әрекет ететін, коммерциялық және азаматтық құқық саласында үлкен тәжірибесі бар 41 көрнекті халықаралық төрешілер мен медиаторлардан тұратын топ.

Сенімді нығайту

АХҚО соты мен ХТО дамудың бастапқы сатысында тұрғанына қарамастан, олар Еуразиядағы халықаралық дауларды шешудегі жетекші институттардың біріне айналып, клиенттердің айтарлықтай сеніміне ие болып үлгерді. Бұл сенім заңды құқықтарды, сот шешімдерінің тәуелсіздігі мен бейтараптығын, сондай-ақ заң үстемдігінің жоғары халықаралық стандарттарын қамтамасыз ететін Еуразия өңірінің инвестициялық хабы ретінде Қазақстанды қарастыратын инвесторлар үшін маңызды.

Ресми қызметтерін бастағаннан бері АХҚО соты мен ХТО 2400 істі қарады, олардың қорытындысы бойынша 97 сот шешімі және 2 303 төрелік шешім және медиациялық келісім шығарылды, 2023 жылы – 755 іс (2022 жылмен салыстырғанда +74 іс). АХҚО соты АХҚО, Қазақстан және басқа елдердің юрисдикциясы шеңберінде коммерциялық және инвестициялық даулардың кең ауқымын қарады. АХҚО сотының құқық қолдану процестері Қазақстанның барлық аумағында барлық сот және төрелік шешімдердің сақталуын қамтамасыз етті.

Әлемнің алты құрлығындағы 32 юрисдикциядан 571 заңгер АХҚО сотында тараптардың мүдделеріне өкілдік ету құқығымен тіркелген, бұл процеске кең халықаралық заң қоғамдастығының тартылғанын көрсетеді.

Жаңа тағайындау

2023 жылғы қарашада Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаев 2020 жылдың 1 қаңтарынан 2023 жылдың 31 қазанына дейін осы лауазымды атқарған Мәртебелі Лорд Мэнс зейнеткерлікке шығуына байланысты Мәртебелі Мэлдондық Лорд Бернетті АХҚО сотының төрағасы етіп тағайындады.


Осы лауазымға тағайындалғанға дейін Лорд Бернетт 2017 жылдан бастап 2023 жылдың 30 қыркүйегіне дейін Англия мен Уэльс Жоғарғы сотының Бас судьясы қызметін атқарды. Ол өзінің заңгерлік мансабын адвокат ретінде бастады, содан кейін судья болды және 59 жасында ең жас Лорд - Бас судья болды. Ол өз қызметінде Англия мен Уэльстің барлық соттарына төрағалық етті.

Лорд Бернетт Ұлыбританияда және бүкіл әлемде мінсіз беделге ие. Оның АХҚО сотына төраға болып тағайындалуы жалпы АХҚО үшін елеулі жетістік болып табылады.

«Астана» халықаралық қаржы орталығының соты Қазақстанда жұмыс істеп жатқан немесе елімізге келуді жоспарлап отырған инвесторларға әлемдегі барлық ірі қаржы орталықтарындағыдай лайықты соттармен, сот процесстерімен, тәжірибесімен және стандарттарымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Жалпы құқық бойынша тәжірибелі соттар өздерінің бейтараптылығымен, әділдігімен және бармақ басты, көз қыстыға көнбейтіндігімен танымал. Сондай-ақ олар сот жүйесінің тұрақтылығы мен құқық бұзылмауының кепілі».

Қасым-Жомарт Тоқаев
Қазақстан Республикасы
Президенті

АХҚО соты мен ХТО кейстері



София Жылқайдарова, Signum заң фирмасының басқарушы серіктесі, АХҚО соты мен ХТО пайдаланушылары комитетінің мүшесі:

SIGNUM

«АХҚО соты мен ХТО қатаң кәсіби және этикалық стандарттарды ұстана отырып және жоғары құндылықтар мен беделді көрсетіп, біздің құқықтық жүйемізге айтарлықтай әсер етті. АХҚО сотының алдағы қызметі Қазақстандағы адамдардың ой-өрісін біртіндеп өзгертуге көмектеседі және еліміздің сот-құқықтық жүйесіне озық халықаралық тәжірибені енгізуге міндетті түрде ықпал етеді деп күтеміз. Сол сияқты, сот тыңдауларының жоғары стандарттарын белгілеу және халқымыздың санасын өзгерту арқылы Сот пен ХТО пайымы Қазақстаннан тысқары жерлерге де таралып, бүкіл Еуразия өңіріне де таралуы мүмкін. Қазіргі уақытта АХҚО соты мен ХТО – нағыз әділеттілік орнаған және судьялардың құзыреті мен беделіне және тұтастай құқық жүйесіне толықтай сенуге болатын орындар. Мен олардың Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл өңір үшін әлеуетіне нық сенімдімін, өйткені олардың дауларды шешуде жоғары беделімен бекітілген маңызды істерді қарау тәжірибесі әлдеқашан бар. Әрине, шарттық даулардың туындауы үшін уақыт қажет, бірақ мен мұның бәрі алда екеніне және бізді маңызды істер күтіп тұрғанына сенімдімін».

Александр Коробейников, Baker McKenzie серіктесі, АХҚО соты мен ХТО пайдаланушылары комитетінің мүшесі:

Baker
McKenzie.

«АХҚО-ның дауларды шешу институттары дамуының бастапқы кезеңінде екеніне қарамастан, олар қараған кейстердің саны таңғалдырады. Іскерлік келісімшарттарды біздің клиенттер Еуразиядағы халықаралық дауларды шешудің жетекші институттары ретінде бізге сеніп тапсырады. Істердің 97,7%-да қатысушы тараптар АХҚО соты мен ХТО юрисдикциясын өз өтініштері бойынша пайдаланғанын атап өту маңызды. Біздің клиенттеріміз және ауқымы кеңірек инвестициялық қоғамдастық Еуразия өңірінің инвестициялық хабы ретінде әрекет ететін АХҚО соты мен ХТО-ның Қазақстан үшін маңыздылығын түсінеді. Инвесторлар бұл институттардың өздерінің заңды құқықтарын қорғайтынын, тәуелсіздік пен бейтараптық кепілдіктерін қамтамасыз ететінін, сондай-ақ заң үстемдігінің ең жоғары халықаралық стандарттарын қолданатынын түсініп, сенім артуда. Бұл болашақ инвесторлардың Қазақстанға келуіне басты уәж болады деп ойлаймын».

Жергілікті халыққа білім беру

АХҚО соты мен ХТО Тренинг орталығы жергілікті халықты дауларды шешу бойынша озық тәжірибелерге үйретуге үлкен көңіл бөледі. Оқыту Кембридж университеті, UCL сияқты беделді оқу орындарының жетекші лекторларының, сондай-ақ Ұлыбритания, АҚШ және Германия сарапшыларының қатысуымен өткізіледі. Бастаманың мақсаты – қазақстандық кәсіби қоғамдастықтың: оның заңгерлерінің, төрешілерінің, делдалдарының және судьяларының дауларды реттеу мәселелері бойынша сауаттылық деңгейін арттыру. Оқыту бағдарламаларына халықаралық стандарттар бойынша тағылымдамадан өту де кіреді, оның аясында 130-дан астам қазақстандық және шетелдік студенттер құқық саласында білім алды. АХҚО соты мен ХТО Орталық Азия қоғамдастығы үшін және одан тыс жерлерде де бірқатар іс-шаралар өткізді.

АХҚО соты сондай-ақ әлемдік сарапшылардың тәжірибесін жергілікті қоғамдастыққа беруге ықпал ете отырып, 3000-нан астам қазақстандық студенттерге, заңгерлерге, мемлекеттік қызметкерлерге, судьяларға және бизнес-кәсіпқойларға құнды білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік беретін коммерциялық құқық бойынша жылсайынғы оқу конкурстарын ұйымдастырады. Орталық Қазақстанның Жоғарғы Соты мен Конституциялық сотының судьяларына, сондай-ақ Жоғарғы сот жанындағы Сот төрелігі академиясының студенттеріне тұрақты түрде тренингтер де өткізеді.

АХҚО соты мен ХТО-ның жаһандық өзара іс-қимылы

Өзінің жаһандық қатысуын кеңейтуге ұмтыла отырып, АХҚО соты мен ХТО Еуразия өңірі елдеріндегі қатысуын кеңейту бастамасын көтерді, бұл Астана мен Алматыдағы бар

кеңселерді толықтырады. Осылайша сегіз елде: Армения, Әзірбайжан, Грузия, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия, Түрікменстан және Өзбекстанда кеңселер ашылды. Бұл бастама дауларды шешу бойынша халықаралық стандарттар мен озық тәжірибені бүкіл Еуразия өңіріне таратуға ықпал етеді.

2023 жылы халықаралық қатынастарды нығайту мақсатында АХҚО соты мен ХТО Ұлыбритания, Гонконг, Қытай, Сингапур және басқа елдердің дауларды шешу жөніндегі мекемелерімен өзара түсіністік туралы 21 меморандумға қол қойды, қорытындылай келгенде, меморандумдардың жалпы саны 80-ге жетті.

АХҚО соты қараған істер

Біз инвесторлардың АХҚО соты мен ХТО-ны өздерінің заңды құқықтарын қорғайтын институттар ретінде тани бастағанын көріп отырмыз. Мұны істер санының өсуі, соның ішінде миллиондаған сомаларға талап қоюлар растайды. Бір сот ісінде мәлімделген ең үлкен сома 330 млн АҚШ долларын құрады. Жеті сот шешімі тараптардың бірі мемлекет болып табылатын МЖӘ және құрылыс келісімшарттары саласындағы күрделі мәселелерге қатысты болды және олардың барлығы толық орындауға жіберілді.

АХҚО сотының бірінші ісі

АХҚО сотының бірінші ісінде талап қоюшы Aurora AG Limited компаниясы болды, ол жауапкермен Шығыс Қазақстанда жерүсті геофизикалық жұмыстарын жүргізуге келісімшарт жасасқан. Талап қоюшы компания жұмысты аяқтағанын, бірақ жауапкер атқарылған жұмыстың ақысын төлемегенін мәлімдеді. Дәлелдер шағымның негізді екенін көрсетті және сот Aurora AG Limited компаниясының пайдасына шешім шығарып, орындалған жұмыс үшін 42,7 млн теңге (шамамен 110,8 мың АҚШ доллары) өндіріп берді. Сондай-ақ сот жауапкерге төлемді уақтылы төлемегені үшін 2,1 млн теңге (шамамен 5,5 мың АҚШ доллары) көлемінде айыппұл салды.

Бұл іс прецедентті қалыптастырды, содан кейін АХҚО соты коммерциялық дауларды шешудің тиімді органы ретінде танылды. Шешім шарттық міндеттемелерді нығайтты және соттың құқықтық стандарттарды сақтауға бейілділігін көрсетті.

АХҚО корпоративтік құрылымдардың дамуына ықпал етеді

Бұл іс заңды прецедент болды, өйткені тарихта алғаш рет АХҚО соты қазақстандық компанияны («Zeren Bidai Group» ЖШС) АХҚО қатысушысымен (Unicorn Crops Limited) біріктіру туралы санкция шығарды. Бұл кейс АХҚО сотының күрделі заң процестерін, оның ішінде корпоративтік құрылымдарға қатысты процестерді жүргізу мүмкіндігін растады және әртүрлі корпоративтік бірігуге қатысты кейінгі істердің бастау нүктесі болды.

АХҚО соты ұшқышсыз ғарыш стансасы туралы дауда прецедент жасады

Қазақстан-Ресей «Бәйтерек» бірлескен кәсіпорны ұшқышсыз ғарыш стансасына қатысты жанжалға байланысты Жерүсті ғарыштық инфрақұрылым нысандарын пайдалану орталығымен құқықтық дауға түсті. АХҚО соты шешім шығарды, оған сәйкес 13,7 млрд теңге (29,5 млн АҚШ доллары) көлеміндегі рекордтық сома төленді. Бұл прецедент АХҚО сотының елеулі қаржылық сомалары бар күрделі дауларды қарау мүмкіндігін айғақтайды.

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті (АХҚО комитеті, AFSA) АХҚО-дағы реттеушілік қадағалауға жауап береді және адал бәсекелестік пен нарықтың тұтастығына жәрдемдесу үшін әділ, ашық және қолайлы бизнес-ортаны қамтамасыз етеді. АХҚО комитетінің қызметі және оның реттеуші базасы жаһандық инвесторлар мен бизнесті тарту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, озық халықаралық стандарттар мен практикаларға сәйкес келеді. AFSA сонымен қатар қаржы компаниялары мен нарықтық ұйымдарды тіркейді, лицензия береді, аккредиттеуді ұсынады және оларды қадағалайды, сондай-ақ АХҚО-ның қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі актілерін әзірлейді.

АХҚО комитетінің ұйымдық құрылымы реттеуші функцияларды орындау кезінде оның тәуелсіздігі мен тұтастығын қамтамасыз етеді. Дербес әрекет ете отырып, АХҚО комитеті АХҚО комитетінің Директорлар кеңесіне, АХҚО Басқарушысына және Қазақстан Республикасы Президенті төрағалық ететін АХҚО-ны басқару кеңесіне есеп береді. Мұндай басқару құрылымы орнықты қаржылық экожүйені дамыту үшін қажетті реттеу мен есеп беруді жетілдіруге деген ұмтылысты көрсетеді.

Тіркеу

AFSA АХҚО-ның барлық қатысушыларын, соның ішінде реттелетін компанияларды, қосалқы және қаржылық емес қызметтерді ұсынатын компанияларды тіркейді.

Лицензиялау және аккредиттеу

AFSA АХҚО экожүйесінде тек сенімді өнімдер мен қызметтерді ұсынатын сенімді компаниялардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін АХҚО қатысушыларына лицензия береді. AFSA-ның аккредитациясы танылған қаржы компанияларына АХҚО нарықтарына оңайлатылған тәртіппен электрондық қолжетімділік береді.

Қадағалау, құқық қолдану, АЖ/ТҚҚ

AFSA қаржылық қызметтерді ұсынатын компанияларды қадағалайды және АХҚО қағидалары мен ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Ол сондай-ақ қаржы жүйесінің тұтастығын сақтау үшін АЖ/ТҚҚ ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Реттеуші базаны дамыту

AFSA АХҚО-да қаржылық қызметтерді реттеудің нұсқаулық қағидадары мен ережелерін әзірлейді және қабылдайды.

2023 жылғы негізгі стратегиялық бағыттар

Цифрлық активтер экожүйесін дамыту:

АХҚО комитеті цифрлық активтердің экожүйесін дамытуға және кеңейтуге ерекше назар аударады, бұл оның қаржы саласындағы инновацияларға, тиімділік пен қауіпсіздікке жәрдемдесуге бейілділігін көрсетеді.

Қорлар мен активтерді басқару тетіктерін жетілдіру:

Бұл бастама қорлар мен активтерді басқару жөніндегі қызметтің тиімділігі мен тұтастығын арттыруға ықпал ете отырып, реттеуші тетіктерді ретке келтіруге және жетілдіруге мүмкіндік береді.

Капитал нарықтарын дамыту:

АХҚО комитеті неғұрлым кең және озық капитал нарығын дамытуға жәрдемдесу мақсатында ынтымақтастықты белсенді дамытуда. Бұл стратегиялық фокус AFSA-ның капитал нарығының сенімді және жақсы жұмыс істейтін экожүйесін құруға деген ұмтылысын көрсетеді.

Орталық және Шығыс Еуропадағы, Орталық Азия мен Кавказдағы

1-ші

қаржылық реттеуші

AFSA – Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымының (IOSCO) консультациялар мен ынтымақтастыққа және ақпарат алмасуға қатысты кеңейтілген көпжақты өзара түсіністік туралы меморандумына қол қойған өңірдегі бірінші реттеуші, бұл меморандум құқық қолдану және бағалы қағаздар туралы заңдар мен ережелерді тиісті түрде сақтау саласындағы трансшекаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Тіркеу, лицензиялау және аккредиттеу

Қатысушылар санының өсуі

2023 жылы AFSA 657 жаңа компанияны тіркеді, қорытындысы бойынша АХҚО қатысушыларының жалпы саны 2 395 құрады, бұл ретте шетелдік компаниялардың үлесі шамамен 40%-ын құрады. АХҚО қатысушылары туралы толық ақпаратты 50-57-беттердегі «АХҚО қатысушылары» бөлімінен табуға болады.

Қаржылық қызмет көрсететін компаниялардың тарапынан қызығушылықтың артуы

2023 жылы АХҚО-ның өсіп келе жатқан экожүйесіне 20 жаңа қаржы ұйымы қосылды. Жыл соңында лицензияланған қаржылық қызмет көрсетушілердің жалпы саны 89-ға жетті, олардың жартысы қорларды басқаруға өтім берді. Толығырақ ақпаратты 58-беттегі «Қорларды басқару» бөлімінен табуға болады.

Күрделі қаржы құрылымдарын тіркеу мүмкіндігі

АХҚО-ның негізгі жетістіктерінің бірі – бірінші көпжақты сауда алаңын (Multilateral Trading Facility, MTF) тіркеуі болды, бұл реттеушінің осындай құрылымдардың келуі үшін қажетті инфрақұрылымды құрудағы кәсібилігін көрсетеді (толығырақ ақпаратты 55-беттен қараңыз).

2023 жылы сондай-ақ Polymetal компаниясының АХҚО юрисдикциясына редомициляциясы орын алды (толығырақ ақпаратты 44-беттен қараңыз), бұл инвесторлар мен әлемдік бизнес-қоғамдастыққа күрделі корпоративтік құрылымдарды релокациялау үшін тартымды және тиімді реттеуші ортаның бар екенін және AFSA-ның осы процесте барлық қажетті талаптардың сақталуын қамтамасыз ете алу қабілетін көрсетті.

Халықаралық қаржы институттарын аккредиттеу

Equilibrium Capital Ltd. АХҚО комитеті таныған алғашқы шетелдік басқарушысы қор болды, бұл халықаралық компаниялардың АХҚО-да болуға деген қызығушылығы өсіп келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, БАӘ, Кипр, Армения және Ресейлік 11 шетелдік брокер-дилерлер АХҚО қатысушылары емес танылған компаниялар мәртебесіне ие болды, бұл Орталықтың әртүрлі өңірлердегі қаржы ұйымдарымен қарым-қатынастарды дамытуға ықпал ете отырып, халықаралық қамтуын айшықтады.

Қаржы секторында сараптаманы нығайту

AFSA АХҚО компанияларында негізгі қаржылық лауазымдарды атқаратын тұлғалардың құзыреттілігі мен біліктілігін тексеру және арттыру бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізеді. Бақыланатын функцияларға 90 үміткердің бекітілуіне әкелген бұл жұмыс жауапты тұлғалардың дағдыларын, білімі мен тәжірибесін стандарттарға сәйкестігін мұқият тексеруді, сондай-ақ компаниялардың тәуекелдерді басқару мен мәдениетін бағалауды білдіреді.

Тіркеу бойынша халықаралық деңгейде танылған қызметтер

АХҚО комитетінің операциялық тиімділікті арттыру бойынша күш-жігері АХҚО-да лицензиялау және тіркеу процестерінің айтарлықтай жақсаруына әкелді. Лицензия алуға өтімді өңдеудің орташа уақыты 39 жұмыс күніне дейін, ал аккредиттеуден өтуге өтімді өңдеу уақыты 13 жұмыс күніне дейін қысқарды, бұл әлемдегі орташа көрсеткіштерден жылдамырақ. Сонымен қатар, e-Residence порталы арқылы компанияларды тіркеу қызметтерін цифрлық форматқа көшіру тіркеу процесін едәуір жеңілдетіп, тіркеу уақытын 5 күннен 3 сағатқа дейін қысқартты. Оның шеңберінде компанияларды тіркеудің 98%

жүргізілген және тіркеу деректерін өзгертуге байланысты өтімдердің 40% өңделген онлайн-өтімдер жүйесіне көшу, тиімділікті одан әрі арттыруға ықпал етті. Реттеуші жүргізген цифрлық трансформация 2023 жылы Корпоративтік тіркеушілер қауымдастығы тарапынан инновация үшін берілетін беделді сыйлықпен марапатталды, бұл оның реттеу рәсімдерінде новаторлық тәсілдерді қолдануға деген бейілдігін көрсетеді.

Байланысты жақсарту және ашықтықты арттыру

Компанияларды лицензиялау рәсімін жүргізу кезінде ашықтықты қамтамасыз ету өте маңызды. Лицензиялау мерзімдерін жоспарлау және реттеуші мен компаниялар арасында ашық ақпарат алмасу транспаренттілік пен сенімділіктің артуына ықпал етеді. Өз кезегінде AFSA өз веб-сайтында лицензия алу үшін қажетті қадамдар мен талаптар туралы толық ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етуде, бұл өтініш беруші үшін процесті айтарлықтай жеңілдетеді.

Қадағалау мен құқық қолдану, АЖ/ТҚҚ

АХҚО комитеті 2018 жылы құрылғаннан бері көптеген секторлар мен юрисдикциялар шеңберінде қаржылық қадағалауды жақсарту бойынша айтарлықтай қадамдар жасады.

AFSA қадағалау жүйесінің жаһандық танылуы

AFSA қадағалау жүйесі IOSCO-ның стандарттарды енгізу мониторингі есебінде (2023 ж. ақпан) халықаралық деңгейде танылды. 55 юрисдикцияның қатысуымен екі жыл ішінде жүргізілген бағалау АХҚО-ның, әсіресе бағалы қағаздар нарығына қатысты реттеуші жүйесінің сәйкестігін растады. Бұл тынылу АХҚО комитетінің негізгі реттеуші стандарттарды сақтауға және озық халықаралық практикаға бейілділігін айғақтайды.

АХҚО комитетінің АЖ/ТҚҚ реттеудің сенімді практикасы Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (FATF) стандарттарына сәйкес келеді

Қазақстан мен АХҚО-ның екі жылдық бағалауынан кейін Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ (EAT) АЖ/ТҚҚ дамыған реттеуімен жұптасқан қадағалау жүйесінің сенімділігі мен тәуекелге бағдарланғандығын растады. АХҚО комитеті виртуалды активтерді одан әрі мониторинг жүргізу үшін күдікті транзакциялар белгілері бар тізімге енгізе отырып, Қазақстандағы АЖ/ТҚҚ ұлттық реттеуді жақсартуға маңызды әсер етті, бұл осындай күдікті транзакцияларға қатысты кез келген ақпаратты ашу мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің тиісті бұйрығында көрініс тапты.

Санкцияларды сақтау

2023 жылы АХҚО комитеті санкцияларды сақтамаудың кез келген түріне абсолютті төзбеушілік тәсілін ілгерілеті отырып, бірқатар

үкіметтік және халықаралық агенттіктердің үйлестірілген күш-жігеріне алып келген санкцияларды сақтау жөніндегі кешенді бастаманы бастады. Осы күш-жігермен AFSA қаржылық тұрақтылыққа ықпал етеді, халықаралық ынтымақтастықты қолдайды, мүдделі тараптар арасындағы сенімді нығайтады және ұлттық әрі халықаралық қауіпсіздіктің анағұрлым кең мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

Қаржы секторын бағалау бағдарламасына қатысу

АХҚО-ның Халықаралық Валюта Қорының (ХВҚ) және Дүниежүзілік банктің Қаржы секторын бағалау бағдарламасының төрт негізгі бағытына енгізілуі оның Қазақстанның қаржы секторындағы артып келе жатқан маңыздылығын және оның қаржы нарықтарын қалыптастыру, криптоактивтер нарығын реттеу, климаттық тәуекелдерді талдау және капитал нарықтарын дамытуда негізгі ойыншы ретінде қалыптасуын көрсетеді. ХВҚ-мен ынтымақтастық инвесторлардың сенімін арттыра отырып, ашықтыққа, реттеуді жетілдіруге және халықаралық ынтымақтастыққа деген ұмтылысты көрсетеді.

Қадағалау және құқық қолдану шаралары

Сенімді қаржылық қадағалауды қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылы АХҚО комитеті қос лицензияның қолданылуын тоқтату, пруденциялық талаптар мен есептілікке қойылатын талаптарды қоса алғанда, АХҚО қағидалары мен ережелерінің бұзылуына жауап ретінде ескерту хаттарын жіберу, айыппұлдар салу және жазбаша нұсқаулар беру сияқты бірқатар алдын алу шараларын жүргізді. Комитет сонымен қатар заңсыз әрекеттерді тоқтату туралы хат жіберіп, үш жеке ескерту жасап, ақшалай айыппұл салып және екі бітімгершілік келісім бекітіп, өзінің құқық қорғау рөлін кеңейтуді жалғастырды.



FATF/EAG өзара бағалау туралы есебі

2023 жылы ФАТФ/ЕАТ өзара бағалау туралы есебі АХҚО юрисдикциясын АЖ/ТҚҚ халықаралық стандарттарына сәйкес, ал АХҚО комитетін – ФАТФ стандарттарына сәйкес келетін, дамыған АЖ/ТҚҚ реттеуі бар тиімді орган деп таныды.



Сақтандыруды қадағалау органдарының халықаралық қауымдастығы (IAIS)

2020 жылы АХҚО комитеті Сақтандыруды қадағалау органдарының халықаралық қауымдастығының өзара түсіністік туралы көпжақты меморандумына (IAIS MMoU) қол қойды. Көпжақты меморандум 2007 жылы сақтандыруды реттеушілер арасындағы сақтандыру компанияларының ынтымақтастығын, ақпарат алмасуын және қадағалауын қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.



IOSCO-ның AFSA қадағалау жүйесін тануы

АХҚО комитеті 2018 жылы Бағалы қағаздар жөніндегі комиссияның халықаралық ұйымының (IOSCO) қауымдастырылған мүшесі ретінде қабылданды. 2023 жылы кешенді екі жылдық бағалау аяқталғаннан кейін AFSA-ның қадағалау жүйесін IOSCO тарапынан танылды, бұл реттеушінің маңызды жаһандық стандарттар мен бағалы қағаздар нарығындағы үздік практикаларға сәйкестігін сақтауға деген ұмтылысын көрсетеді.

Реттеуші базаны дамыту

2023 жылы АХҚО комитеті 20-дан астам негізгі реттеуші актіні әзірлеп, қабылдады, олардың ішіндегі ең маңыздылары:

Валюталық реттеу және АХҚО-да жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар АХҚО қатысушылары 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан резиденттеріне ұсына алатын қаржылық қызметтер спектрін кеңейтеді:

АХҚО банктері енді жергілікті коммерциялық банктерде кез келген валютада корреспонденттік шоттар аша алады, ал қатысушылар жарғылық капиталды қазақстандық банктер арқылы кез келген валютада және АХҚО банктері арқылы шетел валютасында толықтыра алады;

АХҚО қатысушылары енді халықаралық қор нарықтарында бағалы қағаздар бойынша ғана емес, сонымен қатар инвестициялық қорлардың пайларын, тауарлық, туынды және көміртекті құралдарды қоса алғанда, инвестициялардың басқа да түрлері бойынша брокерлік қызметтер көрсете алады (кез келген валютада). АХҚО қатысушылары енді орталық контрагенттің есеп айырысуларына тікелей қолжетімділігі болған жағдайда қазақстандық бағалы қағаздар бойынша брокерлік қызметтер көрсете алады (кез келген валютада). Бұрын мұндай қызметтерді көрсету үшін қатысушының ҚНРДА лицензиясының болуы немесе Орталық бағалы қағаздар депозитарийіндегі есеп айырысуларға тікелей қолжетімділігі қажет болатын;

Исламдық қаржыландыру қызметтерін енді АХҚО-дағы ислам банктері ғана емес, сонымен қатар исламдық қаржы ұйымдары да ұсына алады (кез келген валютада);

АХҚО қатысушылары енді агроөнеркәсіптік кешен және жол инфрақұрылымын салу саласында жұмыс істейтін резиденттерге лизинг қызметтерін көрсетуге құқылы (кез келген валютада);

АХҚО қатысушылары енді крипто-активтерді пайдалана отырып, краудфандингтік қызметтер, криптобиржа, брокерлік, дилерлік және кастодиандық қызметтер көрсете алады, сондай-ақ цифрлық активтермен инвестицияларды басқара алады (кез келген валютада).

Қазақстан Ұлттық Банкімен және ҚНРДА-мен бірлесіп әзірленген бұл өзгерістер қаржылық қызметтерді едәуір қолжетімді, ал Қазақстанның қаржы нарықтарын бәсекеге қабілетті етеді. Тараптардың ынтымақтастығы ақпарат алмасу процестерін жақсартуға, елдегі қаржылық реттеудің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Төлемге қабілетсіз қаржы институттарын реттеу тетігі

қатысушыларға төлем қабілетсіздігі жағдайында да жүйелі маңызды қаржылық қызметтерді үздіксіз ұсынуға қолжетімділікке кепілдік береді. Мұның бәрі тұрақтылық пен қаржы жүйесіне деген сенімді сақтауға көмектеседі. Бұдан басқа, қаржы институттарының төлем қабілетсіздігі мәселесін шеше отырып, бұл тетік осы мекемелермен байланысты инвестициялары немесе активтері болуы мүмкін инвесторлардың мүддесін қорғайды, осылайша төлем қабілетсіздігін басқарудың құрылымдық процесін қамтамасыз етеді, инвесторлар үшін салдарды мүлдем азайтады.

АХҚО-да тауарлық туынды құралдар мен көміртегі нарықтарын дамыту мақсатын көздейтін **тауар биржаларына арналған реттеуші база** лицензияланған биржалар мен клирингтік палаталар үшін лицензияларды ұзарту, тауарлық туынды құралдар мен экологиялық құралдардың саудасы мен клирингі үшін объектілерге қол жеткізуге қойылатын талаптар, әділ сауда практикасы және клиринг пен есеп айырысуды реттеу сияқты маңызды мәселелерді шеше отырып, сауда мүмкіндіктерін едәуір кеңейтті. Онда сондай-ақ АХҚО-да кешенді және жақсы реттелетін ортаны қамтамасыз ететін уәкілетті нарықтық институттардың қызметіне қойылатын талаптар жазылған.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген **Цифрлық активтермен қызмет туралы қағидалар жинағы** АХҚО-ның цифрлық активтерді қадағалау саласындағы саясатын және оның ішінде АХҚО криптобиржалары мен Қазақстанның коммерциялық банктері арасындағы өзара іс-қимылдың пилоттық жобасы нәтижесінде алынған практиканы шоғырландырады. Құжат цифрлық активтерді сату

платформасының операторлары, қорлар мен инвестицияларды басқарушылар, брокерлік және кастодиандық компаниялар және т.б. сияқты көптеген ұйымдарды қамтитын цифрлық активтерді жеткізушілерге қойылатын кеңейтілген талаптарды енгізді. Жаңа реттеуші режим цифрлық активтер қызметтерін жеткізушілерге заңсыз әрекеттер, киберқауіптер, нарықтағы теріс қылықтар және т.б. сияқты тәуекелдердің кең ауқымын қамтитын нақты құқықтық және реттеуші базаны ұсынады.

АХҚО цифрлық активтер қызметтерін жеткізушілердің Қазақстанның коммерциялық банктерімен өзара іс-қимыл жасау тәртібі

цифрлық активтермен қызметке қатысты қолданыстағы қағидалар жинағына және екінші деңгейдегі банктер үшін олардың цифрлық активтер қызметтерін жеткізушілермен өзара іс-қимылының бұрын AFSA белгілеген нұсқаулығына маңызды қосымша саналады. Жаңа қағидалар цифрлық активтер қызметтерін жеткізушілердің кең спектрін қоса алғанда, өзінің қолданылу аясын кеңейтеді: енді олар цифрлық активтердің брокерлік компанияларын, активтер мен қорларды басқарушыларды, осылайша Қазақстанның екінші деңгейдегі банктерімен өзара іс-қимыл жасай алатын субъектілер шеңберін кеңейтеді. Қағидалардың айрықша ерекшелігі – олар енді пилоттық жобаға қатысатын банктерге ғана емес, сонымен қатар елдің басқа банктеріне де қатысты қолданылады. Қағидалар туралы қосымша ақпаратты 68-69 беттегі «Финтех және инновация» бөлімінен табуға болады.

АХҚО-ның цифрлық активтермен қызмет жөніндегі қағидаларын толықтырған **стейблкоиндер² шығаруға арналған реттеуші база** базистік валюталар, капиталға қойылатын талаптар, сатып алу құқығы, резервтік активтердің құрамына қойылатын талаптар және олар бойынша ақпаратты ашу сияқты түрлі мәселелерді қамти отырып, АХҚО-да цифрлық активтердің қауіпсіз және ашық ортасын дамытуда маңызды рөл атқарды. Реттеуші база шеңберінде AFSA тек бір валютамен қамтамасыз етілген фиаттық стейблкоиндер шығаруға рұқсат береді. Жаңа реттеуші жүйе Қаржылық

² Стейблкоин — бұл нақты бір активке, мысалы, АҚШ доллары сияқты қағаз валютасына немесе алтын сияқты тауарға қатысты тұрақты құнға ие болуға арналған криптовалюта түрі. Өте тұрақсыз болуы мүмкін Биткойн немесе Эфириум сияқты дәстүрлі криптовалюталардан айырмашылығы, стейблкоиндер уақыт өте келе тұрақты құнды сақтауға тырысады.

тұрақтылық кеңесі, Бағалы қағаздар жөніндегі комиссияның халықаралық ұйымы (IOSCO), Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті, Төлем және нарықтық инфрақұрылымдар комитеті, Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы және Халықаралық есеп айырысу банкі сияқты органдардың ұсынымдарына сәйкес әзірленді.

Токенизацияланған бағалы қағаздарды³ орналастыру жөніндегі реттеуші база АХҚО-да токенизацияланған бағалы қағаздарды шығару тәртібін реттейді. IOSCO халықаралық стандарттарына сәйкес әзірленген реттеуші база тиісті реттеушілік қадағалаудың кепілдіктерін қамтамасыз етеді, осылайша инвесторлардың қорғалуын және нарықтың тұтастығын арттырады.

Активтерді басқарудың кеңейтілген реттеуші базасы операциялық тиімділікті арттыру және активтерді басқарудың неғұрлым тартымды шарттарын жасау мақсатында 2023 жылдың маусымында қолданысқа енгізілді. Қорларды басқарушылар енді қорларды, соның ішінде жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді немесе портфельдері бөлек компанияларды, сондай-ақ қолшатыр қорларды, қорлардың қорларын, немесе негізгі және фидерлік қорларды құрылымдау кезінде кеңейтілген мүмкіндіктерге ие, ал жылжымайтын мүлік инвестициялық қорлары белгілі бір шектеулермен құрылысы салынып жатқан жылжымайтын мүлікке инвестициялай алады. Шетелдік қор басқарушыларын тану процесі құжатта нақты көрсетілген, бұл ашықтықты қамтамасыз етеді және оларды АХҚО-да тіркеу процесін жеңілдетеді. Қорларды құрылымдау нұсқаларының кең таңдауы қорларға өздерінің инвестициялық мақсаттары үшін ең қолайлы құрылымды таңдауда икемділік береді, сол арқылы қор басқарушылары мен инвесторлардың кең ауқымын тарта алады.

Қорды басқару жөніндегі нұсқаулық АХҚО-да қор басқарушысы мәртебесін алу және ұжымдық инвестициялау схемасын құру процесінің жан-жақты сипаттамасын ұсынады. Қорларды құрудың жаңа тетіктерін енгізу, сондай-ақ мамандандырылған қорлардың кеңейтілген тізімі қор басқарушыларына қолшатыр қорлары, қорлардың қорлары және фидерлік қорлары сияқты қорларды құрылымдаудың көбірек мүмкіндіктерін ұсынады.

Арнайы қорлардың жаңа санаты ретінде ESG-қорлар AFSA-ның активтерді басқаруға ESG факторларын интеграциялауға деген бейілдігін көрсетеді. Мұндай қорлар арқылы инвесторлар экологиялық және әлеуметтік жауапты бастамаларға өз үлестерін қосуға мүмкіндік алады.

Нақты болу қағидаларына нұсқаулық ЭЫДҰ-ның зиянды салық практикасына қатысты 5-іс-қимылымен тығыз байланысты және АХҚО қатысушыларының корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығынан босатуларды қолдануын қамтиды. Нұсқаулықты әзірлеу кезінде АХҚО комитеті салық практикасының танылған халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етуді басшылыққа алды.

³ Токенизацияланған бағалы қағазды орналастыру (Security Token Offering) – бұл қаржыландыруды тарту әдісі, мұнда цифрлық токендер компанияға немесе активке меншік ету немесе қатысу құқығы ретінде инвесторлар үшін шығарылады және оларға сатылады. Токендер бағалы қағаздар болып саналады, өйткені олар инвесторларға арнайы құқықтар ұсынады және бағалы қағаздар туралы қағидаларға бағынады. Олар монеталардың бастапқы ұсыныстарынан нормативтік талаптарға сәйкес келуімен ерекшеленеді, инвесторларға заңды қорғаныс пен кепілдіктер береді және әдетте инвесторларға ықтимал дивидендтер, пайдаға қатысу немесе дауыс беру құқығын ұсына отырып, жылжымайтын мүлік, компания акциялары немесе тауарлар сияқты активтермен қамтамасыз етілген бағалы қағаздар – токендерді шығаруды қамтиды.





Ынтымақтастық

АХҚО комитетінің жаһандық реттеуші стандарттарды бағалаудағы рөлін арттыру

AFSA реттеуді бағалау саласындағы бірқатар халықаралық бастамаларға белсенді қатысты, бұл елдің жаһандық қаржылық стандарттарды қалыптастырудағы рөлін айшықтайды. Мәселен, АХҚО комитеті Австралияның Бағалы қағаздар және инвестициялар жөніндегі комиссиясының Сақтандыруды қадағалау органдарының халықаралық қауымдастығының Жұмыс тобына кіруіне бағалау процесін басқарып, Қазақстан өкілдерінің осындай ауқымды бағалауға қатысуы прецедент туғызды.

AFSA-ның стратегиялық серіктестіктері

Реттеу саласындағы жаһандық ынтымақтастықты нығайту аясында 2023 жылы АХҚО комитеті БАӘ, Люксембург, Оман, Ресей, Кайман аралдары, Қырғызстан, Моңғолия, Өзбекстан және Венгрияның танымал реттеуші органдармен өзара түсіністік туралы тоғыз меморандум жасады. Барлық жылдар ішінде реттеуші осындай сипаттағы 53 келісім жасасты. Бұл құжаттар АХҚО-ның әлемнің қаржы картасындағы негізгі ойыншы ретіндегі позициясын және Қазақстанның халықаралық реттеу стандарттарын сақтауға бейімділігін нығайтады, сондай-ақ реттеуші органдар арасындағы өзара сенім мен түсіністікті нығайту арқылы шетелдік инвестициялар үшін қолайлы жағдай жасайды.

Реттеу саласындағы сараптама орталығы

2019 жылдан бастап басқа реттеушілерден ақпарат алмасуға сұраулар санының айтарлықтай өсуі байқалады, ол шамамен 73 сұрауға (2023 жылы 33 сұрау) жетті, бұл АХҚО комитетінің реттеу мәселелері бойынша сараптама орталығы ретінде халықаралық сенімі мен танылуы артып келе жатқанын көрсетеді.

Халықаралық дискуссияларға қатысу

2023 жылы AFSA спикер ретінде бірқатар халықаралық іс-шараға және ұйымдастырушы ретінде конференцияларға белсенді қатысты, осылайша қаржы секторы саласындағы жаһандық дискуссиялардың дамуына үлес қосып, АХҚО туралы хабардарлықты арттырды. Комплаенс пен тәуекелдерді басқару саласына баса назар аударылып, Лондон қор биржасымен бірлескен Тәуекелдер жөніндегі саммит, сондай-ақ қаржы саласындағы өңірлік ынтымақтастықты талқыланған САМСА өңірлік форумының өтуі басты оқиғалар болды. АХҚО комитетінің өкілдері Istanbulish, Insurance Central Asia, Қазақстандық заң форумы, Plan B Lugano, Будапешт Еуразиялық форумы және Қаржы магнаттарының Лондон саммиті сияқты маңызды конференцияларға қатысты.

Сауда инфрақұрылымы

АХҚО биржасы (Astana International Exchange, AIX) 2017 жылы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын дамыту және оның халықаралық капитал нарықтарымен интеграциялануын қамтамасыз ету мақсатында құрылды.

AIX миссиясы – бизнес пен инвесторларға инновациялық өнімдер мен қызметтерді ұсыну арқылы Орталық Азия өңірінде және одан тыс жерлерде сенімді және өтімді капитал нарықтарын дамыту.

AIX туралы жалпы мәліметтер

Инвестициялар тартуға арналған қолайлы жағдайлар

- AIX Ұлыбританияның Салық және кеден органының тарапынан танылды, бұл Ұлыбританияның зейнетақы қорлары мен басқа инвесторлар оның алаңына инвестиция сала алады деген сөз.
- AIX FTSE Frontier Index Series (шекара нарықтары) талаптарына сәйкес келетін нарық ретінде танылды.
- AIX қағидаларында Ұлыбританияның листинг жөніндегі басқармасының (UKLA) және Дубай халықаралық қаржы орталығының (DIFC) ең үздік практикалары мен тәжірибелері ескерілген.
- Бағалы қағаздар нарығын қадағалау жөніндегі еуропалық басқармасы (ESMA) AIX-ті MiFID II / MiFIR талаптарына сәйкес саудадан кейінгі ашықтықты сақтау бойынша еуропалық стандарттарға сәйкес келетін үшінші елдердің (еуропалық емес биржа) сауда алаңы деп таныды.

Кепілдендірілген қауіпсіздік

- NASDAQ сауда платформасы.
- Amazon Web Services бұлтты сауда платформасы.
- ISO 27001, ISO 27032, ISO 27018 және ISO 27017 ақпараттық және киберқауіпсіздік жаһандық сертификаттары.

Капитал нарығына оңай қол жеткізу

- Эмитенттерге арналған жылдам әрі қарапайым листинг және кросс-листинг рәсімдері.
- Брокерлердің АХҚО-да лицензия алмай, тану рәсімін пайдалана отырып, AIX-те сауда жасау мүмкіндігі бар.
- Ситибанк Қазақстанды қоса алғанда, 13 кастодиан.
- 6 ірі жаһандық кастодиан Citibank арқылы AIX CSD-ге қол жеткізді.
- 37 жергілікті және халықаралық брокер (Қазақстан, Қытай, БАӘ және Еуропа).

Әлемдік кластағы инфрақұрылым

- Вертикалды-интеграцияланған сауда-есеп айырысу құрылымы (Euroclear, Citi).
- AIX Бағалы қағаздар орталық депозитарийі үшін Thomas Murray рейтингі «А+» (төмен тәуекел).
- AIX Swift жаһандық желісімен тікелей интеграция үшін Swift Alliance Cloud⁴-ке қол жеткізген алғашқы қаржы институттарының бірі.

Біздің акционерлеріміз:



АХҚО әкімшілігі



Shanghai Stock Exchange



Silk Road Fund



NASDAQ

⁴ Alliance Cloud — бұл Swift жаһандық желісіне бірқалыпты интеграцияны қамтамасыз ететін қауіпсіз бұлтты шешім. Alliance Cloud-қа қол жеткізу AIX-ке икемділік пен ауқымдалуды, операциялық тәуекелдер мен хостинг шығындарын азайтуды, сондай-ақ негізгі компоненттерге қауіпсіз және тұрақты ортада қызмет көрсетуді және жаңартуды қоса алғанда, көптеген артықшылықтар береді. Төлем операцияларын жүргізу кезінде орын алатын төлем мерзімін кейінге қалдыру және бейімделу – қаржы саласы осы талаптарды реттеуге және ескеруіне мүмкіндік береді.

Капитал нарығы


Соңғы жылдары әлемдік экономика бетпе-бет келген макроэкономикалық және геосаяси шиеленістер, жоғары пайыздық мөлшерлемелер сияқты қиындықтарға қарамастан, 2023 жыл АИХ үшін листингтер саны, сауда-саттық көлемі және бизнес тартқан капиталды қоса алғанда, көптеген параметрлер бойынша рекордтық жыл болды. Осындай нәтижелерге қол жеткізу үшін клиенттердің қажеттіліктерін шешуге, стейкхолдерлермен тығыз ынтымақтастыққа және тиімді шешім қабылдау процестері мен қызметкерлердің жеке жұмылуын пайдалана отырып, өзгеріп жатқан нарықтық жағдайларға тез бейімделуге көп көңіл бөлінді.

Листингтер және сауда көлемі

2023 жылы АХҚО биржасында жаңа орналастырулардың өсуі жалғасты – 63 листинг (56 борыштық және 7 үлестік бағалы қағаз) өтті, бұл 2022 жылғы көлемнен 4,5 есе көп. БАӘ, Люксембург, Ұлыбритания және Кипрден жаңа халықаралық эмитенттер қосылды, олардың бес эмитенті облигациялар орналастырды.

АИХ-тегі сауда-саттықтың (акциялар, облигациялар, ETN, ETF)⁵ жиынтық көлемі 2023 жылы 582 млн АҚШ долл. құрап, 2022 жылмен салыстырғанда үш есе өсім көрсетті, ол кезде сауда-саттық 173 млн АҚШ долл. құраған еді. АИХ ресми тізіміне 94 түрлі эмитенттің 150 бағалы қағаз шығарылымы кіреді. 2023 жылы акциялармен сауда-саттық көлемі де үздік нәтиже көрсетіп, 130 млн АҚШ долл. құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда екі есе көп.

АИХ-тегі листингтер



⁵ АИХ-тегі әр түрлі бағалы қағаздармен (мысалы, акциялар, облигациялар, ETN, ETF) сауда-саттықтың жылдық көлемі.

2023 жылдың қорытындысы

150

бағалы қағаздар
листингі

94

эмитент

\$582 млн

сауда көлемі

>1,5 млн

инвесторлардың АИХ Бағалы қағаздар орталық депозитарийінде тіркелген шоттары

\$365 млн

тартылған акционерлік капитал


\$4,2 млрд

тартылған борыштық капитал

Сауда-саттықтың жалпы көлемі

582 млн АҚШ долл.
2023 ж. сауда-саттық
көлемі

3,4x
2023 ж. өсім



Нарықтық капиталдандырылу

62,6 млрд АҚШ долл.
2023 ж. нарықтық капиталдандырылу

+63%
2023 ж. өсім



Акциялар нарығы


Бағалы қағаздар нарығын компаниялардың IPO-сы арқылы дамыту және үлеспұлдық капиталды ұлғайту бизнестің өсуіне, корпоративтік басқаруды жақсартуға ықпал етеді және жаңа инвестициялық мүмкіндіктер ашады. АИХ Қазақстанның жекешелендіру бағдарламасында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК IPO-сынан бастап, 2022 жылы «ҚазМұнайГаз» IPO-сына және 2023 жылы «KEGOC» АҚ-ның IPO-сына дейін белсенді рөл атқарды. Бұл орналастырулар жергілікті және шетелдік инвесторлардың капиталын тартуға, сондай-ақ бизнестің өсуін ынталандыруға және инвесторлар үшін мүмкіндіктерді жақсартуға ықпал етті.

2023 жылы Polymetal компаниясының АХҚО юрисдикциясына редомициляциясы және листингті АХҚО биржасына ауыстыруы маңызды оқиға болды, бұл компания акцияларымен сауда-саттық пен мәмілелер көлемінің айтарлықтай өсуіне әкелді. Бір сауда күнінде бір күнгі сауда-саттық көлемі 1 млн АҚШ долларынан асты.

Тартылған акционерлік капитал

365 млн АҚШ долл.
Тартылған акционерлік капиталдың жалпы көлемі


9 млн. АҚШ долл.
2023 жылы тартылған акционерлік капитал



2023 жылы ең көп сауда-саттық жасалған бағалы қағаздар Polymetal акциялары болды, олардың үлесі бір жыл ішінде 2,5%-дан 31,1%-ға дейін айтарлықтай өсті, одан кейін 30,7% үлеспен «ҚазМұнайГаз» ҰК-ның акциялары тұр. Бұл ретте «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» акциялары мен ЖДҚ үлесі бір жылдағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 18,2%-ын құрады.

Акциялармен сауда-саттықтағы бейрезиденттердің үлесі жыл ішінде 31%-ды құрады, 2023 жылдың қарашасында 61% шыңына жетті, бұл АІХ-тің халықаралық мәртебесін растайды.

2023 жылы құны ең көп өскен үздік-5 акция



Ең көп сауда-саттық жасалатын үздік-5 акция



Борыш нарығы


AIX борыш нарығы 2023 жылы 56 борыш құралдарының листингі есебінен рекордтық өсуді көрсетті. Тартылған борыш капиталының көлемі

2 млрд АҚШ долл. құрады. Сонымен қатар, түрлі Өтімділікті басқару бағдарламалары аясында 1,9 млрд АҚШ долл. жуық сауда жасалды.

Тартылған борыш капиталы

4,2 млрд АҚШ долл.
тартылған жалпы
борыш капиталы

+2 млрд АҚШ долл.
2023 жылы тартылған
борыш капиталы



АХҚО биржасының Орталық депозитарийі (AIX CSD)

Өзінің жаһандық қатысуының дәлелі ретінде AIX 2023 жылы 14 жаңа мүшені қабылдады, оның ішінде брокерлер мен кастодиандар бар, олардың жартысы - Швейцария, Кипр және Ресейден келген халықаралық компаниялар. Осы компаниялардың төртеуі АХҚО-да тіркелді, бұл орталықтың юрисдикциясына қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді.

Жыл соңында AIX пен AIX CSD-де тіркелген 47 компанияның 37-де брокерлік лицензия бар (4 компания брокерлік және кастодиандық қызметтерді ұсынады), 9-ы кастодиан және бір компания орталық депозитарий болып табылады. Олардың ішінде 21 шетелдік компания, 6-ы АХҚО юрисдикциясынан, біреуі халықаралық даму институты болып табылады және Қазақстаннан 19 компания бар.

Polymetal компаниясының АХҚО-ға редомициляциясы

2023 жылдың сәуірінде Лондонда және Мәскеуде қайталама листингімен AIX-тегі бастапқы листингі мақұлданғаннан кейін Polymetal 2023 жылдың тамызында Джерси аралдарынан АХҚО юрисдикциясына редомициляция рәсімін сәтті аяқтады. Таяу Шығыс пен Азиядағы басқа қаржы орталықтарының орнына АХҚО-ның пайдасына жасалған стратегиялық таңдау Қазақстанның тұрақты бизнес климаты бар саяси бейтарап ел ретіндегі мәртебесін растады.

Редомициляция BlackRock, Норвегия егеменді қоры сияқты ірі қорларды және басқа да белгілі компанияларды тартты, ал АХҚО биржасындағы листинг жаһандық кастодиан-банктермен ынтымақтастыққа ықпал етті. Нәтижесінде ең ірі әлемдік кастодиандардың алтауы АХҚО биржасының Орталық депозитарийінде (AIX CSD) қосалқы шоттарын ашты, бұл шекаралық және дамушы нарықтарды

көздейтін инвестициялық қорлардың қазақстандық қор нарығына қолжетімділігін кеңейтті. Инвесторлар мен Polymetal-дың бағалы қағаздары сақталатын кастодиандар AIX CSD мүшесі болып табылатын Ситибан Қазақстан арқылы AIX CSD-де шоттар ашты.

Бүгінгі таңда шетелдік инвесторлар (институционалдық және бөлшек) 1,3 млрд АҚШ долл. жалпы сомасының 1,2 млрд АҚШ долл. сомасына Polymetal акцияларына иелік етеді. Бұл ретте әлемнің 40-қа жуық елінің бөлшек инвесторлары AIX CSD-де шот ашты.

- Ұлыбританиядан, АҚШ-тан, Еуропадан және т.б. шетелдік инвесторлардың > 4000 жаңа шоты;
- қараша-желтоқсанда биржадағы сауда-саттықтың 61%-ы өсті, бұл Polymetal-ды AIX-те ең көп саудаланатын құралға айналдырды;
- кем дегенде 6 ірі әлемдік кастодианның қазіргі уақытта AIX CSD-де шоттары бар.

Polymetal – әлемдегі ең ірі 15 алтын өндіруші және әлемдегі ең ірі 10 күміс өндірушінің бір. Компанияның он алтын және күміс өндіретін кеніші бар, сондай-ақ бірқатар ірі жобалары пысықталып жатыр.



Бөлшек инвесторлар

АИХ бөлшек инвесторлар базасын кеңейтуге және бағалы қағаздарға неғұрлым қолжетімді тәсілдермен инвестициялауға мүмкіндік беруді мақсат етеді, осылайша саналы инвестициялық шешімдерге ықпал етеді. 2022 жылы АИХ TABYS мобильді қосымшасында IPO-ға тікелей жазылу платформасын іске қосты, бұл бөлшек инвесторларға брокерлік шоттарды ашпай жекешелендіру бағдарламасына қатысуға мүмкіндік береді.

TABYS қосымшасында инвесторлардың 45 мың akkaунты, 16 мың белсенді инвестор тіркелген. 2023 жылы мобильді қосымша арқылы сауда-саттық көлемі, оның ішінде «ҚазМұнайГаз» ҰК IPO-сы, KEGOC SPO-сы және Air Astana IPO-сы шеңберіндегі бағалы қағаздар бойынша 5,5 млн АҚШ долл. құрады. TABYS қосымшасы мобильді инвестиция нарығында, соның ішінде брокерлік шоттарды ашуды қажет етпейтін тікелей жазылу құралы арқасында танымал болды.

Tabys

TABYS – бөлшек инвесторларға арналған және бірқатар қаржы өнімдерін, соның ішінде бастапқы инвестициясы 1 АҚШ долл. асатын 16 биржалық ноттарды (ETN) ұсынатын мобильді қосымша. TABYS 16 жастан асқан Қазақстан тұрғындарына қолжетімді.



TABYS инвесторлары

45 600
бөлшек инвестор

29%
2023 жылы
инвесторлар
санының өсуі




TABYS қосымшасындағы инвестициялар көлемі мен сауда-саттық көлемінің өсуі 2023 жылы тарихи деңгейге жетті

Инвестициялар көлемі

4,2 млн АҚШ долл.
инвестициялардың жалпы
көлемі


+1,1 млн АҚШ долл.
2023 жылғы инвестициялар



Сауда-саттық көлемі

5,5 млн АҚШ долл.
2023 жылғы сауда-саттық
көлемі

+53%
2023 жылғы өсім



ҚМГ – IPO-дан кейінгі бір жыл

2022 жылы АІХ және KASE қор биржаларында «ҚазМұнайГаз» ҰК-ның 3% акцияларын орналастыру жүзеге асырылды, оның қорытындысы бойынша компания акционері «Самұрық-Қазына» қоры шамамен 330 млн АҚШ долл. тартты. Листинг маңызды деп танылды - салыстырғанда, тек бес Лондон қор биржасының эмитенттері сол жылы АҚШ-тағы IPO-да орташа құны 170-180 млн АҚШ долл. деңгейіндегі кезде 100 млн АҚШ долл. астам қаражат тарта алды.

Бұл орналастыру Қазақстан азаматтарына елдегі ең ірі мұнай-газ компаниясының акционерлері болуға мүмкіндік беруімен ерекше болды – бөлшек инвесторлар жалпы сомасы 75 млрд теңгеге 130 000-ға жуық өтінім берді.

Қазақстандықтар ұлттық компаниялардың IPO-на қатысуға жылдам қол жеткізуі үшін АІХ TABYS мобильді қосымшасын әзірледі, оның көмегімен 1,05 млрд теңге жалпы сомаға 6 000-ға жуық өтінім өңделді, бұл тікелей жазылып, брокерлердің қызметтеріне жүгінбеуге мүмкіндік берді. Бұл тәжірибе болашақта ұлттық компаниялардың IPO-сын өткізу кезінде де жалғасады.

Халықаралық инвесторлардың одан да көп санын тарту және сол арқылы жергілікті IPO-ны дамытуға серпін беру мақсатында Қазақстанда интеграцияланған капитал нарықтарын дамыту маңызды. Отандық бизнес әлемдік инвесторлардың қызығушылығын жаулап алуы керек – институционалдық және бөлшек инвесторлар ерте инвестициялардан пайда ала отырып, отандық компаниялардың IPO-сына ерте кезеңде қатысуы керек.

330 млн АҚШ долл.

2022 жылы акционерлік капитал тартылды

+42,7%

2023 жылдың соңына қарай IPO-дан бері акция бағасының өсуі



KEGOC SPO

2023 жылдың қарашасында KEGOC ұлттық компаниясы АХҚО биржасында қайталама орналастыру (SPO) шеңберінде шамамен 4 млрд теңге тартты, тартылған инвестициялардың жалпы көлемі шамамен 22,7 млрд теңгені құрады.


SPO барысында Tabys арқылы 300,9 млн теңге тартылды. Сонымен қатар, АХҚО биржасының инфрақұрылымын Қазақстан Халық банкінің мобильді қосымшасымен интеграциялау қосымша 1,7 млрд теңге тартуға мүмкіндік берді, бұл АІХ мақұлдаған өтінімдердің жартысы мобильді қосымшалар арқылы тікелей жазылудың көмегімен өңделгенін білдіреді.



Air Astana IPO

2024 жылдың ақпанында пре-маркеттегі үш жарым күн ерте сауда-саттықтан кейін Air Astana АХҚО биржасында өзінің қарапайым акциялары мен ЖДҚ-ын орналастырды, бұл қазақстандық қор нарығы үшін маңызды оқиға болды. АІХ қазақстандық инвесторларға алғаш рет Лондон қор биржасында әлемдік инвесторлармен бір уақытта сауда-саттық жасау мүмкіндігін ұсынды.

IPO қорытындысы бойынша жергілікті нарықта акциялар мен ЖДҚ орналастыру нәтижесінде Air Astana 215 млн АҚШ долл. тең соманы тартты, оның ішінде 106,1 млн АҚШ долл. немесе оның 49,3%-ы АІХ-те тартылды. TABYS мобильді қосымшасы арқылы бөлшек инвесторлардан түскен 3400-ден астам өтінім 500 млн теңгеден астам сомаға қанағаттандырылды.



«Белдеу және жол» нарығының сегменті

«Белдеу және жол» жаһандық бастамасы (BRI) 70-тен астам елді біріктіреді және жаһандық байланыс пен инфрақұрылымды дамытуға бағдарланған. Онда Қазақстан шешуші рөл атқарады, өйткені алты экономикалық дәліздің екеуі еліміз арқылы өтеді. Бастама Қазақстанға және басқа қатысушы елдерге инфрақұрылымды, байланыстылықты жақсартуға мүмкіндіктер жасайды, сол арқылы елдердің экономикалық дамуына ықпал етеді.

BRI 140-тан астам жаңа көлік бағыдарларының және 80-нен астам шетелдік экономикалық аймақтардың арқасында көлік қатынасын жақсартты.

«Белдеу және жол» бастамасы жобаларын дамыту шеңберінде АХҚО елге 2,7 млрд АҚШ долл. түрінде шетелдік инвестициялар тартуға көмектесті, осылайша Қазақстанның жаңа экономикалық саясатын ұстануға және өңірдің жаңа экономикалық ландшафтын қалыптастыруға ұмтылатын өңірдің негізгі инвестициялық және қаржылық хабы ретінде орталықтың маңыздылығын көрсетті.

AIX-тің «Белдеу және жол» (BRM) биржалық сегменті – операциялары юаньмен (RMB) жүргізілетін BRI инвестициялық жобаларын қаржыландыруды қолдау үшін құрылған реттелетін арнайы сегмент. AIX – жаһандық инвесторларға капитал нарығына қолжетімділікті қамтамасыз ететін Орталық Азиядағы бірінші қор биржасы және юань нарығында тиімді операцияларды жүргізу мақсатында BRI үшін өңірлік қаржы орталығы.

Қытайдың Орталық Азияға 136 млрд АҚШ долл. әлдеқашан асқан ауқымды инвестициялары бірінші кезекте инфрақұрылымдық жобаларға бағытталған, ал Қазақстан BRI-дың негізгі бенефициары ретінде жалпы сомасы 35 млрд АҚШ долл. құрайтын 50-ден астам мегажобаны жүзеге асыруда.

BRM биржалық сегменті әлеуетті эмитенттермен белсенді әрекеттесіп, оларды өз алаңына тартуға ықпал етеді, сондай-ақ Орталық Азия, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка (MENA) елдері мен Қытайдың одан әрі экономикалық дамуы үшін қаржылық ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

Жеке компанияларға қолжетімді мүмкіндіктер

AIX жергілікті бизнестің қажеттіліктеріне бейімделген өнімдер мен қызметтердің кең ауқымын жасай отырып, жұмыстың негізгі қағидаттарының бірі ретіндегі клиентке бағдарлануға басымдық береді.

Өңірлік акция нарығының сегменті (REMS)

АХҚО биржасы Қазақстан мен Орталық Азиядағы орта бизнес кәсіпорындарына акционерлік қаржыландыруға ең жақсы қолжетімділікті ұсынуға бағытталған REMS сегментін құрды. Негізгі артықшылықтарға орта бизнес кәсіпорындарына жеке тәсіл, капиталды тартудың экожүйесін дамыту, динамикалық

нарыққа шетелдік және өңірлік инвесторларды тарту, эмитенттер үшін әкімшілік жүктемені азайту, банктік кредиттеуге балама, сондай-ақ шетелдік инвесторларға жақсы таныс АХҚО юрисдикциясында оңтайлы шарттармен листинг процесі жатады.

Тікелей листинг

Тікелей листинг компанияға дәстүрлі IPO процесін айналып өтіп, жаңа акционерлік капиталды тартпай-ақ жария нарыққа шығуға мүмкіндік береді. Қолданыстағы акционерлер AIX Саудасаттық қағидаларына сай сатып алуға және сатуға өтінімдердің сәйкестігі негізінде бағаларды анықтай отырып, биржадағы сауда-саттық арқылы сатуға бастама жасайды.

Тікелей листингті таңдаған компаниялардың бастапқыда айналымдағы акциялары болмауы мүмкін болса да, бұл өлшемшарт бір жыл

ішінде орындалуы керек. Акциялар нарықта еркін саудаланатындықтан, қолданыстағы акционерлердің артықшылығы бар. Тікелей листинг андеррайтерлер мен өтінім кітаптарының қажеттілігін жояды, листинг уақыты мен шығындарын азайтады.

Бұл балама әдіс жеке компанияларға инвесторларға инвестициялық мүмкіндіктердің кеңірек спектрін ұсына отырып, қор нарығында қаржыландыру алу мүмкіндігін ұсыну үшін бағытталған.

Тау-кен сегменті

2019 жылы АХҚО биржасы тау-кен өндіруші компаниялардың қаржыландыруды тартуына арналған қағидаларды бекітті, ол дамуының озық сатысындағы ірі тау-кен компаниялар мен тәуекелі жоғары юниор компанияларды бөліп, тау-кен компанияларына капиталды тартуға қолайлы жағдай жасайды. Деңгейіне қарай тау-кен компаниялары таза пайда мен минималды нарықтық капиталдандыру бойынша бірқатар талаптардан босатылады. Эмитенттер

білікті басқару және техникалық персоналды пайдалануды, сондай-ақ салалық стандарттарға (JORC, NI 43-101 және KAZRC) сәйкес келетін геологиялық есептілікті көрсетуі керек.

AIX-тің тау-кен сегментінің талаптары тау-кен компаниялары әдетте бағаланатын Торонто және Австралия қор биржаларындағы тау-кен кәсіпорындарының листингіне қолданылатын стандарттарға негізделген.

Капитал

Шағын және орта бизнеске арналған облигациялар

АХҚО биржасы шағын және орта бизнес (ШОБ) кәсіпорындары үшін листинг өлшемшарттарын жеңілдетіп, стандартты тарифтерді қайта қарады, осымен қатар мұндай компаниялардың қарыздарына уақтылы қызмет көрсетуін қамтамасыз ету бойынша арнайы міндеттемелер енгізді. ШОБ облигацияларының негізгі

артықшылықтары жеңілдетілген листинг рәсімдерін, төмендетілген комиссияларды және осындай облигацияларды шығаратын эмитенттерге қойылатын жеке талаптарды қамтиды, бұл ШОБ үшін капиталды тартумен байланысты шығындарды азайта отырып, оны тартуды жеңілдетуге бағытталған.

Коммерциялық қағаздар

Коммерциялық қағаз – кредиттік қабілеті дәлелденген компаниялар қысқа мерзімді айналым капиталына қажеттіліктерін (еңбекақы төлеу, жеткізушілермен есеп айырысу, тауар-материалдық қорларды толықтыру және т.б.) қаржыландыру үшін шығаратын қамтамасыз етілмеген қысқа мерзімді борыштық міндеттеменің кең таралған түрі. Коммерциялық қағаз кәсіби (аккредиттелген) инвесторларға

ұсынылады және әдетте ағымдағы нарықтық кірістілікті көрсететін және бірнеше күннен бір жылға дейінгі өтеу мерзімі бар жеңілдікпен 100 мың АҚШ долл. бастап (номиналдан төмен) лоттармен сатылады. Сатып алушылар – корпорациялар, қаржы мекемелері, таза ауқатты адамдар және қысқа мерзімді инвестициялар қорлары.

Өтімділікті басқару бағдарламасы

Бағдарлама компанияларға қаражатты бір топ шеңберінде ақшалай қаражатты генерациялайтын кәсіпорындардан ақшалай қаражатты тұтынатын кәсіпорындарға қайта бөлу арқылы өтімділікті басқаруға көмектеседі. Бағдарлама шеңберінде шығарылған облигациялар қамтамасыз етілмеген бағалы қағаздар болып табылады және тек аккредиттелген инвесторларға ғана ұсынылатын болады.

Қазақстандағы ең ірі құрылысшылардың бірі BI Development АХҚО биржасында өтімділікті басқару бағдарламасын тіркеген алғашқы эмитент болды. Бағдарлама бір ғана компаниялар тобының ішіндегі қаржыландыру қажеттіліктеріне қызмет көрсетуге арналып, мұндай компанияларға бірнеше күн ішінде борыш құралдарын шығаруға мүмкіндік береді. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы да өзінің өтімділікті басқару бағдарламасын сәтті тіркеді.

Борыш

2023 жылдағы халықаралық ынтымақтастық

2023 жылы АХҚО биржасы инвесторлар үшін кедергісіз және тиімді биржалық сауданы кеңейтуге ықпал ететін бірқатар стратегиялық келісімдерге қол қойып, халықаралық байланыстарын нығайтты.

1. Tabadul-мен серіктестік

AIX Бахрейн қор биржасының (BHV) және Маскат бағалы қағаздар нарығының (MSX) қатысуымен Абу-Даби қор биржасы (ADX) құрған Tabadul цифрлық биржа сауда орталығына қосылды.

2022 жылдың шілдесінде іске қосылған Tabadul – өңірлік және жаһандық деңгейде мүше-биржалар арасындағы сауда үшін бірыңғай цифрлық биржа алаңын ұсынатын алғашқы өңірлік цифрлық биржа орталығы.

Келісім серіктестердің өз бизнесін кеңейтуге ұмтылысын растай отырып, қосылған биржалардың брокерлік компаниялары үшін қаржылық құралдарға қашықтан қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұл ынтымақтастық инвесторлар үшін AIX пен ADX-те бағалы қағаздарға тоғыспалы қолжетімділікті қамтамасыз етіп, өтімділікті арттырады және сауда тетіктерін жеңілдетеді.

2. Bitfinex-пен ынтымақтастық

AIX және АХҚО комитетінің лицензиясы бар Bitfinex Securities қарапайым және токенизацияланған бағалы қағаздардың қосарлы листингі, пост-трейдинг байланыстарын ұйымдастыру және қарапайым және токенизацияланған сауда алаңдары арасындағы тиімді байланыс арналарын бірлесіп ілгерілету саласында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Әсел Мұқажанова


AIX Басқарма төрайымы:

«AIX стратегиялық мақсаттарының бірі – Қазақстанға қор нарығының халықаралық тәжірибесін, халықаралық мәдениетін, сондай-ақ жаһандық инвесторларды тартуға ықпал ету. Бұл өз кезегінде, қазақстандық инвесторлар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады және нарық қатысушылары үшін қолжетімді құралдар ауқымын кеңейтеді: бөлшек инвесторлар екі нарықта да лицензиясы бар брокерлік компаниялар арқылы тікелей сауда жасай алады. ADX және AIX арасындағы сауда-саттықты қалыптастыру AIX мақсаттарымен сәйкес келеді және Қазақстан мен Парсы шығанағы елдерінің нарықтары арасындағы байланысты кеңейтуге жәрдемдесетін болады».

Абдулла Салем әл-Нуайми

ADX Басқарма төрағасы:

«AIX-пен осы келісімге қол қою ADX-тің өтімділікті және серіктестерімізбен өзара ұзақ мерзімді экономикалық өсуді арттыруға арналған Tabadul арқылы білім мен ақпарат алмасуға арналған өңірлік және жаһандық желіні құру жөніндегі бейілділігімізді растайды. AIX-пен серіктестігіміз нарықтық байланыстарды дамытуға және сауданы түрлендіруге бейілділігімізді күшейтеді. Бұл қызықты жаңа тараудың басталуын білдіреді және біз нарық тиімділігін арттыруға және экономикалық өсуге жаһандық масштабта ықпал етуге дайынбыз».



АХҚО қатысушылары

АХҚО динамикалық қаржы экожүйесінің катализаторлары

АХҚО-ны құру мемлекеттің ел экономикасын әртараптандыру және шикізатқа тәуелділіктен арылу жөніндегі стратегиялық қадамы болды. Орталық инновациялық қаржы өнімдері арқылы өңірдің орнықты дамуына ықпал ете отырып, қаржы саласында ерекше құқықтық режимді көздейді. 2023 жылдың соңына қарай әлемнің 78 елінен 2 395 компания АХҚО қатысушысы атанды, бұл қаржы орталығының Орталық Азияның бүкіл өңіріне ықпалының артып келе жатқанын көрсетеді.

Біздің қатысушыларымыз

АХҚО-да тіркелген компаниялар қатысушылар деп аталады. Қызмет түріне байланысты кейбір компаниялар өз қызметін жүзеге асыру үшін лицензия алуы керек:

1 Қаржы компаниялары

Лицензияланатын қаржы компаниялары*

Нарықтық институттар; банктік және кредиттік ұйымдар; активтерді басқару компаниялары және брокерлік компаниялар; сақтандыру, исламдық қаржы саласындағы компаниялар және т.б.

Арнайы қаржы компаниялары

Инвестициялық қорлар және арнайы мақсаттағы компаниялар.

FinTech Lab компаниялары*

Әрбір жеке компанияға қолданылатын жеке нормативтік талаптары бар арнайы реттеу режимінде жұмыс істейтін компаниялар

Басқа қаржы компаниялары

Компаниялар, оның ішінде холдингтер және лицензияны талап етпейтін басқа да қаржылық қызметтермен айналысатын компаниялар, өйткені олар клиенттердің қаражатымен жұмыс істемейді және олардың қаржы секторындағы қызметі жалпы қызмет ретінде жіктеледі.

*АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетінің лицензиясын алу талап етіледі

2 Кәсіби қызметтерді ұсынушылар

Қосалқы қызметтерді жеткізушілер*

Заң, аудиторлық, бухгалтерлік, консалтингтік және кредиттік-рейтингтік қызметтерді ұсынатын лицензияланған компаниялар.

3 Басқа қаржылық емес компаниялар

Ақпарат пен байланыс; көтерме және бөлшек сауда; кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет; пайдалы қазбаларды өндіру; өндіріс; білім беру; әкімшілік және қосалқы қызметтер және басқаларды қоса алғанда, басқа салаларда жұмыс істейтін компаниялар.


Лицензияланған және лицензияланбаған компаниялар

АХҚО-ның лицензияланған қатысушылары – реттелетін және нарықтық қызметті, сондай-ақ қосалқы қызметтерді жүргізуге AFSA мақұлдаған компаниялар. Олар АХҚО-ның барлық қағидалары мен ережелері, пруденциялық талаптар және үздіксіз есеп беру міндеттемелері орындалуы үшін мұқият реттеушілік қадағалаудан өтеді. Мұндай компаниялар, егер олардың қызметі қаржылық технологиялар секторына жатпаса, салықтық жеңілдіктерді пайдалана алады. Лицензияланған компанияларға қаржы компаниялары мен кәсіби қызмет көрсететін компаниялар жатады.










Лицензияланбаған компаниялар – қаржы саласына қатысы жоқ компаниялар, оларға лицензия алу талап етілмейді.

2023 жылы АХҚО жаңа компаниялардың рекордтық санын – 657 компанияны тіркеді, оның ішінде белгілі халықаралық инвестициялық компаниялар, қаржы мекемелері мен банктер бар. Осы компаниялардың АХҚО-ны таңдауы оның бірегей артықшылықтары мен өңірдегі стратегиялық орналасуына байланысты, қорыта айтқанда қатысушылардың жалпы саны 2 395 компанияға жетті. Қатысушылардың алуан ортасы орталықтың жаһандық тартымдылығын және оның қаржы орталығы ретіндегі негізгі рөлін көрсетеді.


2 395 қатысушының 30% – қаржы компаниялары, 5% – кәсіби қызмет көрсетушілер, ал қалған 65% «өзге қаржылық емес компаниялар» санатына жатқызылған.



2023 жылы келесі компаниялар АХҚО-ның негізгі қатысушылары атанды:

| | |
|--|--|
|  <p>Caspian Integrated Maritime Solutions Ltd</p> | «ҚазМұнайГаз» ҰК мен Abu Dhabi Ports Group-тың (БАӘ) Каспий теңізіндегі мұнай-газ жобалары үшін теңіз қызметтерін ұсынатын бірлескен кәсіпорны. |
|  <p>Middle Corridor Multimodal</p> | «Қазақстан Темір Жолы», «Грузин темір жолдары» және «Әзірбайжан темір жолдары» теміржол операторларының Транскаспий халықаралық көлік бағдарында «Бірыңғай терезе» қағидаты бойынша мультимодальды қызметтерді дамытуға арналған бірлескен кәсіпорны. |
|  <p>SK-Presight</p> | «Самұрық-Қазына Инвест» инвестициялық компаниясының және Presight AI-дың «Самұрық-Қазына» қорының еншілес кәсіпорындарының өндірістік процестерін цифрландыру жөніндегі бірлескен кәсіпорны. |
|  <p>KPMC</p> | PSA International сингапурлық логистикалық операторы мен «Қазақстан Темір Жолы» ҰК-ның сингапурлық компанияның операциялық және цифрлық шешімдерін пайдалана отырып, Орта дәліз логистикасын дамыту, сондай-ақ ірі әлемдік хабтармен интеграция үшін құрылған бірлескен кәсіпорны. |
|  <p>Equilibrium Capital Zrt.</p> | Венчурлық және жеке инвестициялық қорларды басқару жөніндегі венгриялық компания, сондай-ақ АХҚО-да аккредиттелген алғашқы шетелдік қор басқарушысы. |
|  <p>Turkish Aerospace Industries</p> | Астанада авиациялық индустриялық парк құруға қатысатын халықаралық аэроғарыш және қорғаныс компаниясы. |
|  <p>Dutch Clean Tech Ltd</p> | Голландиялық муниципалды және өнеркәсіптік суды тазарту компаниясы, ол бүкіл әлем бойынша мыңнан астам жобаны жүзеге асырды. Компания Алматы облысында ағынды суларды тазарту станциясын салуды жоспарлап отыр. |
|  <p>Bank CenterCredit branch</p> | Банктік, брокерлік және кастодиандық қызметтер көрсететін банктің филиалы. |
|  <p>PWC branch</p> | Бүкіл әлем бойынша өкілдіктердің кең желісі бар халықаралық аудиторлық-консалтингтік компания. |

АХҚО қатысушыларының картасы



30

Сол жақ төмендегі картада: АХҚО қатысушыларынан басқа, экожүйеге АХҚО қатысушылары емес, басқа юрисдикциялардан 30 танылған компания да кіреді

50%

Астанада тіркелген шетелдік капитал қатысатын барлық қаржы компанияларының 50% – АХҚО қатысушылары

2 395

Оң жақтағы картада: АХҚО-да тіркелген компаниялардың жалпы саны – 2 395 компания (АХҚО қатысушылары)

964

Шетелдік капитал қатысатын 964 компания (АХҚО барлық қатысушыларының 40%)

**Еуропа,
Азия и
Ближний
Восток**


Ең көп қатысушылар (874 компания) Еуропа, Азия және Таяу Шығыс өңірлерінен

Қаржы компаниялары ⁷

АХҚО қаржы компаниялары санының жыл сайын өсіп келе жатқанын байқап отыр – 2023 жылдың соңына қарай олардың саны 718-ге жетті. Активтерді басқару, сақтандыру және цифрлық активтер саудасымен айналысатын лицензияланған қаржы компанияларының саны 30-дан 89-ға дейін айтарлықтай өсті, бұл сала үшін жақсы көрсеткіш және елде қаржылық қызметтердің

орнықты кешенді экожүйесін қалыптастырады. Бұдан басқа, арнайы қаржы компанияларының саны 98-ге дейін өсті, оның 39-ы лицензияланған компанияларды басқаратын инвестициялық қорлар. FinTech Lab реттеуші құм жәшігінде 28 компания тіркелген. 503 басқа қаржы компанияларының 380-і холдингтер және 68-і жеке қорлар.

Пруденциялық қадағалаудағы лицензияланған қаржы компаниялары



Қаржы компаниялары



⁷ Қазақстан Республикасындағы экономикалық қызмет түрлерінің бірыңғай сыныптамасына сәйкес



Активтерді басқару компаниялары

Активтерді басқаратын 89 компанияның 56-сы инвестициялық қызметпен айналысады. Олардың шамамен 30% мамандандырылған қор басқарушылары, 20% – брокерлер. Мұндай әртараптандыру ұсынылатын қаржылық қызметтердің кең спектрін және АХҚО экожүйесінің қаржы саласының көптеген сегменттері үшін тартымдылығын көрсетеді.

2023 жылы АХҚО-дағы инвестициялық компанияларының қызметінде тұрақты өсу байқалды:

- Инвестициялық қорлардың активтерін қоса алғанда, басқарудағы активтер көлемі 2022 жылғы 585 млн АҚШ долларынан дейін 2023 жылғы 1 млрд АҚШ долларына дейін екі есеге жуық өсті, бұл ретте инвестициялық қорлардың жалпы саны 20-дан 41-ге дейін көбейді.

- Брокерлік сектор 2023 жылдың басынан бері екі еседен астам өсіп, 2,07 млрд АҚШ долл. жетті. Брокерлік клиенттердің саны да 86-дан 128 мыңға дейін өсті.
- Инвестициялық консультациялаудағы активтер көлемі өткен жылы 199 млн АҚШ долларынан 562 млн АҚШ долл. дейін өсті.
- Венчурлық капиталға маманданған АХҚО-ның қор басқарушылары негізінен FinTech, HgTech және EdTech секторларындағы стартаптарды қаржыландыру арқылы жарғылық капиталды 162%-ға, жыл басындағы 8 млн АҚШ долларынан жыл соңындағы 21 млн АҚШ долл. дейін ұлғайтты.

Provident Fiduciary

АХҚО-да тіркелген және 2021 жылы лицензия алған Provident Fiduciary Ltd. (PFL) компаниясы ұжымдық инвестицияларды басқаруға, қаржы құралдарымен операцияларды сүйемелдеуге және инвестициялық консалтинг қызметтерін ұсынуға маманданған. АХҚО бизнес пен инвестицияларға ықпал ететін қолайлы реттеуші режимнің, қаржы құралдарының кең спектрін ұсыну мүмкіндігінің, сондай-ақ экожүйеге кіру талаптары төмен болуына байланысты компанияның өз қызметін жүргізу үшін таңдаған орынға айналды.

Бастапқыда инвестициялық құралдармен мәмілелерді ұйымдастыруға назар аударғанымен, 2022 жылдың жазына қарай PFL қызметтер портфелін біртіндеп кеңейтті және АХҚО-да өзінің алғашқы қорларын, соның ішінде алғашқы жылжымайтын мүлік инвестициялық қорын (REIT) тіркеді.

2023 жылдың соңында PFL басқаруында үш қор болды: біреуі теңгемен түсім алатын ірі компаниялардың валюталық тәуекелдерін хеджирлеуге арналған және екеуі жылжымайтын мүлік инвестициялық қорлары. Компания қызметінің кеңеюі АХҚО экожүйесінде қатысушылардың өсіп келе жатқанын көрсетеді және оны өңірдегі ұжымдық инвестициялар мен қаржы құралдарын басқаруда маңызды ойыншы ретінде тұрғыландырады.

«АХҚО реттеуші ортасы ұсынатын қаржы құралдарының кең ауқымы инвесторлардың да, қаржыландыруға мұқтаж компаниялардың да мүддесін ескереді».

**PROVIDENT
FIDUCIARY**
LTD.

Қаржылық қызметтер көрсететін қатысушыларға арналған артықшылықтар

Реттелетін қаржылық қызметтерді ұсынатын компаниялар АХҚО-ның мынадай бірегей артықшылықтарын пайдалана алады:

- Сенімді құқықтық және реттеуші база
- Жеңілдікті салық режимі
- Шетелдік реттеуші органдар берген лицензиялардың танылуы
- Шетелдік юрисдикциялардан редомоциляция юрисдикций

| Салық | Қазақстан | АХҚО |
|---------------------|-----------|----------------------------|
| КТС | 20% | Қаржы компаниялары үшін 0% |
| ҚҚС | 12% | Қаржы компаниялары үшін 0% |
| Дивидендтерге салық | 5-15% | 0% |

Кәсіби қызметтер көрсететін қатысушылар және басқа да қаржылық емес компаниялар


2023 жылдың соңында АХҚО-да қосалқы қызметтер ұсынатын 116 компания болды, оның 51-і консалтингтік қызмет көрсетеді. Сонымен қатар, басқа қаржылық емес ұйымдардың саны 1 561-ге дейін өсті: компаниялардың 36% ІТ саласында, 14% кәсіби, ғылыми және техникалық салаларда, ал 12% көтерме және бөлшек саудада жұмыс істейді. АХҚО-ның сенімді және көп қырлы бизнес ортасы юрисдикцияға әртүрлі қызметпен айналысатын компаниялардың келуіне ықпал етеді.

International Trading System (ITS): АХҚО-дағы бірінші көпжақты сауда алаңы

ITS – бөлшек инвесторларға әлемдік бағалы қағаздар нарығына қолжетімділікті ұсынатын көпжақты сауда платформасын (MTF) басқаруға AFSA-дан лицензия алған алғашқы компания. АХҚО-да мұндай компанияның тіркелуі орталықтың осындай құрылымдарды қабылдаудағы және акциялар, облигациялар және туынды құралдар сияқты құралдармен сауда жасау үшін платформа ұсына отырып, ұсынылатын қаржылық қызметтер спектрін кеңейтудегі мүмкіндіктерін көрсетеді. Өз қызметін 2023 жылдың ортасында бастаған платформаның жыл соңына қарай сауда көлемі 168 млн. АҚШ долларын, ал күндізгі сауда-саттық 1,5 млн АҚШ долларын құрады. Мұндай құрылымдарды құру АХҚО-ның өз мүшелерінің әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыратын кешенді қаржылық экожүйе ретіндегі тартымдылығын арттырады, сонымен бірге институционалдық инвесторлардың, қорларды басқарушылардың және нарықтың басқа да қатысушыларының талаптарына бейімделген реттелетін және ұйымдастырылған сауда платформаларын ұсынатын АХҚО-ның қаржы орталығы ретіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттырады.


Кәсіби қызметтер көрсететін компаниялар

- Әртараптандырылған қызметтер
- Консалтингтік қызметтер
- Заң қызметтері
- Аудит қызметтері
- Кредиттік рейтинг беру қызметтері



Басқа қаржылық емес компаниялар

- Ақпарат және байланыс
- Кәсіби, ғылыми, техникалық қызмет
- Көтерме және бөлшек сауда
- Басқалар
- Тау-кен өндіру өнеркәсібі
- Өңдеу өнеркәсібі
- Білім беру
- Әкімшілік және өзге де қызметтер
- Көлік және коммуникациялар
- Құрылыс



Тартылған инвестициялар


Даму стратегиясына сәйкес АХҚО алдына қаржы орталығының алаңы арқылы 2025 жылға қарай ел экономикасына 10 млрд АҚШ долл. көлемінде инвестициялар тарту мақсаты қойылды. 2023 жылдың соңына қарай тартылған инвестициялар көлемі рекордтық 10,9 млрд АҚШ долл. құрады – бұл портфельдік инвестициялар және АХҚО қатысушыларының инвестициялары.

Ресми сауда-саттық басталғаннан бері АИХ 4,6 млрд АҚШ долл. сомасында портфельдік инвестиция (2023 жылы +1,9 млрд АҚШ долл.), оның ішінде 365 млн АҚШ долл. акционерлік капитал және 4,2 млрд АҚШ долл. борыштық капитал тартты. Портфельдік инвестициялар мемлекеттік және жекеменшік секторлардағы борыштық бағалы қағаздар ұсыныстарының, сондай-ақ «Қазатомөнеркәсіп», «ҚазМұнайГаз» және технологиялық алпауыт Kaspi.kz сияқты Қазақстанның кейбір ірі компанияларының IPO және SPO ұсыныстарының ұлғаюының арқасында өсті.

АХҚО қатысушыларының 6,3 млрд АҚШ долл. мөлшеріндегі инвестицияларының басым бөлігі инвестициялық қорлардан, сондай-ақ China Construction Bank және China Development Bank сияқты қытайлық даму институттарынан түсті.

Тартылған инвестициялар, млрд АҚШ долл.


- Портфельдік инвестициялар
- АХҚО қатысушыларының инвестициялары



АХҚО қатысушыларының салық төлемдері

Орталықтың ресми қызметі басталған сәттен бастап іскерлік белсенділіктің өсуі аясында АХҚО қатысушыларынан жиынтық тікелей салық төлемдері 85,2 млрд теңгеге жетті. Жалпы соманың 35% (29,9 млрд теңге) қаржы компанияларына, 15% (12,5 млрд теңге) – кәсіптік компанияларға және 50% (42,8 млрд теңге) – басқа қаржылық емес компанияларға тиесілі.

Салық төлемдері, млрд теңге



Құрылған жұмыс орындары

АХҚО қатысушылары жергілікті кадрларды дамытуға тұрақты қолдау көрсетеді – 2023 жылы олар 780-ден астам жаңа жұмыс орнын құрды, ал олардың жалпы саны АХҚО құрылған сәттен бастап 7 330-ға жетті. Бұл мамандардың 36% ақпарат және коммуникация секторында жұмыс істейді, бұл АХҚО-ның негізгі салалардағы өсім мен инновацияларды ілгерілетуге деген ұмтылысын көрсетеді.

Құрылған жұмыс орындары



Baker Tilly

2015 жылы құрылған Baker Tilly Qazaqstan Advisory компаниясы – Қазақстанның жетекші әрі қарқынды дамып келе жатқан консалтингтік компанияларының бірі. Әлемдегі ең ірі бухгалтерлік және консалтингтік желілердің тоғыздығына кіретін Baker Tilly International ғаламдық желісінің тәуелсіз мүшесі бола отырып, компания өз клиенттеріне қызмет көрсету үшін айтарлықтай тәжірибе мен жаһандық қамтуға ие.

АХҚО-ның өңірдің негізгі қаржы хабы ретіндегі өсіп келе жатқан рөлін мойындай отырып, 2021 жылы Baker Tilly Qazaqstan

Advisory компаниясы өзінің халықаралық желісін кеңейту және Орталық экожүйесінің артып келе жатқан мүмкіндіктерін пайдалану мақсатында орталық юрисдикциясында тіркелді. Компания негізгі мүдделі тараптардың қатысуының артуына байланысты АХҚО-ның одан әрі өсу перспективаларына сенімді болды.

Компанияның онлайн тіркелуі және лицензиялаудың жылдам процесі, сондай-ақ тіркеуден кейінгі рәсімдердің оңтайлығы компания үшін әкімшілік жүктеме мен материалдық шығындарды айтарлықтай төмендетті.

Baker Tilly Qazaqstan Advisory орталықтың экожүйесін одан әрі өсіру мақсатында АХҚО-ға қосылуға ұмтылатын компанияларды белсенді қолдайды. Мәселен, 2023 жылы компания One Capital Ltd жекеменшік компанияны лицензиялаудың сәтті рәсіміне тартылды, ол енді АХҚО-дағы ұжымдық инвестициялау схемаларын басқару саласында қызметтер көрсете алады.



АХҚО өнімдері

Қорларды басқару

Жақын перспективада АХҚО-ның стратегиялық фокусы Қазақстанда қорларды басқару секторын дамытуға ерекше назар аудара отырып, қаржылық қызметтер нарығын кеңейтуге бағытталатын болады. Басқа елдермен салыстырғанда бүгінгі таңда басқарудағы активтердің ағымдағы көлемі банк депозиттерінің көлемінен едәуір төмен, бұл сектордың АХҚО-да өсуіне мүмкіндік береді. 2030 жылға қарай орталықтың юрисдикциясы шеңберінде басқарылатын активтер деңгейі айтарлықтай өседі деп күтілуде, бұл қорларды басқарудың жергілікті индустриясын дамыту және акциялар мен облигациялар нарықтарында қажетті өтімділікті қамтамасыз ету қажеттілігін көрсетеді.

Қорларды басқару секторына қосылғысы келетін компаниялардың қызығушылығы артып келеді – 2023 жылы лицензияланған қатысушылардың жартысы қорларды басқаруға өтінім берді. Лицензияланған компаниялардың шамамен 70% инвестициялық қызметпен айналысады, бұл ретте олардың шамамен 30% мамандандырылған қор басқарушылары, ал тағы 20% – брокерлер санатына жатады. Бұл үрдіс АХҚО-ның өңірдегі қор басқарушылары үшін өсіп келе жатқан рөлін көрсетеді.

Осы сектор арқылы АХҚО нарық қатысушылары үшін инвестициялық қалауларын әртараптандыруға және активтерді тиімді басқаруға мүмкіндіктер ашады. Жаһандық нарықтарға қолжетімділікті қамтамасыз ету және озық технологияларды пайдалану арқылы қор басқарушылары инвесторларға олардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын инвестициялық ұсыныстардың кең ауқымын ұсынады.

Басқарудағы активтері 1 млрд АҚШ долл. астам. 2023 жылы инвестициялық қорлардың активтерін қоса алғанда, басқарудағы активтер көлемі 2022 жылғы 585 млн АҚШ долларынан доллардан 1 млрд АҚШ долл. дейін екі есеге жуық өсті. Инвестициялық қорлардың саны 20-дан 41-ге дейін өсті. Инвестициялық консультациялаудағы активтер көлемі 199 млн АҚШ долларынан 562 млн АҚШ долл. дейін өсті. Сол сияқты, венчурлық капиталға мамандандырылған қор басқарушыларының жарғылық капиталы 8 млн АҚШ долларынан 21 млн АҚШ долл. дейін өсті.

Қор құрылымдарының алуандығы.

2023 жылы АХҚО қорларды құру тетіктерінің жаңа түрлері ретінде «шектеулі серіктестік» және «портфельдері бөлек компанияны» ұсынды, осылайша компаниялар келесідей ұйымдық нысанда құрылуы мүмкін:

1 Инвестициялық компаниялар

Дәстүрлі компанияларға қарағанда акцияларды құруға және сатып алуға икемділігі жоғары инвестициялық компаниялар. Олар ашық немесе жабық түрдегі инвестициялық компаниялар ретінде құрылымдалуы мүмкін: бірінші инвесторларға акцияларды кез келген уақытта сатып алуға және сатуға мүмкіндік береді, ал екіншісі қайталама нарықтарда сатылатын акциялардың бекітілген санын ұсынады.

2 Портфельдері бөлек компаниялар

Қор басқарушыларына жалпы басқаруды сақтай отырып, компанияның әр портфелінің активтері мен міндеттемелерін бөлуге мүмкіндік беретін портфельдері бөлек компаниялар. Бұл құқықтық құрылым әр түрлі инвестициялық стратегиялармен немесе активтермен байланысты тәуекелдерді шектеу арқылы қосымша икемділік пен инвесторлардың қорғалуын қамтамасыз етеді.



Серіктестігі шектеулі компаниялар.

Бас серіктес пен жауапкершілігі шектеулі серіктестерден тұратын серіктестігі шектеулі компаниялар. Бұл ретте қор басқарушылары әдетте бас серіктес, ал клиенттер немесе инвесторлар жауапкершілігі шектеулі серіктестер ретінде әрекет етеді. Жауапкершілігі шектеулі серіктестер серіктестікті басқаруға қатыспайды, бұл ретте бас серіктес басқару міндеттерін өз мойнына алады.

Осы құқықтық құрылымдардың әрқайсысы АХҚО-ның реттеуші базасы шеңберінде қорларды басқаруға жеке тәсілдерді қолдануға мүмкіндік бере отырып, қор басқарушылары мен инвесторлар үшін бірегей артықшылықтар ұсынады.

АХҚО қолшатыр қорларын, қорлардың қоры және мастер-фидер құрылымдарын қосымша енгізіп, мамандандырылған қорлардың тізімін кеңейтті. Арнайы қорлардың толық тізімі келесідей:

1. Исламдық инвестициялық қорлар
2. Тікелей инвестициялар қорлары
3. Венчурлық қорлар
4. Жылжымайтын мүлік инвестициялық қорлары
5. ESG-қорлар
6. Шатырлық қорлар
7. Қорлар қоры
8. Фидерлік қорлар
9. Мастер-қорлар
10. Белгілі бір қағидаларға немесе нұсқауларға сәйкес келетін кез келген басқа қорлар.



АХҚО Инвестициялық салық резиденттігі бағдарламасы

2022 жылғы қыркүйекте ресми түрде іске қосылған АХҚО Инвестициялық салық резиденттігі бағдарламасы шетелдік инвесторлар мен олардың отбасы мүшелеріне АХҚО биржасында айналымдағы бағалы қағаздар, инвестициялық қорлар және АХҚО-да тіркелген компаниялардың жарғылық капиталы сияқты АХҚО құралдарына инвестициялау кезінде Қазақстанға көп мәрте инвесторлық визаны, сондай-ақ жеңілдетілген шарттармен қазақстандық салық резиденттігін ұсынады.

Инвестор тиісті актіде баяндалған бағдарламаның барлық талаптарын орындағаннан кейін АХҚО инвесторлық виза беруге сұрау салады, бұл Қазақстанның көші-қон заңнамасына сәйкес кейіннен визалық құжаттарды беруді жеңілдетеді. Табысты өтінім берушілерге бес жылға дейінгі мерзімге инвесторлық виза немесе уақытша тұруға рұқсат беріледі.

Бұдан басқа, инвесторлардың шетелде алынған табыстарға салық салудан босатыла отырып, жеңілдетілген тәртіппен қазақстандық салық резиденттігін алуға өтініш беруге құқығы бар. Бұл опция республикалық бюджетке жыл сайынғы бекітілген жарнаны (ҚР 7 000 АЕК баламасы) төлеген жағдайында қолжетімді.

АХҚО жергілікті және халықаралық авторизацияланған агенттермен серіктесе отырып, бағдарламаны өңірлік және жаһандық деңгейде ілгерілету бойынша жұмыс істеуде.

Жасыл қаржы орталығы

Құрамында Жасыл қаржы орталығы (ЖҚО) сияқты ұйымы бар АХҚО Орталық Азия өңірінде және одан тыс жерлерде орнықты қаржыландыруды ілгерілетуде жетекші рөл атқарады. Стратегиялық серіктес ретінде ЖҚО үкіметтер мен жеке ұйымдарға орнықты қаржыландыру жөнінде ұсыныстар береді, бұл экологиялық және әлеуметтік жауапкершіліктің ел экономикасының өсуімен үйлесімді интеграциялануына ықпал ете отырып, мүдделі тараптарға осы салада бағыт-бағдарын айқындауға мүмкіндік береді.

ЖҚО қаржы құралдарының орнықты қаржыландыру өлшемшарттарына сәйкестігін тексеру үшін сыртқы бағалау қызметтерін ұсынады және Climate Bonds Initiative аккредиттеген, Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығы сыртқы бағалауды ұсынушы ретінде таныған Орталық Азиядағы жалғыз ұйым. Мұндай аккредиттеу мен тану ЖҚО-ға қаржы құралдарының орнықтылығын верификациялау ісінде нарықта жетекші орын алуға мүмкіндік берді.

Қаржы орталықтарының жасыл қаржыландыру саласындағы жұмысын бағалайтын Жасыл қаржы жаһандық индексінің (GGFI'12) деректері бойынша АХҚО сияқты орталығы бар Астана қаласы Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңірінде өңірлік көшбасшы саналады.

Қазақстанда орнықты қаржыландыруды ілгерілету

Қазақстан өз алдына 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бойынша өршіл мақсат қойды. Ол үшін ел үкіметі сенімді реттеуші база арқылы жасыл қаржыландырудың берік негізін құру, қаржылық практикаларды климаттық мақсаттарға сәйкестендіру және орнықты болашаққа қол жеткізу үшін стратегиялық және уақтылы іс-қимыл жасауы талап етіледі.

АХҚО Қазақстанның жасыл қаржы жүйесінің тұжырымдамасы (2017 ж.) және АХҚО биржасында жасыл облигациялар шығару қағидаларын (2018 ж.) қабылдады. Бұдан басқа, ЖҚО Экологиялық және Кәсіпкерлік кодекстерге маңызды түзетулер ұсынды, олардың арқасында «жасыл қаржыландырудың» негізгі ұғымдары айқындалды және бизнесті жасыл кредиттер мен облигацияларды пайдалануға экономикалық ынталандыру шаралары нақтыланды (2021). Бұл орнықты қаржыландыру үшін барынша ашық әрі болжамды ортаны құруға ықпал етті.

Орнықты жобаларға қызығушылық танытқан эмитенттер мен инвесторлар арасындағы көпір ретінде әрекет ете отырып, ЖҚО капитал нарықтарында жасыл және әлеуметтік қаржыландыру құралдарын ілгерілетеді. Бұдан басқа, ЖҚО өңірдегі жасыл және әлеуметтік қаржыландыру бастамаларының ұзақ мерзімді және тиімді болуын қамтамасыз ете отырып, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін реттеуші базаны дамытуда шешуші рөл атқарады.

Қазақстанда, Орталық Азияда және ЕАЭО өңірінде жасыл және орнықты қаржыландыруды дамытуға арналған

1-ші
платформа.

ЖҚО – Climate Bonds Initiative аккредиттеген және Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығы сыртқы бағалау провайдері ретінде таныған Орталық Азиядағы алғашқы ұйым.

ESG жаһандық нарығы

Бағалауларға сәйкес, 2023 жылы GSS+ облигацияларының (жасыл, әлеуметтік, орнықты облигациялар және орнықты дамумен байланысты облигациялар және т.б.) нарықтағы үлесі жалпы әлемдік облигациялар нарығының 5%-нан 13,5%-на дейін болады және оның үлесі алдағы жылдары өсе бермек.

Сонымен қатар, ESG-ақпаратты ашуды кеңейтуге

европалық институционалдық инвесторлардың

66%

PwC сауалнамасына сәйкес болашақта ESG емес қорларға инвестиция салуды тоқтатуды жоспарлап отырғанын айтты

деген сұраныс ESG ашудың бірнеше түрлі стандарттарының (GRI, TCFD, SASB, CDP және т.б.) болуына қарамастан тез өсуде. Таяуда құрылған Орнықты дамудың халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес (ISSB) 2023 жылы есептіліктің екі стандартын қабылдады. Көптеген юрисдикциялар орнықты дамуды әлеуметтік факторларға да назар аудара отырып, кеңірек контексте қарастырады. Дамушы

экономикасы бар бірнеше елдер, соның ішінде Грузия мен Моңғолия, елдерінің әлеуметтік саясатының мақсаттарына сәйкес келетін ұлттық орнықты даму таксономияларын қабылдады. Ресей 2023 жылы өз әлеуметтік таксономиясын қабылдады, ал ЕО орнықты қаржыландыру бойынша техникалық сарапшылар тобы ұсынған әлеуметтік таксономия жобасын талқылауда.

2030 жылға қарай ESG активтері

US\$40 трлн

асып түседі, бұл Bloomberg бағалауы бойынша басқарылатын активтердің жалпы көлемінің 25%-дан астамын құрайды

ING мәліметтері бойынша 2023 жылы жасыл, әлеуметтік, орнықты облигациялар мен орнықты дамуға байланысты облигациялардың әлемдік шығарылымы

US\$983 млрд

құрады.

Қазақстанның декарбонизация жөніндегі бастамаға қосқан үлесі

2023 жылдың соңына қарай Қазақстанның орнықты қаржыландыру нарығында орналастырылған облигациялар мен кредиттердің жалпы көлемі 277,8 млрд теңгеден астам* соманы (611 млн АҚШ долл.) құрады, оның 155,9 млрд-ы Жасыл қаржы орталығының қолдауымен орналастырылды. Атап айтқанда, жасыл облигациялар мен кредиттерді қамтитын жасыл бағалы қағаздар осы соманың 86%-ын құрады.

Орналастырылған жасыл қаржы құралдарының жалпы көлемінен жасыл облигациялар мен кредиттер негізінен күн және жел электр станцияларын салу, көшелерді жарықтандыру желілерін кеңейту және электр желілерін қалпына келтіру сияқты, жалпы алғанда парниктік газдар шығарындыларын азайтуға және энергия тиімділігін арттыруға арналған жаңартылатын энергетика (34,2%) және энергия тиімділігі (28,6%) жобаларына бағытталған.

*бұл сомаға барлық аталған облигациялар, оның ішінде әлі орналастырылмаған облигациялар енгізілген.


Орнықты қаржы құралдарын верификациялаудағы көшбасшы

2023 жылы ЖҚО Қазақстанда листингтен өткен жасыл облигациялар мен кредиттер көлемінің 67%-дан

астамын верификациялады. Бұдан бөлек, ЖҚО Орталық Азияның әртүрлі елдеріндегі экологиялық жауапкершілік пен әлеуметтік прогреске ықпал ететін жобаларды қолдай отырып, Қазақстаннан тыс жерлерде де сыртқы бағалау жүргізді.

Қазақстандағы жасыл қаржыландыру құралдарының шығарылымдары, млрд теңге (жинақталған)

■ Жасыл облигациялар ■ Жасыл кредиттер □ Әлеуметтік облигациялар



Орнықты дамудағы жаңа жетістіктер жылы

2023 жылы Жасыл қаржы орталығының орнықты қаржыландыру саласындағы Қазақстанда ғана емес, Орталық Азия өңіріндегі де бірнеше маңызды жетістігі орын алды:

СBI сертификаттаған Орталық

Азиядағы алғашқы жасыл облигация.

Жасыл облигацияның бұл шығарылымы – өңір тарихында Климаттық облигациялар бастамасы (СBI) стандарттары бойынша сертификатталған жасыл бағалы қағаздардың алғашқы орналастырылуы. Орналастыру нәтижесінде алынған 15 млн АҚШ долл. мөлшеріндегі қаражатты орнықты энергетика саласындағы жобаларды қаржыландыруға – Ақмола облысында қуаты 15 МВт жел электр станциясын, Ақтөбе облысында қуаты 153 МВт жел электр станциясын және Қарағанды облысында қуаты 50 МВт күн электр станциясын салуға жұмсау жоспарлануда. Банктер мен инвестициялық қорлар арасында осындай орналастыру Орталық Азиядағы жасыл қаржыландыру мен жауапты инвестицияларды дамытуға қосылатын елеулі үлесті білдіреді.

Орталық Азиядағы SLB

облигацияларының алғашқы

шығарылымы: Орталық Азияда орнықты дамуға байланысты облигациялардың алғашқы шығарылымының (SLB) орын алуы жаһандық орнықты даму нарықтарында инновациялық қаржы өнімдері үстем болатын жаңа дәуірдің басталуын айшықтайды.

2023 жылғы қарашада «Алматы электр станциялары» компаниясы Еуразиялық даму банкімен бірлесіп Орталық Азияда орнықты дамуға байланысты алғашқы облигацияларды шығару ниеті туралы жариялады. Бұл орналастыру 2024 жылы көлемі 236,8 млрд теңгеге дейінгі облигациялық бағдарлама шеңберінде өтпек және Капитал нарығы халықаралық қауымдастығының (ICMA) стандарттарына сәйкес келетін болады.

Жоба 2030 жылға қарай шығарындыларды 42%-ға елеулі қысқарту мақсатында электр станцияларын түбегейлі жаңартуды және оны экологиялық таза бу-газ энергоблоктарына ауыстыруды көздейді.

Қырғызстанның ЖҚО қолдауымен

алғашқы жасыл облигацияларын

шығаруы: Қырғызстанның алғашқы жасыл облигациялары елдегі

орнықты қаржыландыру саласын дамытудағы маңызды кезеңді білдіреді. Шығарылым көлемі 85 млн сомды (шамамен 963 мың АҚШ долл.) құраған қағаздардың эмитенті «Дос-Кредобанк» болды. Бұл шығарылым ЖҚО-ның Орталық Азияның бүкіл өңіріне жасыл қаржыландыру қағидаттарын таратуға деген ұмтылысын көрсетеді. Қаражатты ЖЭК, энергия тиімділігі, ластанудың алдын алу және бақылау, су мен қалдықтарды орнықты пайдалану, таза көлік, ормандарды орнықты басқару және биоалуантүрлілік пен экожүйелерді, жасыл ғимараттарды сақтау, сондай-ақ климаттың өзгеруіне бейімделу саласындағы жобаларды қаржыландыруға бағыттау жоспарлануда.

Өзбекстанның ЖҚО қолдауымен

алғашқы корпоративтік жасыл

облигацияларын шығаруы: SAIPRO

GROUP шығарған Өзбекстанның дебюттік корпоративтік жасыл облигациялары елдің қаржы саласы үшін маңызды оқиға. Орналасудан түскен 50 млрд өзбек сомы (4 млн АҚШ долл.) мөлшеріндегі қаражат Өзбекстандағы Green Hills Resort курортының құрылысына экологиялық технологияларды енгізу жөніндегі жобаны қаржыландыруға бағытталатын болады, оған жаңартылатын энергия көздері мен тиісті инфрақұрылым салу, сондай-ақ су тазарту құрылыстарын сатып алу және монтаждау кіреді.

Қазақстандағы субсидиялау

бағдарламасы шеңберіндегі

алғашқы жасыл облигациялар:

KazWind Energy (3 млрд теңге) және Jet Group Ltd (3 млрд теңге) компанияларының алғашқы жасыл облигациялары ЖЭК экологиялық орнықты жобалар: жел электр станциясын салу және қоғамдық көліктің төмен көміртекті инфрақұрылымын дамыту – электрсамокаттар паркін жаңарту аясында облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау саласындағы маңызды кезеңді айшықтайды.

Жаһандық өтпелі қаржыландыру

Қазіргі уақытта SLB облигациялар нарығы бүкіл әлемде қарқын алуда. Олар Орталық Азияда қаржыландыру мүмкіндіктерін кеңейтудің маңызды құралы болуы мүмкін және «қоңыр» компаниялардың энергетикалық ауысуы үшін экологиялық орнықты жобалардың таралуына ықпал етеді деп күтілуде. Климаттық облигациялар бастамасының

(СBI) деректері бойынша, 2022 жылы SLB облигацияларының шығарылымы 76,4 млрд АҚШ долл. жетті (142 шығарылым), бұл ретте 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жиынтық көлем 241,5 млрд АҚШ долл. құрады, бұл борыштық нарықтың таңбаланған облигацияларының жиынтық көлемінің шамамен 5%-ын құрады.

Орталық Азияда орнықты қаржыландыруды дамыту

Жасыл қаржы орталығы бүкіл өңірде сектордың өсуі мен дамуы үшін қажетті негіз құра отырып, Орталық Азиядағы орнықты қаржыландырудың әдіснамалық орталығы ретінде шешуші рөл атқарады. 2022 жылы Қырғызстан үшін Орнықты қаржыландыру таксономиясының жобасын әзірлеу және сол жылы Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) үшін Модельдік жасыл таксономияны қабылдау жарқын мысалдар ретінде келтіруге болады. Бұл ынта-жігер АХҚО-ның орнықты қаржыландыру қағидаттарын ілгерілетуге және өңірдегі жасыл қаржыландыру саласындағы бастамаларды дамыту жөніндегі бірлескен күш-жігерге жәрдемдесуге бейілділігін көрсетеді.

2021 жылдан бастап ЖҚО «Белдеу және жол» бастамасы (GIP) шеңберінде Жасыл инвестициялар қағидаттарының өңірлік кеңсесі ретінде өз рөлін кеңейтті. Біріншіден, орталық өңірдегі банктерге ESG қағидаттарына сәйкес келетін орнықты жобаларды қаржыландыруда белсенді қолдау көрсетеді. Бұл қадам халықаралық инвесторлар үшін тартымдылықты арттыруға бағытталған және әлемдік нарықтарда қолжетімді инвестициялауға ықпал етеді. Екіншіден, орталық өңірлік жасыл жобалар үшін халықаралық капитал нарықтарына жол ашады, осылайша Орталық Азия өңірінде орнықты бастамалардың дамуы мен таралуына ықпал етеді. Орталық Азиядағы GIP мүшелерінің қатарына АХҚО биржасы, «Дос-Кредобанк», «Даму» қоры, бақылаушы ретінде Еуразиялық даму банкі және қолдаушы ұйым ретінде Green Investment Group кіреді.

Бұл жетістіктердің жинала келе ЖҚО-ның өңірде неғұрлым экологиялық саналы әрі жауапты қаржыландыруға негіз жасай отырып, Орталық Азия елдерінде орнықты қаржыландыруды дамытуға елеулі әсерін көрсетеді.

2023 жылы Жасыл қаржы орталығы орнықты қаржыландыру саласындағы реттеуші базаны жетілдіруге одан әрі күш салды:

Қазақстанның жасыл

таксономиясы. ЖҚО экологиялық және әлеуметтік дамуға ықпал ететін жасыл жобалар жіктелесін кеңейту, газ және атом жобаларын өтпелі кезеңдегі жобалар санатына қосу, жасыл ғимараттар үшін өлшемшарттарды кеңейту бөлігінде таксономияның ағымдағы нұсқасына түзетулер енгізуді ұсынды, бұл тұтастай алғанда орталықтың экологиялық орнықты бастамалардың едәуір кең іске асыруға деген ұмтылысын көрсетеді.

Қазақстанда әлеуметтік

қаржыландыруды ілгерілету: ЖҚО ел үкіметімен бірлесіп әлеуметтік таксономия жобасын әзірлеу жөніндегі жұмысты белсенді түрде ілгерілетті. 2024 жылы ресми түрде қабылдануы күтілетін бұл таксономия әлеуметтік салаға жеке инвестициялардың ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік жобалардың кешенді жіктеуіші ретінде қызмет ететін болады.

Қазақстанда жасыл кредиттерді

ілгерілету. 2021-2023 жылдары Қазақстанның он ірі банкі ұсынған жасыл кредиттер нарығының көлемі шамамен 351 млрд теңгені⁸ немесе 2023 жылдың соңындағы банктік кредиттік портфельдің жалпы көлемінің 1,17%-ын құрады. 2014 жылғы деректер бойынша көптеген дамушы және Қытай, Жапония, Италия, БАӘ, Нидерланды, Испания, Гонконг және Германия сияқты дамыған елдер олардың ортақ кредиттеу көлемінің 10%-нан асатын жасыл кредиттердің орташа үлесін көрсетті. Осыған байланысты ЖҚО Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығымен бірлесе отырып, банктер мен түрлі қаржы мекемелері үшін жасыл кредиттер портфелі бойынша ақпаратты ашуға қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа бастамашы болды.

Қазақстанда мемлекеттік жасыл облигациялар шығаруға жәрдемдесу.

ЖҚО Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік жасыл облигацияларды шығаруына жәрдемдесуде маңызды рөл атқарады. Бюджет кодексіне және қабылдануы 2024

жылға жоспарланған тиісті заңға тәуелді актілерге түзетулер ел экономикасын одан әрі орнықты дамыту мақсатында экологиялық таза және төмен көміртекті жобаларды қаржыландыру үшін бағалы қағаздар шығарылуына ықпал етеді.

Жасыл қаржыландыру тетіктері.

Жауапты инвестициялау практикасын дамытуға жәрдемдесу мақсатында АХҚО-ның Ұжымдық инвестициялау схемасының қағидаларына түзетулер енгізіліп, ESG-қор арнайы қорлардың жаңа санаты ретінде көрсетілді. Бұл бастама инвесторларға орнықты даму мен жауапты практикаға басым назар аударатын, сондай-ақ әлеуетті қаржылық пайда мен тәуекелдерді азайтуды ұсынатын компанияларды қолдауға мүмкіндік береді. ЖҚО сондай-ақ Қазақстан үшін жасыл қаржыландырудың ұлттық тетігі тұжырымдамасын әзірлеу бойынша жұмыс істеуде, бұл тетік болашақта Орталық Азияның бүкіл өңіріне қолданылуы мүмкін, ал елдердің үкіметтері, ұлттық даму институттары, сондай-ақ халықаралық қорлар мен көпжақты даму банктері (КДБ) оның әлеуетті қатысушылары бола алады.

ТМҰ жанындағы жасыл қаржы

кеңесі. 2021 жылғы қарашада өткен Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің VIII саммиті барысында Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаев өңірлік жасыл капитал нарығын дамыту мақсатында АХҚО платформасын пайдалану бастамасын көтерді. Осыған байланысты ЖҚО Түркі мемлекеттері ұйымы жанынан мемлекеттік органдармен және ТМҰ-ға қатысушы елдер мен байқаушы елдерде жасыл және орнықты қаржыны дамытуға жауапты мүдделі тараптармен бірлесіп Жасыл қаржы кеңесін құру жөніндегі жұмысқа бастамашылық жасады. Осы кеңесті құру туралы декларацияның жобасы және ЖҚО әзірлеген тиісті тұжырымдама тараптардың бейресми қолдауына ие болды және бүгінгі күні 2024 жылдың соңына дейін Декларацияға қол қоюға дайындық жүргізілуде.

Орнықты қаржыландырудың мүмкіндіктерін кеңейту

ЖҚО орнықты даму қағидаттарына сәйкес келетін жасыл және әлеуметтік сукук – исламдық қаржы құралдары сияқты жаңа қаржы өнімдерін әзірлеу арқылы нарықтың дамуына үлес қосуды жоспарлап отыр. Қаржы өнімдерін осылай әртарапандыру инвесторлардың кеңірек ауқымын тартуға және нарықтың әртүрлі сегменттерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған.

Жасыл қаржыландыру орталығы құрылған сәтінен бастап орнықты қаржыландыру саласында өңірлік көшбасшылыққа қол жеткізу бойынша сенімді реттеуші базаны әзірлеуді және қабылдауды, саланың дамуы және одан әрі өсуі үшін катализатор болған бастамалар мен жобаларды енгізуді қамтитын үлкен жұмыс атқарды.

Көміртегі бейтараптығына жету жолында

АХҚО елдің 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығын қамтамасыз етуге қол жеткізуі жөніндегі міндеттемесіне сәйкес қазақстандық шығарындыларымен сауда жүйесін (ШСЖ) дамытуда шешуші рөл атқарады. АХҚО-ның орнықты қаржыландыру нарығын дамыту бөлігіндегі жинақталған тәжірибесін пайдалана отырып, көміртегі бірліктерін саудалаудың ашық платформа құру және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл бойынша күш салынуда. Қазақстан – дүние жүзіндегі 25 елмен қатар ШСЖ әзірлеп, енгізген Еуразиялық экономикалық одақтағы да, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы да жалғыз мемлекет. АХҚО бастамалары экологиялық таза жобаларға қомақты инвестициялар тарту мақсатында жүйені, оның инфрақұрылымын және баға белгілеу құралдарын қамтуды кеңейтуге бағытталып, осылайша парниктік газдар шығарындыларын азайтуға ықпал етеді.

⁸ ҚР Қаржы нарықтарын реттеу және дамыту агенттігі 2024 ж. 13 ақпанда өткен РwC «Жасыл қаржы: даму, сын-тегеуріндер және Еуразиядағы мүмкіндіктер» конференциясында ұсынған деректер бойынша.

БҰҰ-ның орнықты даму саласындағы мақсаттарына қол жеткізу



- Әлеуметтік қаржыландыру нарығы әлеуметтік облигациялар шығарылымы пайда болғаннан бері өсті. Қазақстанда орналастырылған барлық әлеуметтік облигациялардың шамамен 84% әйелдердің

құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге, гендерлік теңдікке және барлығының қаржылық ресурстарға қол жеткізуіне ықпал ететін гендерлік бастамаларға бағытталған.



- SLB облигацияларының бірінші шығарылымы бойынша инвестициялық міндеттемелер
- Жасыл облигацияларды шығару
- GIP өңірлік кеңсесі шеңберіндегі іс-шаралар

- Жасыл жобаларды субсидиялау бағдарламасы шеңберіндегі бірінші жобаны жүзеге асыру



- Орнықты қаржыландыру нарығын дамыту
- Орнықты қаржыландырудың қолжетімді құралдарының ауқымын кеңейту



- Орнықты қаржыландырудың жаңа өнімдерін (SLB) әзірлеу
- Сыртқы бағалаудың жаңа нысандары (СВІ-дің бірінші сертификаттауы)



- Жасыл қаржы нарығын дамыту
- Қазақстандағы жасыл қаржы нарығы 200 млрд теңгеге жетті
- 2023 жылы Қырғызстан мен Өзбекстанда 5 млн АҚШ долл. сомасына ЖҚО верификациялаған жасыл облигациялар

- Бірінші SLB облигацияларының шығарылымы бойынша инвестициялық міндеттемелер
- АХҚО-ның COP28-ге қатысуы
- Жыл сайынғы Жасыл өсу форумы, Green Finance Awards сыйлығы



- АХҚО - орнықты қаржыландыру нарығын дамыту үшін жұмыс істейтін әлемнің қаржы орталықтарын біріктіретін Орнықты дамудың қаржы орталықтарының (FC4S) мүшесі.

- ЖҚО – «Белдеу және жол» бастамасы аясындағы Жасыл инвестициялар қағидаттарының өңірлік кеңсесі



Исламдық қаржыландыру

Исламдық қаржыландыру АХҚО үшін жоғары өсу әлеуеті мен Орталық Азияда және одан тыс жерлерде мұсылман халқының басым болуының арқасында стратегиялық бағыт болып табылады. Исламдық қаржыландыруға тән әлеуметтік және этикалық стандарттар, әділдік және тәуекелді бөлу қағидаттары олардың тартымдылығын арттырады. Осы мақсатта АХҚО бөлшек және корпоративтік секторларға қызмет көрсететін исламдық қаржы мекемелері үшін қолайлы жағдай жасады. Ислам қаржысының ең жоғары стандарттары мен тәжірибесіне сәйкес келетін қолайлы реттеуші орта қабылданды, бұған АХҚО-ның Исламдық қаржылық қызметтер кеңесі (IFSB), Исламдық қаржы институттарының бухгалтерлік есеп және аудит ұйымы (AAOIFI) және Ислам банктері мен қаржы институттарының бас кеңесі (CIBAFI) сияқты негізгі ұйымдарға мүшелігі дәлел. Мұндай ұйымдарға мүше болу орталықтың ислам қаржысын жаһандық ауқымда ілгерілетуге деген ұмтылысын көрсетеді.

Исламдық қаржыландырудың өсіп келе жатқан экожүйесі

АХҚО реттеу режиміне сәйкес ұйымдарға исламдық банкинг, исламдық қаржыландыру, исламдық сақтандыру және қайта сақтандыру (такафул және ретакафул), исламдық банк ісі, қорларды басқару және акциялар мен сукуктарды қоса алғанда, исламдық бағалы қағаздарды шығару сияқты шарифат қағидаттарын сақтау шартымен исламдық қаржылық қызметтің кең ауқымын жүзеге асыруға рұқсат етілген. Қазіргі уақытта АХҚО-да Катар, Малайзия, Ұлыбритания, АҚШ, Бахрейн және Ресей (Татарстан) сияқты әлемнің әртүрлі елдерінің ислам қаржы компаниялары тіркелген, олардың көпшілігі исламдық қаржыландыру саласында консалтингтік қызметтер көрсетеді. 2023 жылдың сәуір айынан бастап бөлшек және корпоративтік қаржыландыру қызметтерінің кең спектрін ұсынатын Alif ислам банкі де АХҚО жүйесінде тіркелді. АХҚО компанияларға бизнес-өнімдерін сынауға көмектесетін FinTech Lab реттеуші құм жәшігі арқылы қаржылық технологиялар саласындағы исламдық инновацияларға да қолдау көрсетеді. Сондай компаниялардың бірі – Proportunity, шарифат талаптарына сай

инвестициялық өнімдерді ұсынатын краудфандинг платформасы. Сонымен қатар, ислам қаржы нарығына қызмет көрсету үшін құрылған жалғыз рейтингтік агенттік – Халықаралық ислам рейтингтік агенттігі де АХҚО қатысушысы болып табылады.

Нарықтың елеулі әлеуеті

Ислам даму банкінің қолдауымен АХҚО жүргізген зерттеу⁹ Қазақстандағы ислам қаржы өнімдерінің айтарлықтай әлеуетін көрсетеді. Болжалды сұраныс жаңа исламдық депозиттердің көлемі әлеуетті түрде 2,8 трлн теңгеге жетуі мүмкін екенін көрсетеді, бұл банк депозиттерінің ағымдағы портфелінің шамамен 42% құрауы мүмкін. Оның үстіне, исламдық кепілсіз қаржыландыруға сұраныс 1 трлн теңгеге бағаланады, ал ислам ипотекасы мен автокредиттеуге сұраныс тиісінше 1,6 трлн теңгеге және 1,1 трлн теңгеге жетуі мүмкін. Бұл цифрлар мұсылман халқы көбірек тұратын басқа Орталық Азия елдерін есепке алмағанда, тек Қазақстандағы нарықтық мүмкіндіктерді ғана жабады.

Мүмкіндіктерді кеңейту

Кейбір ислам қаржы компаниялары АХҚО-да өз қызметін әлдеқашан жүргізіп, ал Қазақстанның юрисдикциясында бірнеше исламдық

банктер әлдеқашан жұмыс істеп жатқанымен, ислам қаржы нарығы әлі де дамудың ең бастапқы сатысында. Мысалы, Қазақстандағы исламдық банктер жиынтық активтер бойынша елдің банк жүйесінің ішкі нарықтық үлесінің небәрі 0,2%-ын алады және әдетте, тек корпоративтік секторға ғана қызмет көрсетеді және дәстүрлі банктерден өзгеше әртүрлі реттеуші шектеулерге байланысты бөлшек клиенттер мен ШОБ-қа қызмет көрсетпейді.

Ислам қаржы өнімдерін, әсіресе бөлшек сегментте жеткіліксіз ұсынылуы мәселесін шешу үшін, сондай-ақ ислам қаржы компанияларына нарықтық әлеуетті пайдалану мүмкіндігін беру мақсатында АХҚО Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген АХҚО-да жүргізілетін валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтер ұсыну қағидаларына толықтырулар мен өзгерістер енгізді. Түзетулерге сәйкес, АХҚО-да жұмыс істейтін исламдық банктер мен исламдық сақтандыру компаниялары Қазақстан резиденттеріне жеке де және заңды да тұлғаларға өз қызметтерін теңгені қоса алғанда, кез келген валютада

⁹ Ислам қаржысы: Қазақстан нарығын талдау, 2024 жылғы наурыз.

ұсына алады. Өзгерістер АХҚО-да исламдық қаржыландыру қызметтерін тек исламдық банктерге ғана емес, исламдық қаржы ұйымдарына да ұсынуға мүмкіндік береді.

Исламдық қаржы компаниялары үшін ең төменгі жарғылық капиталға қойылатын талаптар да 2024 жылдың қарашасына дейін төмендетілді, мысалы, исламдық банктер үшін – 5 млн АҚШ долл. дейін. Сонымен қатар, АХҚО реттеушісі лицензия берген қаржылық қызметтерді, соның ішінде исламдық банктік, банктік емес қызметтерді, исламдық сақтандыру және қайта сақтандыру компанияларын КТС пен ҚҚС төлеуден босататын Қаржы министрлігінің, Ұлттық экономика министрлігінің және АХҚО-ның бірлескен бұйрығы қабылданды.

Жергілікті эмитенттерге сукук листингінің рәсімдерін жеңілдету мақсатында АХҚО «Даму» қорымен бірлесіп, 2023 жылы кәсіпкерлікті дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы шеңберінде Облигациялар бойынша купондық мөлшерлемелерді субсидиялау қағидаларына исламдық бағалы қағаздар бойынша купондық мөлшерлемелерді субсидиялауға, бизнес үшін қаржыландыру мүмкіндіктерін кеңейту мен исламдық және дәстүрлі бағалы қағаздар арасындағы паритетті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзгерістер енгізді. АХҚО исламдық қаржы құралдарын одан әрі дамытуды қолдайды – 2023 жылы АХҚО қатысушылары ITS және Sahih Invest, шариғат талаптарына сәйкес келетін және ITS-те айналымдағы

капиталдандыру бойынша 30 ең ірі компанияның акцияларын қамтитын ITS Shariah Index шариғат индексін іске қосты.

АХҚО Орталық Азия, ЕАЭО, Кавказ, Моңғолия, Батыс Қытай және Шығыс Еуропа елдеріне қызмет көрсететін жетекші ислам қаржы орталығына айналуы мақсат етеді. Қызметтер ауқымын кеңейтіп және осы саладағы халықаралық стандарттарға толық сәйкес болып, АХҚО исламдық қатысушыларды көбірек тартуға және тиісінше инвестицияларды тартуға, сол арқылы өңірдегі экономикалық өсуді және қаржылық инклюзивтілікті қолдауға ықпал етеді.

Alif Islamic Bank

Alif ислам банкі 2022 жылдан бастап АХҚО-да жеке де және корпоративтік те клиенттерге исламдық банк қызметтерін ұсынып, кіріске шектеулі қатысатын инвестициялық шоттарды қосымша басқарады және төлемдер мен аударымдарды қоса алғанда, ақша қызметтерін ұсынады, сондай-ақ жеке тұлғалар үшін де, кәсіпорындар үшін де банктік шоттарды ашуға және жүргізуге көмектеседі. Банктің АХҚО-да жұмыс істеу туралы шешіміне исламдық қаржыландырудың жақсы дамыған құқықтық және реттеуші базасы мен осы секторды ілгерілетуге стратегиялық көңіл бөлу себеп болды.

Alif ислам банкі өзінің барлық операцияларында берік беделін

сақтайды, мұны 2023 жылы АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетулі реттеу жөніндегі комитетінен алған Жақсы бедел туралы сертификат дәлелдейді.

Жылдың соңында банктің бөлшек және корпоративтік сегменттердегі жобаларының жалпы портфелі озық цифрлық шешімдерді қолдану арқасында 2,7 млрд теңгеден асты. Өткен жылы компания сондай-ақ айтарлықтай өсім көрсетті – банктің акционерлік капиталы 300%-дан астамға ұлғайды.

2021 жылдың соңында АХҚО мен Ұлттық банктің Қазақстанның валюталық реттеу қағидаларына қол қоюы исламдық қаржыландыру индустриясы үшін бетбұрыс болды, өйткені АХҚО-да банк үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды. Атап айтқанда, олар исламдық банктерге

Қазақстанның коммерциялық банктерінде корреспонденттік шоттар ашуға және оларды нақты мәмілелерді жасасу үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жақындағы түзетулер банктің іскерлік операцияларын одан әрі кеңейту үшін пайдалы деп танылды.

АХҚО-мен серіктестікте банк ислам қаржысын ілгерілетуге және тұтастай алғанда саланың тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар жаһандық нарықтарда өсуі мен дамуына ықпал етуге ұмтылады.



Финтех және инновациялар

Қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту мақсатында 2018 жылдан бастап АХҚО-да компаниялар белгілі бір уақыт аралығында жеңілдетілген реттеу режимінде инновациялық қаржы өнімдері мен қызметтерін сынай алатын бейімделген ортасы бар Орталық Азиядағы осындай бірінші реттеуші құм алаңы – FinTech Lab жұмыс істейді. Бүгінгі таңда мұндай алаңдар әлемнің 30-дан астам елінде жұмыс істейді.

Сұранысқа ие сынақ ортасы

FinTech Lab өзінің қызметін бастағаннан бері бүкіл әлемдегі қаржылық новаторлар үшін сұранысқа ие алаңға айналды: АХҚО құм алаңына қатысуға 300-ден астам өтінім алды, ал «жасыл тізімге» қазір саудалауға мақұлданған 106 цифрлық актив кіреді. Бұл үн қату АХҚО-ның өңірлік нарықтағы жетекші ойыншы ретіндегі орнын одан әрі нығайта отырып, қаржылық технологиялар саласындағы инновациялар орталығы ретінде танылуының артып келе жатқанын көрсетеді.

Құм алаңының алғашқы түлектері және краудфандинг платформаларының өсуі

Соңғы жылдары АХҚО-да краудфандинг платформалары санының артқанын байқалады – FinTech Lab краудфандинг қызметіне 10 лицензия берді, ал төрт платформа өздерінің бизнес-модельдерін сынақтан өткізуде. 2023 жылы екі жыл бойы құм жәшігінде болған iKapitalist краудфандинг платформасы АХҚО Комитетінің толық қадағалауына алынған алғашқы лицензияланған қатысушы болды.

Осы жылдар ішінде АХҚО краудфандинг платформалары ақпараттық технологиялар, құрылыс, сауда, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету, өндіріс және машина жасау сияқты әртүрлі секторларды қамтитын 300-ден астам жобаны 37 млн АҚШ долл. асатын сомаға қаржыландырды. Бұл кең таралған қызығушылық краудфандингтің экономикалық дамудағы, қаражатты қайта бөлу мен шағын және орта бизнесті қаржыландырудағы рөлін ерекше көрсетеді.

Осы уақыт ішінде краудфандингтік компаниялар АХҚО-ның қаржылық қызметтері индустриясында қалыптасқан бизнес-модель ретінде өздерінің мәртебесін көрсетті. FinTech Lab ортасында сынаудың осы кезеңінен кейін AFSA краудфандинг қызметіне арналған FinTech Lab шектеулі ортасында краудфандинг қызметіне сынақсыз өтінім беруге мүмкіндік беретін кешенді реттеуші базаны қабылдады.

Цифрлық активтер саласында табысты пилоттық жоба негізінде әзірленген реттеуші орта

2022 жылы Қазақстан Ұлттық Банкі, ҚНРДА, ЦДИАӨМ, ҚМА, ҚҚК және АХҚО Комитеті АХҚО криптобиржалары мен қазақстандық ЕДБ-ның өзара іс-қимылы жөніндегі Пилоттық жобаны іске қосты. Жобаның негізгі мақсаты бөлшек және кәсіби инвесторлардың құқықтарын қорғау үшін қамтамасыз етілмеген цифрлық активтермен сауда жасауға арналған реттеуші ортаны құру болды.

Жобаға жіберілген АХҚО-ның алты криптобиржасы (Binance Қазақстан, Biteeu Eurasia Ltd., Top Line Limited, Upbit Eurasia Ltd., Bybit Limited және ATAIX Eurasia Ltd) сегіз қазақстандық банктің (Halyk Bank, Altyн Bank, Zaman Bank, Freedom Bank, Eurasian Bank, Bereke Bank, Nurbank және Bank CenterCredit) көмегімен фиат транзакцияларын орындаудың белсенді кезеңін бастады.

Пилоттық жоба кезінде транзакциялар көлемі рекордтық 240 млн АҚШ долл. жетті, транзакциялар саны 53 000-нан астам клиенттің қатысуымен 63 000-нан асты. Пилоттық жоба кезеңі барысында сауда үшін барлығы 67 цифрлық актив мақұлданды.

Пилоттық жобаның нәтижелері:

Жалпы айналым 240 млн АҚШ долл.
63 000 транзакция
53 000 клиент

Цифрлық активтерге қолайлы реттеу режимін орнататын Орталық Азиядағы

1-ші

платформа.

Заңнамалық деңгейде цифрлық экожүйені кешенді дамыту шеңберінде АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетіне қаржы орталығының аумағында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді (криптовалюталарды) шығару, орналастыру және айналымы тәртібін белгілеу бойынша құқықтық өкілеттіктер берілген. Бұл ретте ҚР аумағында (АХҚО аумағын қоспағанда) қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің майинингін қоспағанда, олардың айналымына және шығарылымына тыйым салынған.

Краудфандинг платформалары арқылы 37 млн АҚШ долл. сомасына 300 жоба қаржыландырылды.

Пилоттық жобаның қорытындысы бойынша АХҚО Комитеті қазақстандық реттеуші органдармен бірлесе отырып және жоба барысында алынған ақпарат негізінде АХҚО-ның лицензияланған субъектілерінің кең ауқымы мен қазақстандық коммерциялық банктер арасындағы өзара іс-қимылды жақсарту үшін кешенді қағидаларды әзірледі. Жаңа қағидалар «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді және ол анағұрлым ашық және тұрақты реттеуші ортаға алып келеді деп күтілуде. Қағидалардың негізгі мақсаты – инвесторлардың мүдделерін қорғау, сондай-ақ криптобиржалар, активтер мен қорларды басқарушылар, брокерлік

және кастодиандық компаниялар және т.б. кіретін ұйымдардың анағұрлым озық талаптарды ұстанатындығына кепілдік беру.

Бастама АХҚО экожүйесінде цифрлық активтермен қызмет үшін сенімді реттеу режимін құру, инвесторлардың сенімін нығайту және қазақстандық цифрлық активтер нарығының өсуіне ықпал ету жолындағы елеулі маңызды қадам болып табылады. Қағидалар қолданыстағы Цифрлық активтермен қызмет туралы қағидалар жинағын толықтырады және 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне еніп, Қазақстан мен АХҚО-дағы цифрлық активтер секторында дамудың жаңа кезеңін ашады.

Криптобиржалар санының өсуі

Әлемдік деңгейдегі инфрақұрылымы және сенімді реттеу режимінің арқасында АХҚО Binance, BitFinex және Bitfury сияқты ірі ойыншылар қатысатын, сондай-ақ Bybit және BigOne сияқты танымал платформаларды лицензияланатын блокчейн технологиясының орталығына айналды. Сонымен қатар, BlockchainKZ қауымдастығы мен мамандандырылған IT-консалтингтік фирмаларын құру блокчейн секторындағы АХҚО мәртебесін одан әрі нығайтты. АХҚО-ға жаһандық криптобиржалардың келуі КҮС («Клиентіңізді біліңіз») және КҮТ («Өз транзакцияңызды біліңіз») сияқты кәсіби қызмет жеткізушілерінің келуіне де ықпал етті.

BigONE

2017 жылы негізі қаланған BigONE компаниясы – цифрлық активтерге арналған шешімдердің жаһандық жеткізуші, ол Оңтүстік-Шығыс Азияда, Латын Америкасында және басқа өңірлерде қызметін жүргізеді. Компания маркетинг, инвестициялар, сондай-ақ блокчейн-технологиялары саласындағы зерттеулер мен әзірлемелерді қамтитын бірқатар қызметтерді ұсынуға маманданады.

2023 жылы АХҚО-да тіркелу туралы шешімге Англия мен Уэльс құқығының қағидаттарына негізделген АХҚО-ның сенімді құқықтық базасы көп әсер етті. Халықаралық деңгейде танылған

құқықтық стандарттарды сақтану, тәуелсіз АХҚО сотының болуы цифрлық активтердің саудасы мен кастодиандық қызметтерді көрсету бойынша қауіпсіз және ашық ортаны қамтамасыз етеді. Заң ашықтығы мен қатысушылардың құқықтарын қорғау BigONE-ның АХҚО-да жұмыс істеу үшін таңдаудың шешуші факторлары болды.

BigONE-ның АХҚО лицензиясын алуы оның қызметі үшін берік құқықтық негіз бере отырып, компанияның дамуындағы маңызды кезең болып табылады. Бұған қоса, АХҚО-ның инновациялар мен қаржылық технологияларға деген бейілділігі BigONE-ға









озық шешімдерді пайдалануға мүмкіндік берді, осылайша оның цифрлық активтердің қарқынды дамып жатқан әлемінде бәсекеге қабілеттілігін арттырды.

АХҚО-да өз қызметін бастау арқылы компания өз бизнесін масштабтауға, клиенттердің санын арттыруға және жақсы қаржылық көрсеткіштерге үміттенеді. Болашақта компания өзінің өркендеуі үшін АХҚО цифрлық активтерінің қолайлы экожүйесін пайдалануды жоспарлап отыр.



Корпоративтік басқару

Ұйымдық құрылым

| | | | |
|---|---|--|---|
| АХҚО органдары |  Authority | АХҚО әкімшілігі – Орталықтың даму стратегиясын әзірлеуге және қаржылық қызметтерді реттеуге қатысы жоқ мәселелер бойынша АХҚО актілерін әзірлеуге жауапты орган. Орталықтың әлемдік нарықтармен интеграциясы аясында | АХҚО әкімшілігі халықаралық қаржы орталықтарымен, институттармен және инвестициялық компаниялармен байланыс орнатады. |
| |  AFSA | АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті – қаржылық және нарықтық қызметтің барлық түрлерінің, қосалқы қызметтердің интеграцияланған реттеушісі, | сондай-ақ Орталықтың қатысушыларын тіркейді. Комитеттің миссиясы – АХҚО-дағы қаржы жүйесінің, капитал нарығының әділ және ашық жұмысын қамтамасыз етуде. |
| |  Court | АХҚО соты – Орталықтағы коммерциялық дауларды шешу жөніндегі сот органы. Сот жалпы құқық саласындағы он бір жоғары білікті судьядан және Тіркеушіден тұрады, коммерциялық | дауларды шешу кезінде айрықша юрисдикцияға ие (қылмыстық немесе әкімшілік даулар бойынша юрисдикциясы жоқ). |
| |  IAC | Халықаралық төрелік орталығы АХҚО-да азаматтық және коммерциялық дауларды шешу үшін халықаралық жоғары стандарттар негізінде әрекет ете отырып, сот | талқылауына тәуелсіз балама ұсынады. ХТО алқасына 41 беделді халықаралық төреші мен медиатор кіреді. |
| | АХҚО ұйымдары |  AIEX | АХҚО биржасы (Astana International Exchange) бизнес пен инвесторлар үшін инновациялық өнімдер мен қызметтерді ұсыну арқылы Орталық |
|  GFC | | Жасыл қаржы орталығы жасыл және орнықты қаржыландыру құралдарын пайдалану, сондай-ақ мемлекеттік және жеке секторларға стратегиялық консультациялар | беру арқылы Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия өңірі экономикасының орнықты даму жобаларына инвестициялар тарту мақсатында құрылған. |
|  Tech | | АХҚО Тех Хабы АХҚО-ның негізгі бизнес-бағыттарында табысқа жетуін қамтамасыз ету үшін инновациялық технологияларды пайдалануды, сондай-ақ Қазақстанның инновациялық технологиялар саласында өңірлік көшбасшы болып | қалыптасуына жәрдемдесу үшін қаржы институттарын, технологиялық серіктестерді, финтех-компанияларды және инвесторларды біріктіретін экожүйені дамыту мақсатын көздейді. |
|  Academy | | А-PRO академиясы АХҚО экожүйесінде және одан тысқары жерлерде үзіліссіз даму, кәсіби қоғамдастықтарды қалыптастыру және қолдау, қолжетімді сараптама | және нарық мамандарының ашық диалогы үшін цифрлық білім беру платформаларын құру арқылы адами капиталды дамытуға жәрдемдеседі. |

АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес

АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес – Қазақстан Республикасының Президенті басқаратын тұрақты әрекет ететін алқалы орган, АХҚО-ның ең жоғарғы басқару органы. Кеңес АХҚО-ны дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындайды және АХҚО-ның жетекші халықаралық қаржы орталығы ретінде қалыптасуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді. Кеңестің құзыретіне АХҚО актілерін қабылдау, Орталық органдарының құрылымын айқындау, АХҚО-ның қызметі туралы жылдық есепті бекіту және т.б. кіреді. Кеңестің құрамы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітіледі және мемлекеттік қызметшілер мен халықаралық сарапшылардан тұрады.



Қасым-Жомарт Тоқаев

Төраға,
Қазақстан Республикасының
Президенті



Олжас Бектенов

Төрағаның орынбасары,
Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Тәуекел-менеджменті және ішкі аудит

АХҚО тәуекелдерді басқару жүйесі тәуекел-менеджменттің жоғары мәдениетіне негізделеді, ол барлық маңызды тәуекелдерге мониторинг жүргізудің міндетті рәсімдерін, сондай-ақ оларды азайту бойынша уақтылы және барабар шараларды қабылдауды көздейді. Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге, операциялық міндеттерді жүзеге асыруға және компанияның беделіне әсер ететін жағымсыз факторларды барынша азайту мақсатында АХҚО әкімшілігі тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін енгізді және тәуекелдерді басқарудың халықаралық танылған стандартына сәйкес (COSO Enterprise Risk Management және ISO 31000: 2018 Risk Management) тәуекелдерді басқару процесін реттейтін тиісті ішкі құжаттарды бекітті. Әрбір АХҚО ұйымының директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуіне, оның ішінде оның тиімді ұйымдастырылуына, комплаенс-бақылауды қамтамасыз етуге және тәуекел дәрежесінің қолайлы шекараларын анықтауға жауапты.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы

АХҚО-ның тәуекелдерді басқару жүйесі келесі ішкі құжаттармен реттеледі:

- Тәуекелдерді басқару саясаты тәуекелдерді басқару процесінің қағидаттарын анықтауды, тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтерін сипаттауды және мүдделі тараптардың рөлдері мен міндеттерін айқындауды қамтиды.
- Тәуекелдерді басқару рәсімдері тәуекелдерді басқару процестерінің сипаттамасын және тәуекелдерді басқару процесіне қатысатын негізгі құралдарды анықтауды қамтиды.

Тәуекелдерді басқару моделі

АХҚО әкімшілігінің тәуекелдерді басқару моделінде орындау үшін командалар тізбегін, есептерді талдау шекараларын қадағалау, рөлдер мен міндеттерді бөлу ұйғарылған. Басқару моделі стратегиялық пайымдау үшін «жоғарыдан төменге» және әрбір құрылымдық бөлімше жүргізетін операциялық бағалау үшін «төменнен жоғарыға» қағидаттары бойынша ұйымдастырылған. Жоғарғы басшылық жоғары деңгейдегі де, маңызды деп санайтын кез келген деңгейдегі де тәуекелді талқылауға қатысады.

Мұндай құрамдас тәсіл анықталған барлық релеванттық тәуекелдерді анықтайды және басқаруға мүмкіндік береді. АХҚО әкімшілігінің тәуекелдерін басқарудағы негізгі мүдделі тараптар:

- Директорлар кеңесі – тәуекелдерді басқару жүйесін қадағалайды, Саясатты бекітеді және тәуекелдерді басқару бойынша мерзімді есептерді қарайды.
- Аудит және тәуекелдер комитеті – Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеуді қоса алғанда, тәуекелге қатысты мәселелер жөнінде консультациялар береді.
- Басқарма – тәуекелдерді басқару жүйесін енгізеді, тәуекелдерді басқару жөніндегі мерзімді есептерді қарайды және бекітеді, Тәуекелдерді басқару жөніндегі жоспарлардың орындалуын бақылайды.
- Тәуекелдер иелері (құрылымдық бөлімшелердің басшылары) – олардың құрылымдық бөлімшелері/ функциялары тап болатын тәуекелдерді басқарады, бизнес-мақсаттарға қол жеткізуге әсер етуі ықтимал тәуекелдерді анықтайды және бағалайды, күнделікті қызметте бақылау рәсімдерін әзірлеу және орындау арқылы тәуекелдерді басқарады және бақылайды.

Ішкі аудит процесі

Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) АХҚО әкімшілігі Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетіне есеп береді. ІАҚ қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, АХҚО әкімшілігінің ішкі құжаттарымен және ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарымен реттеледі.

ІАҚ қызметі Аудит және тәуекелдер комитетіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге жүйелі тәсілді қолдану арқылы тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін тәуелсіз және дұрыс ақпарат беруге бағытталған.

ІАҚ жылдық аудит жоспарына сәйкес қызметті жүзеге асыру үшін мынадай міндеттерді орындайды:

- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқаруға қолданылатын құралдардың сенімділігі мен тиімділігін бағалау
- Ресурстарды қолдану өнімділігі мен нәтижелілігін бағалау
- АХҚО талаптарына сәйкес корпоративтік басқарумен, тәуекелдерді басқарумен және бақылаумен байланысты консультациялық қызметтер.

Аудит және тәуекелдер комитеті келесі мәселелерді қарайды:

- Ішкі аудит туралы есеп;
- Ішкі аудиттің аралық есептері, оның ішінде тексеріс нәтижелері бойынша елеулі қорытындылар, сондай-ақ ішкі аудиторлардың ұсынымдарының орындалуын мониторингтеу;
- Ішкі аудит жоспары және оған өзгерістер.

Этикалық мәдениет

АХҚО АХҚО-ның Этика кодексінде жазылған іскерлік этиканың ең жоғары стандарттары мен қағидаттарын ұстанады. Кодекстің халықаралық стандарттар мен үздік озық тәжірибелерге сәйкестігін Ұлыбританияның іскерлік этика институты растады.

Кодекс АХҚО-ның жоғары этикалық стандарттарға сәйкес бизнес жүргізуге бейілділігін көздейді және этикалық шешімдер қабылдау үшін басты ақпарат көзі. Кодекс мүдделі тараптар, нарық, қауымдастық және компаниямен өзара қарым-қатынаста этикалық нормалардың сақталуын қарастырады, сондай-ақ АХҚО ұстанатын бизнес жүргізудің құндылықтары мен қағидаттарын анықтайды. Кодекс құпиялылық, мүдделер қайшылығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл сияқты маңызды мәселелерді де қозғайды.

Кодекстің ережелері:

- АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңесті, АХҚО сотының Төрағасын, судьяларын, Тіркеушісін, сондай-ақ Халықаралық төрелік орталығының Төрағасын, төрешілерін және Тіркеушісін қоспағанда, АХҚО органдарына;
- АХҚО-ның Этика кодексіне сәйкес келетін дербес Тәртіп кодексін қабылдаған АХҚО биржасын қоспағанда, АХҚО ұйымдарына қолданылады.

АХҚО-ның негізгі құндылықтары және бизнесті жүргізу қағидаттары

Жауапкершілік

Біз өз шешімдеріміз бен олардың салдарына, қабылдаған міндеттемелеріміз, әрекеттеріміз бен олардың нәтижелері үшін жауаптымыз.

Жоғары моральдық құндылықтарды ұстану

Біздің адалдығымызға, әділдігімізге және ашықтығымызға сенімді болғандықтан бізге сенеді. Біз іскерлік қажеттіліктерімізді және біз жұмыс істейтін барлық адамдардың мүддесін қанағаттандыратын объективті шешімдер қабылдауға міндеттенеміз.

Болашаққа бағдар

Біз көреген болуға тырысамыз және әрқашан өз іс-әрекетімізді бірнеше қадам алға жоспарлаймыз.

Ынтымақтастық

АХҚО-ның бүкіл қоғамдастығы масштабындағы тігінен де, көлденеңінен де тиімді әрі нәтижелі қарым-қатынаспен ұштасқан командалық жұмыс.

АХҚО кешені

С4 павильоны:
АХҚО
қатысушылары
мен серіктестері

С3 павильоны:
АХҚО органдары
мен ұйымдары

 Court  IAC

 AFSA  TechHub  Academy

 Authority  Expatriate Centre  GFC



АХҚО байланыс деректері:

 Authority

authority.aifc.kz/en
info@aifc.kz

 AFSA

afsa.aifc.kz/en
info@aifc.kz

 Court

court.aifc.kz/en
info@aifc-court.kz

 IAC

iac.aifc.kz/en
info@aifc-iac.kz

 ASTANA
INTERNATIONAL
EXCHANGE

aix.kz
market@aix.kz

 Expatriate Centre

expatcentre.aifc.kz/en
expat@aifc.kz

Глоссарий

| | |
|----------|---|
| ADX | Әбу-Даби қор биржасы |
| AFSA | Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитет |
| AIX | АХҚО биржасы |
| AIX CSD | АХҚО биржасының Орталық депозитарийі |
| BHB | Бахрейн қор биржасы |
| BRI | «Белдеу және жол» бастамасы |
| BRM | «Белдеу және жол» AIX биржалық сегменті |
| CBI | Климаттық облигациялар бастамасы |
| CDP | Көміртегі есептілігі жобасы |
| CIBAFI | Ислам банктері мен қаржы институттарының бас кеңесі |
| DIFC | Дубай халықаралық қаржы орталығы |
| ESG | Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару |
| ESMA | Еуропалық бағалы қағаздар мен нарықтар басқармасы |
| ETN, ETF | Биржалық ноталар, биржалық қорлар |
| FATF | Ақшаны жылыстатумен күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы |
| FC4S | Орнықты дамудың қаржы орталықтары |
| FTSE | Financial Times Stock Exchange қор индексі |
| GFCI | Қаржы орталықтарының жаһандық индексі |
| GGFI | Жасыл қаржының жаһандық индексі |
| GIP | Жасыл инвестициялар қағидаттары |
| GSS | Жасыл, әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары |
| GSS+ | Жасыл, әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамумен байланысты облигациялар және т.б. |
| GRI | Есептілік жөніндегі жаһандық бастама |
| IAIS | Халықаралық сақтандыруды қадағалау органдарының қауымдастығы |
| ICMA | Капитал нарықтарының халықаралық қауымдастығы |
| ISDA | Халықаралық своптар және деривативтер қауымдастығы |
| ISO | Халықаралық стандарттау ұйымы |
| ISSB | Халықаралық орнықты даму стандарттары жөніндегі кеңес |
| IFSB | Ислам қаржысы қызметтері жөніндегі кеңес |
| IOSCO | Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы |
| IPO | Бастапқы жария орналастыру |
| IT | Ақпараттық технологиялар |
| KASE | Қазақстан қор биржасы |
| KYC | Клиентіңізді біліңіз |
| KYT | Өз транзакцияңызды біліңіз |
| MENA | Таяу Шығыс және Солтүстік Африка елдері |
| MMoU | Өзара түсіністік туралы меморандум / Өзара түсіністік туралы көпжақты меморандум |

| | |
|----------------|--|
| MSCI | Morgan Stanley Capital International қор индексі |
| MSX | Маскат бағалы қағаздар нарығы |
| MTF | Көпжақты сауда алаңы |
| REMS | АХҚО биржасының өңірлік акциялар нарығы сегменті |
| REIT | Жылжымайтын мүліктің инвестициялық қоры |
| SASB | Орнықты даму саласындағы есепке алу стандарттары жөніндегі кеңес |
| SLB | Орнықты дамумен байланысты облигациялар |
| SPO | Қайталама жария орналастыру |
| TABYS | Бөлшек инвесторларға арналған мобильді қосымша |
| ҚНРДА | Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі |
| ҚҚҚ | Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы |
| ҚМА | Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігі |
| ЕДБ | Екінші деңгейлі банктер |
| ЖІӨ | Жалпы ішкі өнім |
| ЖЭК | Жаңартылатын энергия көздері |
| ЖДҚ | Жаһандық депозитарлық қолхаттар |
| EAT | Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ |
| ЕАЭО | Еуразиялық экономикалық одақ |
| АХҚО комитеті | АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті |
| КТС | Корпоративтік табыс салығы |
| ХТО | Халықаралық төрелік орталығы |
| ХВҚ | Халықаралық валюта қоры |
| ШОБ | Шағын және орта бизнес |
| АХҚО / Орталық | «Астана» халықаралық қаржы орталығы |
| ҚҚС | Қосымша құн салығы |
| КТС | Корпоративтік табыс салығы |
| БҰҰ | Біріккен ұлттар ұйымы |
| ТМҰ | Түркі мемлекеттерінің ұйымы |
| ЭЫДҰ | Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы |
| ТШИ | Тікелей шетелдік инвестициялар |
| ҚКК | АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесі |
| АЖ/ТҚҚ | Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл |
| ІАҚ | Ішкі аудит қызметі |
| ТМД | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы |
| ШСЖ | Шығарындыларды саудалау жүйесі |
| ФАТФ | Ақшаны жылыстатумен күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы |
| Орталық Азия | Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан |
| ЖҚО | Жасыл қаржы орталығы |
| БҰҰ ОДМ | Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму мақсаттары |
| ТСФД | Климатқа байланысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі арнайы жұмыс тобы |
| UKLA | Ұлыбританияның листинг жөніндегі басқармасы |

 **AIFC**
MANAGEMENT COUNCIL


**ASTANA INTERNATIONAL
EXCHANGE**

| | | | | | | | | | | | |
|--|----------------|-------------------------------|-----------------|--------------------|----------------|----------------|----------------|----------------------|--|-----------|--|
| NUMBER OF TRADES: 19 | | Astana International Exchange | | MARKET STATE: OPEN | | VOLUME: 41144 | | NUMBER OF TRADES: 19 | | Astana In | |
| IXT | IXD | IXY | KSPI | BCCGF | FIPO | CHFH-1223 | HCKZ1.012 | | | | |
| 6.13 | 9.57 | 8.71 | 80.29 | 101.75 | 35.15 | 100.00 | 93.13 | | | | |
| ▲ 0.00 (0.00%) | ▲ 0.00 (0.00%) | ▲ 0.00 (0.00%) | ▲ 1.04 (1.31%) | ▲ 0.00 (0.00%) | ▲ 0.00 (0.00%) | ▲ 0.00 (0.00%) | ▲ 0.00 (0.00%) | | | | |
| 11:30 Opening Auction / Continuous Trading | | | 16:45 Pre-close | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |

